

ISSN 2224-5294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Қазақстан Республикасының
педагогикалық университетінің

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
Abay Kazakh National
Pedagogical University

**SERIES
OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

3 (331)

MAY – JUNE 2020

PUBLISHED SINCE JANUARY 1962

PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

ALMATY, NAS RK

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА құрметті мүшесі

Балықбаев Т.О.

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Баймұратов У.Б.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Есім Г.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қирабаев С.С.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қошанов А.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нәрібаев К.Н.** (бас редактордың орынбасары); филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сәбікенов С.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сүлейменов М.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сатыбалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Әбжанов Х.М.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбусейтова М.Х.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Байтанаев Б.А.**; филол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жақып Б.А.**; фил. ғ. докторы, проф., академик НАН РК **Қалижанов У.К.**; филол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қамзабекұлы Д.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қожамжарова Д.П.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қойгелдиев М.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Құрманбайұлы Ш.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таймағанбетов Ж.К.**; социол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Шәукенова З.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Дербісәлі А.**; саяси ғ. докторы, проф., **Бижанов А.К.**, тарих ғ. докторы, проф., **Кабульдинов З.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қажыбек Е.З.**

Р е д а к ц и я к ең с е с і:

Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Белостечник Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Велиханлы Н.** (Азербайжан); Тәжікстан ҰҒА академигі **Назаров Т.Н.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рошка А.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Руснак Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Муратов Ш.** (Әзірбайжан); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Сафарова З.** (Әзірбайжан); эк. ғ. докторы, проф. **Василенко В.Н.** (Украина); заң ғ. докторы, проф. **Устименко В.А.** (Украина)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы».

ISSN 2224-5294

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 30.04.2010 ж. берілген № **10894-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 500 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28; 219, 220 бөл.; тел.: 272-13-19, 272-13-18
<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2020

Типографияның мекенжайы: «NurNaz GRACE», Алматы қ., Рысқұлов көш., 103.

Главный редактор

Почетный член НАН РК

Т.О. Балыкбаев

Редакционная коллегия:

докт. экон. н., проф., академик НАН РК **У.Б. Баймуратов**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **Г.Е. Есим**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **С.С. Кирабаев**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **А.К. Кошанов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **К.Н. Нармбаев** (заместитель главного редактора); докт. филос. н., проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **С.Н. Сабикенов**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **М.К. Сулейменов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Х.М. Абжанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.Х. Абусейтова**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Б.А. Байтанаев**; докт. фил. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Жакып**; докт. филол. н., проф., академик НАН РК **У.К. Калижанов**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **Д. Камзабекулы**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Д.П. Кожамжарова**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **М.К. Койгельдиев**; докт. филол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ш. Курманбайулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.К. Таймаганбетов**; докт. социол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **З.К. Шаукенова**; докт. филол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **А. Дербисали**; доктор политических наук, проф., **Бижанов А.К.**; доктор ист. наук, проф., **Кабульдинов З.Е.**; доктор филол. н., проф., член-корр. НАН РК **Қажыбек Е.З.**

Редакционный совет:

академик НАН Республики Молдова **Г. Белостечник** (Молдова); академик НАН Азербайджанской Республики **Н. Велиханлы** (Азербайджан); академик НАН Республики Таджикистан **Т.Н. Назаров** (Таджикистан); академик НАН Республики Молдова **А. Рошка** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **Г. Руснак** (Молдова); чл.-корр. НАН Азербайджанской Республики **Ш. Мурадов** (Азербайджан), член-корр. НАН Азербайджанской Республики **З. Сафарова** (Азербайджан); докт. экон. н., проф. **В.Н. Василенко** (Украина); докт. юр. н., проф. **В.А. Устименко** (Украина)

Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук.

ISSN 2224-5294

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан № **10894-Ж**, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность 6 раз в год.

Тираж: 500 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28; ком. 219, 220; тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2020.

Адрес типографии: «NurNaz GRACE», г. Алматы, ул. Рыскулова, 103.

Chief Editor

Honorary member of NAS RK

Balykbayev T.O

Editorial board:

Doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Baimuratov U.B.**; doctor of philosophy, prof, academician of NAS RK **Esim G.E.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kirabayev S.S.**; doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Koshanov A.K.**; doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Naribayev K.N.** (deputy editor-in-chief); doctor of philosophy, prof, academician of NAS RK **Nyissanbayev A.N.**; doctor of law, prof, academician of NAS RK **Sabikenov S.N.**; doctor of law, prof, academician of NAS RK **Suleymenov M.K.**; doctor of economy, prof, academician of NAS RK **Satybaldin S.S.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Abzhanov H.M.**; doctor of history, prof, corresponding member of NAS RK **Abuseitova M.H.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Baitanaev B.A.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Zhakyp B.A.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kalizhanov U.K.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Hamzabekuly D.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Kozhamzharova D.P.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Koigeldiev M.K.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Kurmanbaiuly Sh.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Taimaganbetov J.K.**; doctor of sociology, prof, corresponding member of NAS RK **Shaukenova Z.K.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Derbisali A.**; doctor of political science, prof **Bizhanov A.K.**; doctor of History, prof **Kabuldinov Z.E.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Kazhybek E.Z.**

Editorial staff:

Academician NAS Republic of Moldova **Belostechnik.G** (Moldova); Academician NAS Republic of Azerbaijan **Velikhanli N.** (Azerbaijan); Academician NAS Republic of Tajikistan **Nazarov T.N.** (Tajikistan); Academician NAS Republic of Moldova **Roshka A.** (Moldova) Academician NAS Republic of Moldova **Rusnak G.** (Moldova); Corresponding member of the NAS Republic of Azerbaijan **Muradov Sh.** (Azerbaijan); Corresponding member of the NAS Republic of Azerbaijan **Safarova Z.** (Azerbaijan); Associate professor of Economics **Vasilenko V.N.** (Ukraine), Associate professor of Law **Ustimenko V.A.** (Ukraine)

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Humanities.
ISSN 2224-5294

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty).

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan N **10894-Ж**, issued 30.04.2010.

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 500 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2020

Address of printing house: «NurNaz GRACE», 103, Ryskulov str, Almaty.

Т.Ә. Әпендиев

PhD, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ЖФК, Алматы, Қазақстан.

E-mail: timur.apendiev@mail.ru

КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС

Аннотация. Қазақстанның қазіргі саяси жағдайы мен ұлттық идеяның дамуы жолында, ел тірегін бекем етуде қазақ мемлекеттілігінің тарихы маңызды болатыны сөзсіз. Ендігі кезекте тарихи сананы терең қалыптастыру жолында тарихты түгендеп, оның кемшін тұстарын толықтырып, дұрыс жазу, терең және шынайы зерттеу, қашан да болмасын, ғылымның міндеті саналған. Еліміз егемендікке қол жеткізген соң, мемлекеттің басты идеологиялық құралы болатын тарих ғылымына баса назар аударылды. Жаңа ғылыми ізденістерге жол ашылды. Кеңестік кезеңде жабық болып келген тақырыптар қайта ашылып, олардың өзектілігі артты. Ел тәуелсіздігінің басты кепілі – ұлттық құндылық болып, ал ұлттық құндылықтың басты объектілерінің бірі – отандық тарих ғылымы болды. Тәуелсіздік алған уақыттан бері, отандық тарих ғылымының ашып көрсеткен жаңалықтары орасан зор.

Қазақ тарихында хандар мен билердің, көшбасшылар мен батырлардың, қолбасшыларының саяси, мемлекеттік қызметін зерттеу өзекті болды. Тәуелсіздік алғаннан бастап, отандық тарихнамада үлкен ғылыми мәселеге айналған тақырыптардың бірі – қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының саяси қызметімен байланысты болды. Мақалада Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі тарихы мен отан алдындағы қоғамдық-саяси қызметі және оның тұлғалық ерекшеліктері қарастырылады. Сондай-ақ, Кенесары Қасымұлының қазақ даласында іске асырған саяси шаралары зерттеледі және ұлттық сипаттағы іс-әрекеттерге тарихи баға беріледі.

Түйін сөздер: Кенесары Қасымұлы, ұлт-азаттық көтеріліс, империализм, отарлау, алым-салық, буржуазия.

Кенесары Қасымұлының өз ұлтына жасаған қызметі мен еңбегі негізінен сыртқы күштерге қарсы саяси-дипломатиялық тартыстармен және әскери күреспен сипатталады. Ол өз заманында үлкен мәселеге айналған орыс отаршылдығын көзімен көріп, сонымен бірге «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен...» дегендей, оңтүстікте үлкен күшке айналып келе жатқан Қоқан хандығының саяси-әскери қысымына біржола тойтарыс беру керек болды. Аймақта геосаяси күштердің қысымы Кенесары сұлтанды өз халқының алдына шығарып, қауіптің бетін қайтаруға қарай бағыттады. Ол мұндай аймақтық мәселелерді жай ғана өзара келісімдер мен дипломатиялық келіссөздер арқылы жүргізуге де талпыныс жасады. Сонымен қатар, өз кезегінде, қазақ арасынан қол жинап, қарулы соғыс қимылдарына дейін баруға дайын болды және бұл жағдай көп ұзамай іс жүзінде көрініс берді.

Патша әкімшілігінің 1822 жылы Орта жүз бен 1824 жылы Кіші жүзде енгізген басқару ережелері қазақ халқының дәстүрлі басқару жүйесін жойды, орнына жаңадан ресейлік басқару жүйесін енгізіп, онда шекаралық және округтік мекемелерін ашты. Ресей билігі қазақтардың шұрайлы жерлерін тартып алып, Ақтау, Ақмола, Қызылжар, Көкшетау, т.б. әскери бекіністер тұрғызды. Мұның барлығы жергілікті халықтың жайылым және егістік жерлерін тарылтып, олардың наразылықтарын тудырды. [1, 61-62 б].

Патша билігінің мұндай озбырлығын көрген Кенесары сұлтан өз жанына қол жиып, әр ауылдан қазақтың жігіттерін ұйымдастырып, орыс билігіне қарсы көтеріліске шығуға қамданды. Ол атақты Абылай ханның ұлы – Қасым сұлтанның баласы еді. Кенесары сұлтан өзінің бауырларымен, аға буын өкілдерінің қолдауымен көтерілісті бастауға шешім қабылдады. «Абылай ханның Русиямен жасасқан шартын бұзғандарына көніп отыру бізге ұят. Құдай қаласа, барлық қазақтың басын қосып, Абылай хан дәуренін қайта орнатуымыз керек. Алла Тағала өзі бізге жар болғай!», – дейді [2, 15-16 б.].

Кенесары Қасымұлы әрекетінің жалпы сипатын Е.Б. Бекмаханов үш негізде көрсетті. Біріншіден, Ресей империясының боданындағы қазақтардың тәуелсіз өмір сүруін талап ету. Екіншіден, Кенесарының бүкіл қазақ халқын біріктіріп, ұлттық мемлекет құруға ұмтылуы. Үшіншіден, Қазақ халқының ұлт-азаттық тарихында ең ұзаққа созылғаны болып, бұл қазақ жерінде орыс патшалығының қанау мерзімін созды және одан арғы күреске қазақ бұқарасы үшін әскери дайындық болды. Кеңес заманында болса да, Е. Бекмаханов Кенесары Қасымұлының көтерілісіне байланысты бұрынғы авторлардың еңбектеріндегі екі негізгі бағытты айқындап берді. Олардың біреуі тұрпайы социалистік көріністен қорытынды жасай отырып Кенесары Қасымұлының [3, 224 б.] бастаған көтерілісін ол феодал және хан болғысы келгендіктен ғана кертартпа деп есептеді. Е.Б. Бекмаханов өз шығармасында: Кенесары Қасымұлы қозғалысының феодалдық негізін жоққа шығарған жоқ: «Кенесары құрған мемлекет – феодалдық мемлекет болды. Мұның себебі, қазақ қоғамының өндірістік қатынастарының феодалдық негізі Кенесарының қайта жасауымен өзгерген жоқ. Өндірістік қатынастың феодалдық сипаты Кенесары арқылы күшейе түсті. Ол Қазақстан территориясын өзінің хандық тұқымының меншігі деп қарады, ол жайында өз сөзінде бірнеше рет атап көрсетті» [4, 11 б.].

Өкінішке орай, Абылай хан өлгеннен кейін қазақтар тағы да алтыбақан алауыздығына салып, әрқайсысы әр жаққа тартқан-ды. Қасым сұлтан, амалы жоқ, өзіне қарасты болған 40 мың үйді бастап, Қоқан хандығының езгісіндегі Ұлы жүз жеріне ауды. Ондағы үмітті ойы – Қоқан ханымен ынтымақтасу, білек біріктіріп, «ақ» патша жендеттеріне тойтарыс беру болатын. Үміті алдап кетті. Қоқан ханы Мұхаммед (Мәдәлі) оған сенбеді, қайта жергілікті қазақтарды азғырып, өз жағына қаратып алып, күшейіп кетеді деп қорықты да, қара ниет зұлымдық жасады. Ташкент бегі Бегдерге Саржан мен Есенгелдіні [5, 36 б.] өлтіртіп жібереді. Келесі жылы дәл осындай опасыз зұлымдықпен Қасым сұлтанның өзі өлтірілді. Бұл 1836 жыл болатын. Кенесары тек осыдан кейін ғана көтеріліс туын өз қолына ұстаған болатын. Әйтсе де, ол бірден қаруға жармасқан жоқ. Бейбіт жолмен мәмілеге жетуді көздеп, император Николай I атына, Орынбор генерал-губернаторлары В.А. Перовскийге, В.А. Обручевке, Сібір генерал-губернаторы П.Д. Горчаков арқылы хат жолдады. Кенесары сұлтанның мұндай әрекеттеріне қарай отырып, оның әуелде әскери адам, сонымен бірге өз алдына жеке бір саясаттың адамы екенін де көруге болады.

Архив қорларында, сақталған және жарияланған деректік құжаттар жинақтарында қазақ сұлтанының көздеген жоспарының мазмұнын ашатын көптеген мәліметтер сақталған [9]. Бірақ мұндай дипломатиялық әрекеттерден айтарлықтай нәтиже шықпады. Қазақ жерінде Ресей билігі бұрынғысынша саяси-экономикалық жобаларын еш кедергісіз жүзеге асыра берді. Мұның барлығы Кенесары сұлтанның көтеріліске шығуына ықпал етті. Әскерге жиналған сарбаздар қазақтың үш жүзінен де алынды, Орта жүз руларынан көптеп жиналып, сондай-ақ Кіші жүзден шекті, тама, табын, алшын, шөмекей, жаппас, жағалбайлы, т.б. руларының, Ұлы жүзден үйсін, дулат, т.б. руларының сарбаздары болды [6, 46 б.]. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты қазақ халқы тарапынан қарсылыққа кездесті. Көтерілген қазақтар кішігірім топтармен қарауыл топтарына қарулы шабуыл жасап, Ресей шенеуніктері мен көпестерін қолға түсіре бастады. Халық пен елдің мүддесін қорғау жолында түрлі қимылдарды жоспарлап, тәуелсіздікке қол жеткізу үшін халықты біліктілікпен басқарудың көп септігін тигізетінін Кенесары Қасымұлы жете түсінді. Ол өз айналасына адал кеңесшілер мен батырларды, халық арасынан отарлық езгіге қарсы ең беделді, белсенді азаматтарды топтастыруды тоқтатпады. Осылайша Кенесары сұлтанның айналасына жиналған қазақ жігіттерінің қатары күн санап артты [10, 46-48 б.].

Кенесары Қасымұлы өзінің көтеріліс қимылдарын бастарда алдына мынадай міндеттер қойды: Қазақ халқының бөлшектелуін тоқтату, орталықтандырылған қазақ мемлекетін құрып, оларды біріктіру, қазақ феодалдары мен байлары арасындағы тартысты жою. Себебі, бұл кезде патшалық

билік феодалдар арасындағы алауыздықты үнемі тұтандырып отырды. Кенесары Қасымұлы бұл құбылысты біржола жойғысы келді [11, 57-60 б.]. 1837 жылы басталған көтеріліс тез қарқын алып, Кенесары Ақмола округіне келіп, көтерілісті басқарды. Кенесары жасақтары патша әскеріне қарсы жоспарлы түрде дала тактикасының негізінде күресті. 1837 жылдың жазында көтеріліс барлық округтерді қамтыды. Ал сол жылдың күзінде Сібір әкімшілігі жергілікті шенділердің Кенесары Қасымұлына қосылмауын бақылап тұру үшін өлкеге есаул Чириков бастаған 60 казакты жіберуге мәжбүр болды. Одан соң көтерілісті тұншықтыру үшін Ақтау бекінісінен қосымша Симонов бастаған отряд жіберілді. Бұл отрядтар Кенесарыға қарсы бірлесе қимыл жасай отырып, «соңғы мүмкіндігіне дейін оны басуға» тиісті болды [12]. 1837 жылы қарашаның аяғында оның тобы Петропавлдан шыққан керуен жолына шабуыл жасайды. Оны естіген жергілікті билік 27 қарашада Ақтау бекінісінен Петропавлдан Ташкентке баратын көпес керуенін қорғау үшін офицер Рытовтың басшылығымен 55 казактан тұратын әскери отрядты жіберді. Бұл отряд Ақтау бекінісінен керуенді 300 шақырым қашықтыққа шығарып салып, қайтар жолда Кенесарының жігіттері тарапынан шабуылға ұшырайды [13].

Кенесарының жанындағы көтерілісшілердің ең алдыңғы шептегі көтеріліс орталықтары осы Қара-Ағаш, Ақтау, Ортатау бекіністері болды [14]. Алайда Қара-Ағаш жерінде орналасқан көтерілісшілер жазалаушы отрядтан жасырынып үлгіргендіктен, Симонов пен Чириковтер кейін қайтуға мәжбүр болады. Осы аралықта Кенесары өзінің айналасына 3000-ға жуық адамды жинап алып, белсенді қимылға көшеді. Көтерілісшілердің осындай нәтижелі қимылдарының бірі туралы Кенесары көтерілісінің алғашқы мерзіміндегі, яғни 1838 жылы Сібір корпусының командирі генерал-майор Гладышевтың әскери министр, генерал Чернышевқа жазған хабарламасында толығынан баяндалды. Онда: «Ақтау комендантының міндетін атқарушы әскери старшина Симонов өзінің өткен 1837 жылдың 19 желтоқсанындағы рапортында [15] 27 қарашада Ақтау қамалына Петропавловск бекінісінен Ташкентке бара жатқан керуенді қорғау мақсатында жіберілген хорунжий Рытов бастаған 6 урядник, 48 казактан тұратын отрядтан екі казак келіп, қамалдан 200 верст жерде 800 адамдық сұлтан Кенесары Қасымұлының тобы жан-жағынан қоршап алып, төрт күн бойы қоршауда отырғандығын жеткізеді.

Жоғарыда аталғандай, көтеріліс пен соғыс қимылдары кезінде Кенесары туының астында топтасқан батырлардың арасында, азаттық соғыстың мүддесіне аяғына дейін берілген, үлкен шайқастарда ерлігімен көзге түскен үш жүздің де батырлары болды. Солардың қатарында Ағыбай, Аңғал, Байсейіт, Тұғанас, Тобылды, Таймас, Жеке, Бұхарбай, Бұғыбай, Жоламан, Жауке, Сұраншы, Иман, Құрман, Төлебай, Наурызбай, т.б. болды [8, 61 б.]. Қозғалысқа, сонымен қатар басқа округтердің қазақтары да қосыла бастайды. 1837 жылдың соңына қарай Аман-Қарағай округінен 2000 мыңға жуық қазақтар қосылған [17, 53-56 б.]. Жоғарыда аталғандай, Кенесары Қасымұлы Ресей империясына қарсы соғыс қимылдарымен бірге, бұрынғысынша саяси-дипломатиялық жолдарды да пайдаланып отырды. Бір ерекшелігі, Кенесары Қасымұлы да елшілер арқылы жағдайды барлап, патша билігінің аймақтағы саясатын анықтап алуға кіріседі. Оның мұндай әрекеттері көтеріліс басталмай тұрып-ақ басшылыққа алынды. Кенесарының атақты елшілері мен сенімді дипломаттары Жүсіп Жанкүшікұлы, Мамберді Қонысбайұлы, Тайтоқ Дөненұлы, Табылды Тоқтыұлы және Қошымбай Қазанғапұлының 1838 жылдың желтоқсан айында Сібір губернаторы князь В.Д. Горчаковпен Николай патшаға арналған арнайы хаттары сұлтанның орыс билігімен саяси-дипломатиялық салада жақындасқанын сипаттайды [8, 14 б.].

1838 жылы Орта жүз қазақтарының Кенесары Қасымұлының қарамағына жаппай көшу процесі орын алады. Е. Бекмахановтың тұжырымы бойынша, Ақмола бекінісі аумағындағы мұндай жаппай қозғалыстың пайда болуы кездейсоқ емес еді. Осы уақытта Ақмола округтік приказы патша отарлауының тірек пунктіне айналған еді және де ондағы қазақтар патша өкіметінің отарлық езгісінің ауыртпалығын және олардың тыңшылары – аға сұлтандардың озбырлығын өз бастарынан өткерген болатын, патша билігі қазақтардың жайылымдарға, көлдер мен өзендерге бай жақсы жерлерін тартып алып, өздерін бекіністерде жұмыс істеуге және ауыр алым-салық төлеуге мәжбүр етті [4, 224 б.]. Кенесары сұлтан қазақ жүздерін бөліп-жармады. Керісінше, халқы мен елінің бірлігі жолында саяси принциптер ұстанды. Осындай бірліктің арқасында табысты әрекеттер жүргізді. 1838 жылы наурыздың 11-нен 12-не қараған түні Көк-Сеңгір деген жерде Симонов отряды

Кенесары Қасымұлы тарапынан шабуылға ұшырады. Қоңырқұлжа Құдаймендиннің және оның туыстарының ауылдарына шабуыл жасады. Шабуылдың нәтижесінде тек қана жылқыдан 12 мыңы айдап әкетілді. Қ.Құдаймендин Омбы облысының басқарушысы Талызиннен әскери көмек сұрауға мәжбүр болды [4, 236-237 б.]. Көтерілісшілер мұнымен тоқтамады. 1838 жылы мамыр айының 26-сы күні Кенесары өзінің сенімді серігі Наурызбай батыр екеуі жасақтарымен Ақмола бекінісін талқандап, өртеп жіберді [18].

Ақмоланы талқандаған соң, Кенесары 1838-1839 жылдары жүйелі түрде приказдарға және разьездерге шабуыл жасап, дұшпанның дайындалған жем-шөптерін жойып, қатынас жолдарын қиратып, партизандық күрес жүргізуді жалғастыра түсті. 1838-1839 жылдары болған көтеріліс кезінде Құсмұрын, Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы, Баянауыл округтері бойынша барлығы 80-ге жуық жергілікті сұлтандар көтеріліске қатысты. Жалпы алғанда, көтерілістің алғашқы жылдарында Сібір әкімшілігінің Кенесарыға қолданған іс-шаралары сәтсіз болды. Мәселен, Сібір қырғыздарының шекаралық бастығы полковник М.В. Ладыженскийдің округтен көшіп кеткен болыстарды кешіріп және оларды бағынуға бейбіт жолмен көндіруге қатысты ұсынысына [19] деген үзілді-кесілді жауап келді. 1839 жылдың наурыз айының басында патша үкіметі көтерілісті басу үшін Әулие Петр бекінісінде ірі отрядты ұйымдастыруды бастайды. Отрядта 2 атты артиллериясы бар 655 казак болды. Бас штабтың полковнигі Горскийге казактарға басшылық жасау жүктелді. Отрядтың мақсаты – «әйгілі бүлікші Кенесары Қасымұлының қарақшы тобын талқандау» [20].

Полковник Горский Кенесары Қасымұлына қарсы күрестің нақты жоспарын Горчаковқа ұсынады. Сібір басшылығы тарапынан полковник Горскийдің барлық ұсыныстары мен кеңестері есепке алынып, 1840 жылы жүзеге асырылды. Ресей үкіметіне қарсы көтерілген казак руларынан «әскери контрибуцияны» өндіріп алу туралы 1840 жылы 5 ақпанда қабылданған ереже казак офицерлерінің көтерілісшілерді одан әрі қарай қудалауы үшін ресми рұқсаты болды [21]. 1841 жылы қыркүйекте Үш жүз қазақтарының өкілдері Кенесары Қасымұлын өздерінің ханы етіп сайлады. Уақытша болса да Қазақ хандығы қайта орнады. Патша үкіметі бұл жаңалықты үлкен үреймен қарсы алды. Соңғы жылдары Кенесары Қасымұлының қай жерде хан көтерілгені жайлы тарихи оқиғаны біреу Ұлытауда, біреу Айыртауда, тағы біреулер Сарысу өзенінің бойында өтті деп жазылып жүр.

Хан болып сайланған Кенесары орталықтанған мемлекет құруға талпынды. Оның қол астында жақтаушы батыр, би және сұлтандардан тұратын жоғары кеңесуші орган болды, ал хандықты Кенесары өзіне адал жасауылдардың көмегімен басқарды. Олар құқықтық, шаруашылық, дипломатиялық, әскери және де салық мәселелерімен айналысты. Кенесары ханның өз бетінше жүргізген саясаты мен мемлекет басқарудағы жұмыстарының нәтижесінде жаңа басқару тәртібінің түрлері енгізілді. Кенесары өз хандығын нығайту үшін біраз экономикалық және саяси шараларды жүзеге асырды. Оның алым-салық саясаты шарифатқа негізделіп, мал өсіретін аудандарда зекетті, егіншілікті аудандарда ұшырды енгізді. Халықтан алым-салық жинауды арнайы жасауылдар жүзеге асырды. Кенесары құрған мемлекет феодалдық мемлекет болды, оның әлеуметтік негізін билердің орта тобы мен төре тұқымына жатпайтын феодалдар, батырлар құрады.

Басқарудың негізгі тұтқасы Кенесарының өз қолында болды. Оның жанында ең жақын серіктері: батырлар, билер және ханның кейбір туыстарынан құралған Кеңес жұмыс істеді. Хандық Кеңеске негізінен азаттық қозғалысының мүдделеріне адал, жеке басының батылдығымен, дипломатиялық қабілетімен көрінген адамдар енді. Мәселен, оның інісі Наурызбай батыр, Ағыбай, Иман батырлар, өзінің елшілік табыстарымен атағы шыққан би Шоқпар Бактыбаев, Сайдақ кожа Оспанов, т.б. Кенесары мемлекеті сот, елшілік, қаржы, әскери іспен және азық-түлік жинау мәселелерімен айналысатын жеке адамдар арқылы басқарылды. Алайда, әскер қатарында жұқпалы індеттің басталуы қаланы алуға мүмкіндік бермеді. Негізгі күш Созақ, Жаңақорған, Жүлек, Ақмешіт қамалдарын қоршады. Әсіресе, Созақ қамалы үшін шайқас қиян-кескі болды. Өйткені қамалды бес мың әскер қорғап тұрған болатын. Созақ үшін шайқас он екі күнге созылды. Нәтижесінде қамал алынып, қиратылып тасталды. Содан соң Сауран қамалы алынды. Қоқанның қол астындағы қазақтар азат етіліп, Торғайға қарай көшірілді. Созақтың және басқа да қамалдардың алынуы қоқандықтарға қатты соққы болып тиіп, Кенесарының ірі жеңісі болып табылған еді.

Бұл жеңіс Кенесарының байырғы қазақ жерлерін сыртқы жаулардан тазарта алатынына халықтың көзін жеткізді. Қоқан хандығы ірі жеңіліс тапқан соң, Кенесарымен мәңгілік одақ құруға ұсыныс жасады. Кенесары мұндай одақ құрудан бас тартып, қазақтарға тиесілі жерлерді қайтарып беруді талап етті. Осыдан кейін барып соғысты тоқтатқан Кенесары Торғай маңындағы ордасына қайтып оралды.

Кенесарының басты мақсаты тәуелсіз Қазақ хандығын құру болды. Ол осы мақсатын жүзеге асыру үшін Орта Азия хандықтарынан өзіне сүйеу іздейді, олардың ішкі істеріне араласып, билеушілерін өз жағына тартуға күш салады. Хиуа ханымен Бұхар әміріне өз елшілерін жіберіп, байланыс орнатады. Орта Азия мемлекеттерімен сауда көлемін ұлғайтып, олардан өзіне қажетті қару-жарак, оқ-дәрі алып тұрады. 1842-1843 жылдар Кенесары хан үшін аса күрделі кезең болды. Осы жылы Орынбор генерал-губернаторы В. Перовский кетіп, оның орнына генерал В. Обручев келеді. Кенесары хан ендігі кезекте Перовскийден келетін қауіптің көлемі азаяды деп түсінді. Алайда ол патшаның ең жақын қызметкерлердің бірі – генерал-адъютант болып тағайындалды. Алайда ол кейін де Кенесары ханның ісіне араласуын тоқтатпады [22, 24 б.].

Орыс шенеунігі граф В.А. Перовскийдің орнына Орынбор өлкесіне губернатор болып сайланған В.А. Обручев те Кенесары көтерілісінің қызып тұрғанын көзімен көрді. Ол қай жағынан болса да граф В.А. Перовскийден төмен деңгейде жұмыс істейтін еді. Дегенмен де ол қазақтардың көтерілісін қолдамады. Оның басты кемшіліктерінің бірі – қазақ жері мен қазақтардың өмірінен мүлдем хабарсыз еді. Дегенмен ол патша билігінің қазақ жерін толық отарлау саясатын қолдаушылардың бірі саналды. Сондықтан қазақ жерін отарлау саясатын іске асыруда халық мүддесіне қарама-қайшы келетін шаралардан мүлдем тайынбады. Кенесары Қасымұлының қозғалысы бойынша оның көзқарасы мен ұстанған саяси ұстанымдары Сібір генерал-губернаторының ұстанған саясатына жақын болды. Ресей билігінің жергілікті жердегі жаңа өкілі – В.А. Обручев Орынбордағы саяси билікті қолына алған бойда, аймақтағы ішкі және сыртқы саяси мәселелерді өз бетінше шешуге тырысты. Орынбордың жаңа сайланған генерал-губернаторы В.А. Обручев тез жүзеге асыруға тырысқан мәселе – қазақ жеріндегі саяси жағдайды қалпына келтіру болды. Ол өзінің саяси жоспарын князь В.Д. Горчаковтың жоспарымен үйлестірді. Ол бойынша, қазақ жерінен Орынбор аймағына дейін толық тарай бастаған қазақ ханы Кенесарының көтерілісін аз уақыттың ішінде жаншу керек болды [23, 1-2 б.].

Жалпыға мәлім, Ұлытау аймағы қазақ халқының тарихымен байланысты көптеген оқиғалардың негізгі үлкен орталық аймағы болды. Бұл таудың бөктері Шыңғысхан заманынан бері, кейіннен Қазақ хандығының билеушілері кезінде жалғасқан дәстүрлі мемлекеттік жиындардың өткізілетін аймағы еді. Әсіресе, қазақ хандары билігі тұсында өткізілетін жалпы мемлекеттік мәселені талқылайтын барлық қазақ рулары ақсақалдары жиынының үнсіз куәгері еді.

Жаз айында Ұлытауда болу, онда кеңес құру барлық қазақ хандарының дәстүріне айналды. Шынында да, XIX ғ. 20-40 жж. қазақтардың көтерілісі кезеңінде Ұлытау таулары – Кенесарының қорғаны болды. Сол жаққа патша өкіметі жақсы қаруланған әскери бөлімшелерін үнемі жіберіп отырды, бірақ Батыс Сібір генерал-губернаторы көтерілісшілерге қарсы күрестің жаңа әдісін қолдануды шешті. Ол, ендігі кезекте, аймақты қорғаудың жаңа тәсілдері керектігін ескертті. Ең алдымен, П. Горчаков бұл аймақтардан көтерілісшілерді қуу қажеттігіне көңіл аударды. Жыл сайын Ұлытауға жіберілетін отрядтардың жайылымдық шөбі жоқ болуы себептен, тиімді нәтижесі байқалмады, сондықтан да П. Горчаков орталық үкіметтен «қырғыз даласында тұрғылықты тұруға Сібір казак әскерінің 2-ші полкін ауыстыруды» сұрады.

1843 жылы көктем шыға салысымен, Ресей билігі тарапынан көтерілісшілердің белсенді қимылын басу үшін табанды шабуыл басталды. Кенесарыны ұстау үшін П. Горчаков белсенді науқанды бастады және оны Орынбор генерал-губернаторы В. Обручев қолдады. Әскери Кеңес екі генерал-губернатордың келісімі туралы мәліметті алғаннан кейін, Ұлытаудан шығатын Сібір казак отрядына көмек көрсету үшін В. Обручевке қазақтарды дайындауды тапсырған «Аса маңызды жарлық» қабылдады. В. Обручев тез арада 1843 жылы 5 маусымда Орск бекінісінен шығатын қарулы отрядты жасақтады. 300 адамы бар отрядқа басшылық жасау әскери старшина Лебедевке жүктелді. Ол Алакөл көліне қарай жылжып, сол жерде Сібір казактарымен бірігуі тиісті болды. Лебедев отрядынан бөлек, П. Горчаков далаға 4 атты-артиллериялық қаруы бар 2 мыңға жуық адамнан тұратын жазалаушы экспедицияны жіберуге жарлық берді. Отрядты басқаруды Орал казак әскерінің полковнигі Бизановқа тапсырды.

Патша әкімшілігі көтеріліс басшысы Кенесары Қасымұлын қолға түсіруге барынша әрекеттенді. Сондықтан да далаға үсті-үстіне Рыбин, Жемчужников, Нюхалов, Казачинин, Карбышев, Абакумов, Дуниковский бастаған Сібір, Орынбор казак отрядтарын жіберіп отырды [16, 21 б.]. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, Кенесары ханның әскери тактикасына да ерекше тоқталған. Ол орыс әскері көп жерде кері шегініп, аз кезінде бастырып келетін болған. Бұл оның бұрыннан қалыптасқан айласы еді [24, 14-16 б.]. Мысалы, Орынбор губернаторы мен ондағы саяси жағдайды бақылаушы патша әскерінің қимылдары туралы Кенесары хан хабардар болып, ол өз артынан ерген халықпен бірге, Торғай өзенінің бойынан пана іздеп, шегіне бастады. Ендігі кезекте, Ресей империясының аталған жергілікті өкілдері шабуылды үдете түсті. Онда Ұлқаяқ өзенінің жағасында тәжірибелі полковник Бизановтың әскерлерімен қарсы келіп қалған хан Кене өз әскерімен тағы да артқа шегінуге мәжбүр болды. Дегенмен уақыт санап аймақта жағдай өзгеріп жатты. Оның басты мысалдарының бірі, губернатор В.А. Обручевқа Кенесары хан мен оның айналасында болып жатқан саяси-әскери күресті жаныштау тапсырылды. Бірақ бұл екі билік үшін тартыстар орын алды. Кенесары көтерілісінің губернатор В.А. Обручевқа тікелей тапсырылуы аймақта ханның саяси қимылдарына толық шектеу қоя бастады және ханның жағдайын айтарлықтай қиындатып жіберді [8, 21 б.].

Кенесары хан Ресей тарапынан жүзеге асырылған әскери шараларға мойын бұрмастан, алға қарай жылжи берді. Көтерілісті географиялық ауқымы мен оған қатысушы халықтың да сандық көрсеткіші артып, қазақ даласында Кенесары көтерілісі аса үлкен соғыс факторына айнала бастады. Кенесары ханның қол астына біріккен үш жүз қазақтарының біріккен ұлт-азаттық қозғалысы Ресейді қатты алаңдатты. 1843 жылы 17 маусымда патша Николай I Кенесарының көтерілісін түбегейлі басуға орыс әскеріне кең көлемде соғыс қимылдарын жүргізуге рұқсат берді. Әскери старшина Лебедевтің 300 адамнан тұратын отряды алдыңғы қатарда соққы беретін күш болды. Кейін оның отряд 1500 адамға жетті. Бұл кезде Кенесары ханның да әскери жасағы арта түсті. 1843 жылдың жаз айында Кенесарыға Кіші жүз руларының Алшын, Тама, Табын, Байбақты, Шекті, Шөмекей руларынан шыққан еріктілер келіп қосылды. Мұнымен күшейтілген Кенесары жасақтары өз қимылдарын жалғастыра берді. Ең айтулы оқиғалардың бірі саналатын Кенесары жасақтарының Орынбор линиясында жүргізген табысты соғыстарынан кейін В.А. Обручев канцлер Нессельродеге қосымша әскери көмек пен күш сұрап жүгінуге мәжбүр болды. Осы өтінішінде ол Кенесарының басы үшін үш мың рубль, орыс әскерлерін жарақтандыру үшін 14 мың рубль қаражат сұраған [28, 117-118 б.]. Бұл жағдай Кенесарының табысты соғыс қимылдарын жүргізгенін және ең бастысы патша әскері мен жергілікті өкілдеріне айтарлықтай соққы бергенін көрсетіп тұр.

1843 жылдың соңында Ержан Саржановпен бірге, Кенесары 3500 адамымен Орынбор ведомоствосының орта бөлігінің билеушісі – сұлтан Арслан Жантөриннің Ойыл өзені бойындағы ауылына шабуыл жасады. Оның 5500 жылқысын, 3500 түйесін, 970 сиырын және 7000 қойын айдап әкетті [4, 261 б.]. Артына түскен қуғыншыларға қарамастан, Кенесары әскері сұлтандар ауылына шабуылдауын қойған жоқ. 1843 жылы күшейген қанды көтеріліс келесі жылда да жалғасын тапты. 1844 жыл азаттық күрес тарихында ерекше орын алады. Шілде айының 20-нан 21-іне қараған түнде Ырғыз өзені бойында Кенесарының әскері қазақ феодалдарының өзіне қарсы біріккен тобына соққы берді. Қараңғылықты пайдаланған Кенесары жасағы бірден казак әскерінің де, өзіне қарсы сұлтандардың да лагерлеріне дүрсе қоя берген. Үкімет жағындағы жасақтардан бірден 24 адам шығын болды. 1844 жылы шілдеде Кенесары Ахмет Жантөриннің отрядына шабуыл жасады. Осы жылдың тамыз айында Екатерининская бекетін қоршауға алған Кенесары әскерлері мылтық, пистолет сияқты көптеген олжаны қолға түсірді. Осылайша, отарлауға қарсы күресте Кенесарының ұрыс даласындағы қомақты жеңістерінің бірі 1844 жылы тамыз айында Екатерининская бекінісіне жасаған шабуылы болды. Ол таңғы сағат 5-те, шаруалар мен станицаның тұрғындары әлі де дала жұмыстарына барып үлгермеген кезде басталды. Казактар станицаға жақын қоныстарда қырағы қарауылдар қойып үлгермеген болатын.

Отарлауға қарсы күресте Кенесарының ұрыс даласындағы қомақты жеңістерінің бірі – 1844 жылы тамыз айында Екатерининская станицасына жасаған шабуылы. Шабуылдың тұтқиылдан болғандығы сондай, орыс-казактар, тіпті қарсылық көрсете алмай қалады. Осы жолы Кенесарының жігіттері 18 мылтық, 2 пистолет, 18 қылыш, 27 найза қолға түсіреді [4, 271 б.].

1844 жылдың жазында Кенесары бастаған халық қозғалысын басу үшін Ор бекінісінен, Ұлытаудан, Тобыл өзенінен патша әскерлерінің үш үлкен тобы шықты. Олардың алдына Кенесары жасақтарын қоршап, шешуші соққы беру міндеті қойылды. Осы міндетті ойдағыдай іске асыру үшін, олар Кенесарымен шайқас жүріп жатқан жерлерге бет алған генерал Жемчужниковтың әскерімен күшейтілді. Отты қарумен қаруланған патша әскеріне қарусыз халық жасақтарының төтеп беруі қиын еді. Негізінде, хан Кенесарының дарынды қолбасшылық қасиеті, орыс әскерлерінің ашық ұрыстағы соғысу әдісімен таныстығы, қазақ жасақтарының күшін ептілікпен пайдалануы азаттық күрестің тегеурінді болуына әсерін тигізгені анық.

Екатерининская бекінісіне қарай өршелене қимылдаған Кенесары жасақтары бекініске тығылып үлгерген-үлгермегендерді, жараланғандардың барлығын түгел дерлік тұтқындады. Алғашқы табыстың буына масаттанған орыстардың әскерлері жапа-тармағай қаша жөнелді. Бұл кезде көтеріліс жасаған халықтың саны екі мыңнан астам болған. Біраз уақыттан соң бекініс пен оның айналасындағы үйлердің барлығын түгелдей от шалды. Соғыс кезінде адам шығындары орын алып, жараланғандар қатары көп болды. Бұл оқиға салдарынан 5 казак қаза болды. 40-тан астам адам тұтқынға түскен, төрт казак отқа жанып кеткен, 2270 бас малдан, шабуылдан кейін, 39 жылқы ғана қалған. Көтерілісшілердің шабуылдарының жалпы шығынын үкімет 170 мың сом күміс ақша деп бағалаған [8, 76-77 б.].

1844 жылы Орта және Ұлы жүз жерлері аралығында Көкпекті округі ашылды. Алтайға іргелес осы округтік приказдың ұйымдастырылуы басқа да демографиялық, экономикалық факторларды есептемегенде, Ресейдің билігін әлі де мойындамаған өңірлерде орыс-казак қоныстарын көбейтумен, көтеріліске енді шығыс аймақтан да қысым жасауға жол ашты. Ертiс шебіне қоныстандырылған казак жаныштаушы әскерлері Қалба таулары мен Зайсан өңірін орыс билігінде барынша ұстап тұруда басты тірек болатыны ескерілді.

1843-1844 жылдары жақсы қарқын алған Кенесарының сәтті қимылдары 1845 жылы саябырсыды. Соғыс қимылдары аса ұзаққа бармады. Орынбор губернаторы В.А. Обручев солтүстік-батыс өлкелерде де қосымша бірнеше бекіністер салу арқылы Кенесары ханның басты және алдыңғы қатардағы әскери күштерін ығыстыра бастады. Қазақтардың мейлінше көшіп-қонатын жерлерінде Қарабұтақ, Ырғыз, Торғай, Арал (Райым) қоныстары мен бекіністердің тұрғызылуы осы көтерілістің барысымен тығыз байланысты еді.

Біртіндеп қазақтардың жерін тартып алып, қысым көрсету мен отарлау, яғни казак әскерлерінің қимылдарын жеңілдету бағытындағы патша билігінің алысқа сермеген саясаты қозғалыс қамтыған Қазақстанның басқа да аудандарынан көрінеді. 1846 жылы қазан айының 22-сінде Көкшетау округтық приказында Бабасан-Бағыш болысы қазақтарымен Плоский редуты казактарының арасындағы жерге таласы талқыланды [8, 66-67 б.].

Епті саясаткер ретінде Кенесары өз тыңшыларын жан-жаққа, тіпті Сібір және Оренбург аймақтарына да жібереді. Олар өз басшыларына қатысты барлық әкімшілік шараларды алдын ала біліп алып, оны сол сәтте-ақ ханға жеткізіп отырды. Оренбург әкімшілігі қанша ізіне түссе де, Кенесарыны үнемі көздерінен таса етіп алатындарына таңғалатын. Даланың барлық ой-қырын бес саусағындай білген сұлтан ізімен жүріп келе жатқан әскерді адастырып, бір жерден екінші жерге ұшқыр қаршығадай лезде орын ауыстыра қоятын.

Көп жылға созылған күрес негізгі күшін әлсіреткен Кенесары патша әскерінің қысымымен 1846 жылы Орта жүзден Ұлы жүз қазақтарының жеріне кетуге мәжбүр болды, осы арада ол Ұлы жүздің халқын біріктіруді, қырғыздармен одақ құрып, Қоқан хандығына шабуыл жасауды, сөйтіп, оның қол астындағы қазақтарды, қырғыздарды босатуды көздейді. Кенесары Қытаймен мәмілеге келіп, онымен келіссөз жүргізу үшін Құлжаға елші жібереді. Ұлы жүз рулары негізінен Кене ханды мойындап қана қойған жоқ, оның әділетті күресін қолдайтындарын білдірді. Тайшыбек, Сұраншы, Саурық сияқты батырлар өз қолдарымен келіп қосылды, сандаған ұрыстарға қатысты.

1846-1847 жылдары көтерілістің шешуші кезеңі деп айтса да болады. Осы тұста Орынбор және Сібір шептері арқылы қысымға алынған Кенесары хан көтерілістің басты ошағы Торғай даласынан Жетісуға қарай ойысуға мәжбүр болды. Жағдайының қиындап бара жатқанын түсінген және болып жатқан саяси ахуалды терең ескерген, Кенесарының ойы, біріншіден, Абылай ханның тікелей тұқымдары билеген Ұлы жүздің қазақтарына барып, олардан аймақта орнап келе жатқан патша

билігі мен Қоқан билігіне қарсы күресте қолдау табу болған еді. Екінші жағынан, Қазақ хандығының құрамына Жетісуды қосу арқылы Абылай кезіндегі қазақ мемлекетінің территориялық аумағы мен бүтіндігін қалпына келтіру болды. Алайда уысынан шығып бара жатқан аумақтарды қайта қалпына келтіру де оңай шаруа емес еді.

Дегенмен Кенесарының ойында осы аталған мақсатқа қол жеткізу күн тәртібінде тұрды. Орта және Кіші жүздің жерінде оты лаулаған Кенесарының көтерілісіне Ұлы жүздің де батырлары, жеке қол бастаған сарбаздары, әскери жасақтары да белсенді қатысқаны баршамызға аян. Ұлы жүздің көтеріліске араласуы Кенесарыны қанаттандырғаны күмән тудырмайды. Осылайша, көтеріліс қимылдары ұлт-азаттық соғысқа айналған болатын. Ендігі кезекте, соғыс қимылдары күшейген уақытта, хан Кененің Ұлы жүзге қарай бет бұруы, атап отырғанымыздай аймақтағы қазақтардан қолдау табудың амалы еді. Бұдан қауіптен бастаған патша билігі де тиісті шаралардың қабылдануы тиістігін терең ұқты.

Көптеген зерттеулер мен әдебиеттерде Кенесары ханның сол кездегі Алатау қырғыздарының жеріне кіруі мен ханның қырғыз жеріндегі әскери шабуылдарының мақсаттары біржақты сипатталған. Кенесары ханның қырғыз жеріне жасаған жорығының басты мақсаты – қырғыздардың жері мен елін жаулап алып, өз мемлекетінің құрамына қосуға әрекеттенгені басқыншылық сипатында көрсетіліп, ол толықтай бұрмаланған еді. Дегенмен де, хан Кененің қырғыз жеріне кіруі өзінің тарихи бағасын алған. Отандық тарихшылардың ғылыми еңбектерінде Кенесары ханның қырғыз манаптары Орман мен Жантайға жазған хатында қырғыздардың қанын төгу емес, керісінше, бірігіп, аймақта үлкен күшке айналғаны туралы мәліметтер берілген. Сол кездегі империялық Ресей билігінің атауы бойынша бөлінген қырғыздар (қазақтар) мен қара қырғыздардың басын біріктірмей, керісінше, араларына іріткі салғаны анықталған Қазақтар мен қырғыздар арасындағы қарым-қатынастар туралы ғылымда көптеген тұжырымдар [29, 56 б.] ұсынылған.

Осылайша, 1846 жылдың жазында Кенесары хан мыңнан астам қарулы жасағымен қырғыз жеріне қарай бет алды. Айта кетерлігі, Кенесары хан қырғыздарды жау санаған жоқ. Оның басты жауы – Қоқан және алды мұнда келіп жеткен орыс әскерлері болатын. Сондықтан да ол қырғыз манаптарына Қоқанға қарсы бірігіп соғысуға ұсыныс жасап, қырғыздарға алты мәрте елші аттандырды. Бірақ қырғыздар Кенесарының бірлікке ұмтылған бірде-бір қадамын қолдамады. Сын сағатта қырғыз манаптары қазақтарға қол ұшын беру былай тұрсын, Қоқан езгісінде отырған өз халқын сатып кетті. Қоқандармен әскери одақ құрып, Кенесарының басын алып береміз деп орыстарға ант берді. Кенесарының басқан ізін орыс генералдарына жеткізіп отырды.

Хан Солтүстік қырғыз манаптарының өзіне бағынуын талап етті. Қырғыз манаптары – Орман, Жантай және Жаңғараш тайпалары өкілдерінің құрылтайын шақырды. Сарыбағыш, Бұғы, Саяқ, Солто, Шерік және басқа тайпалардың өкілдері Қазақ ханының талаптарын орындаудан бас тартып, орыстарға өздерінің Кенесарымен соғысатынын хабарлап, одан көмек сұрайды. 1847 жылы Кенесары 10000 сарбазымен қырғыз елінің солтүстігіне басып кірді. Кенесары ханның қырғыз жасағымен соңғы шайқасы 1847 жылы 17-25 сәуір аралығында, Тоқмақтың шығыс жағындағы Кекілік-Сеңгір тауы бөктеріндегі Шу өзеніне 1-2 шақырымдай жердегі Майтөбеде болды. Қырғыз манаптарының жасағы, генерал Вишневскийдің пулемет және зеңбірекпен қаруланған офицерлері мен солдаттары, Қоқан хандығының сарбаздары қазақ, қырғыз зерттеушілерінің болжауынша, 100 мыңдай адамды құраған. Бас қолбасшылық Орманның қолында болды. Кенесары қолы өзінен күші 10 есе басым жаумен үш күн бойы соғысты [25, 413 б.].

Сонымен, өкінішке орай, қырғыздар Кенесарының бірлікке ұмтылған бірде-бір қадамын қолдамады. Керісінше, Кенесарының басқан ізін орыс генералдарына жеткізіп отырды. Кенесары шарасыздықтан 1847 жылы қол бастап, атқа қонды. Ресей мен қоқандықтардың әскери қолдауына сенген қырғыз манаптары Орман, Жантай олардың алдына қарама-қарсы тұрды. Қырғыздардың жеріне Кенесарының басып кіруі саяси шарасыздықтан болғаны баршаға белгілі еді. Келесі кезекте, Кенесары мен оның жасақтарының, сенімді серіктерінің қырғыз манаптарының қолынан қалай қаза тапқаны туралы әр түрлі мәліметтер таралған. Олардың бірі жазбаша, екіншісі ауызша мәліметтерде сақталып, қазіргі кезге дейін жеткен. Бастысы – Кенесары жасағының орыстар мен қырғыздарға қарсы соғыс қимылдарынан соң қаза тапқаны. 1847 жылы Қазақ ханының басын қырғыз манаптары Батыс Сібір генерал-губернаторы А. Горчаковқа сыйға тартқан. [26, 87-89 с.].

Кенесарының жеңілу себептерінің бірі – бір жағынан, орыс үкіметінің, екінші жағынан, Қоқан билеушілерінің қырғыздарды айдап салуының да салдары екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Қазақ халқының азаттық күресі шын мәнінде, Ресейдің қырғыз жерін де, Қоқан хандығын да жаулап алуын біраз уақытқа шегерді. Әсіресе, Ташкент бектерінің, одан қырғыз манаптарының Кенесарыға қарсы қимылдары патша билігінің Орта жүздің басты аудандарын, әсіресе, Ұлы жүзді алуға жол ашқандығын түсіну қиын емес. Феодалдық бытыраңқылық пен жегідей жеген ішкі қайшылықтардан туған қауіпті жете ескермеу, қырғыз, қазақ және өзбек халықтарын, кейіннен түркмендерді патша үкіметінің бодандық бұғауына байлап берді [27, 94-95 б.].

Қорыта айтқанда, түбінде тәуелсіздікке ұмтылған Кенесары ханның отан алдындағы қоғамдық-саяси қызметі Ресей империясына қарсы көтеріліске шығумен сипатталып, ол тарихта өзге көтерілістер мен саяси қимылдар секілді тәуелсіздіктің жолы қиын жол екендігін тағы бір рет дәлелдеп берді. Өйткені Ресейдің тең емес күшіне қарсы келу оңай болмай, ол жылдар бойына созылған көтерілістің нәтижесіз болатынын көрсетті. Дегенмен, Кенесарының көтерілісі мен оның соғыс қимылдарында көрсеткен қайсарлығы мен табандылығы қазақ халқының асқан мінезді халық екенін, оңай жолмен берілмейтін өжет екенін тағы бір дәлелдей алды.

Т.А. Апендиев

PhD, ВНС Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан

НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОЕ ДВИЖЕНИЕ ПОД РУКОВОДСТВОМ КЕНЕСАРЫ КАСИМУЛЫ

Аннотация. Несомненно, история казахской государственности как никогда важна в сложившейся политической ситуации в Казахстане, в развитии национальной идеи, укреплении основ страны. На нынешнем этапе перед наукой стоит задача изучить итоги истории, заполнить ее пробелы, правильно описать исторические события, глубоко и правдиво исследовать их, на этой основе сформировать историческое сознание. После обретения независимости нашей страны особое внимание было уделено исторической науке, которая является основным идеологическим инструментом государства. Был открыт путь для новых научных исследований. Темы, которые были закрыты для исследования в советское время, были вновь открыты, возросла их актуальность. Главной гарантией независимости страны была национальная ценность, а одним из главных объектов национальной ценности была отечественная историческая наука. Со времени обретения независимости открытия отечественной исторической науки были огромными.

Изучение политической и государственной деятельности ханов и биев, вождей и героев, полководцев стало актуальным для истории Казахстана. Одна из тем, которая с момента обретения независимости стала главной научной проблемой отечественной историографии – это политическая деятельность последнего казахского хана Кенесары Касымұлы.

В статье рассматривается история национально-освободительного восстания казахского народа во главе с Кенесаром Касымұлы, его социально-политическая деятельность, а также его личностные особенности.

Кроме того, изучаются политические меры Кенесары Касымұлы, реализованные в Казахской степи и дается историческая оценка деятельности национального характера.

Деятельность и труд Кенесары Касымұлы во благо своего народа в основном характеризуются политико-дипломатическими схватками и вооруженной борьбой против внешних сил. В свое время он воочию увидел русский колониализм, ставший большой проблемой для Казахской степи, и, как говорится, «беда не приходит одна...», в то же время надо было окончательно отразить политико-военное давление Кокандского ханства, которое превратилось в большую силу на юге.

Давление геополитических сил в регионе выдвинуло султана Кенесары в предводители своего народа и направило его к противостоянию реальной угрозы извне. В то же время он пытался решать простые региональные вопросы через взаимные соглашения и дипломатические переговоры. Кроме того, ему удалось собрать казахов воедино и пойти даже на вооруженные военные столкновения, что в скором времени отразилось в жизни казахов.

Ключевые слова: Кенесары Касымұлы, национально-освободительное восстание, империализм, колонизация, сборы-налоги, буржуазия.

T.A. Apendiyev

PhD, LR Institute of History and Ethnology Ch.Ch. Valikhanova, Almaty, Kazakhstan

**NATIONAL LIBERATION MOVEMENT UNDER THE LEADERSHIP
OF THE KENESARI QASIM-ULI**

Abstract. No doubt that the history of Kazakh statehood is more important than ever in the current political situation in Kazakhstan, the development of the national ideas to strengthen the foundations of the country. At this stage, science is faced with the task of studying the results of history, filling in its gaps, correctly describing historical events, deeply and truthfully exploring them, and on this basis to form historical consciousness. After gaining the independence of our country, special attention was paid to historical science, which is the main ideological tool of the state. The way was opened for new scientific research. The topics that were closed in Soviet times were reopened, their relevance increased. The main guarantee of the country's independence was national value, and one of the main objects of national value was domestic historical science. Since independence, the discoveries of Russian historical science have been huge.

The study of the political and state activities of khans and biys, leaders and heroes, commanders has become relevant for the history of Kazakhstan. One of the topics that since independence has become the main scientific problem of Russian historiography is the political activity of the last Kazakh khan Kenesari Qasim-Uli.

The article discusses the history of the national liberation uprising of the Kazakh people, led by Kenesari Qasim-Uli, his socio-political activities, as well as his personal features.

In addition, the political measures of Kenesari Qasim-Uli implemented in the Kazakh steppe are studied and historical evaluation of national character is given.

Since the restriction to only universally recognized names and their best compositions could lead to the loss of the objective basis in revealing the composers’ creativity patterns, those musical and theatrical compositions that had already turned into “monuments” of their period and socio-cultural conditions that formed them have been considered. Such texts serve as important source of information about the past, and in an unusual setting they can shine in new colors. Moreover, the material of even selected

compositions is not covered in detail in the same way, since in the historical process certain opuses “participate” in different ways, and sometimes only their some facets.

The most indicative factors logically take the central place in the framework of the heritage of each of the composers and music in general.

Conclusion. The heritage of the Kazakhs, in accordance with its origin, developed in close connection with other genres of the region. In the Western Kazakhstan, kuy influenced the structure of the song, and in the East Kazakhstan and Arka regions, kuy originates from the songs. In Syrdarya region, zhyr is in harmony with the song and the kuy as well.

The impact of the epic art traditions is expressed in the melodic structure, performing interpretation, character of instrumental (dombra) accompaniment. The continuity in the development of different national genres, widely spread in one region, appears quite logical.

Recognized by the people as a privileged status in society, a storage of subtle and refined feeling due to the identity of a particular lifestyles contributed to the emergence of thematic and stylistic “intersections” in their creative work.

The meaning of genre evolution is manifested in comparing certain texts. At the same time, the criterion in their selection, along with representativeness for the deep trends of intra-cultural development, genre-style polylogue and synthesis of arts, the quality of coverage in musicology literature was chosen as well.

The interaction between genre norms and manifestation of individual self-expression traits are key guidelines in interpreting the specific features found in the analysis of the works which were selected for presentation in this context.

А.Ж. Қазтуғанова, Кузембай С.А., А.Қ. Омарова, Б.Н. Акимжанов, Е.Е. Жаманбалинов

М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫНДАҒЫ ЖАНРЛЫҚ «ПОЛИЛОГ»

Аннотация. Этномузыкатанудың теориялық және тарихи қырлары әр буын зерттеушілеріне маңызды болған. Әрі бүгін де мәнін жоғалтқан емес. Оның үстіне, қоғамдық сананы жаңғырту тарапынан алғанда да өзектілігі ерекше арта түсуде. Дәстүрлі қазақ музыкасының жекелеген бағыттарының, түрлерінің, жанрлары мен формаларының байланыстарын және терең мазмұнын зерттеуде, типологиялық, хронологиялық, өңірлік ерекшеліктің көріністерін фактологиялық материал тұрғысынан алып қарағанда да, тұтас ұғымдық-категориялық жағынан да, ғылыми аппаратты жаңартуды көздейді. Осыған орай, қазақ халқының бай мұрасын зерделеудің уақыт тезіне сыналған әдістеріне сүйену қисынды.

Ұлттық мәдениет тарихындағы жанрлық-стильдік өзара іс-қимыл мәселелеріне жасалған үндеу бірнеше тақырыптық бөліктерді және олардың өзара байланысының аспектілерін өзекті етеді. Олар:

– көптеген көрнекілік контекстінде «өріліп» ұсынылған аспаптық сүйемелдеудегі дәстүрлі әндерді ноталық хаттау міндеттері;

– музыкалық өнер жанрларының сабақтастығы мәселелері Қазақстанның Сырдария ән дәстүрінің үлгісінде таныстырылған;

– қазақтың кәсіби-ауызша мәдениетіндегі әнші-композиторлардың шығармашылығындағы стилистикалық «қиылысу» себептері, нақты тұлғалардың және жекелеген туындылардың мысалында көрсетілген;

– өнердегі жарыс нормалары мен принциптері, жанрлық стильдегі «полилог» ретінде ғана сипатталмаған. Сонымен қатар, ішкі мәдени даму тенденцияларын да көрсетеді.

Мұнымен бірге музыкалық талдаудағы теориялық және практикалық мәселелер бір көзқараста біріктіріліп, ең алдымен, музыка мазмұнын жаңартып, «толық білімнің» пайдасына қатысты іске асатын келешек ғылыми көзқарастар көкжиегін кеңейтуге жол ашады. Соған байланысты бұл мақаланың «өтпелілік» сипатына ие болған түйткілді тұстары көрсетілген. Аспаптық және ән дәстүріндегі аттас шығармалар, еркін шығармашылық тұлғаның поэтикасы, мәдени-тарихи құбылыс ретіндегі қазақтың дәстүрлі музыкасы және т.б.

Негізгі тұжырымдардың қатарында:

Қазақтың рухани мұралары өзінің шыққан аймағына тән сол ортаның өзге жанрларымен тығыз байланыста дамып отыратынын айтуға болады. Мысалы, Батыс Қазақстан өңірінде күй өнері әнге әсерін

тигізсе, Шығыс Қазақстан, Арқа аймақтарында ән күйдің құрылымына арқау бола алады. Ал Сыр өңірінде жыршылық әнмен де, күймен де біте қайнасып жатыр.

Күрмеуі көп мәселелермен бетпе-бет келе отырып, осы аталған әндердің барлығы антологияға жан-жақты зерттеу мен зерделеулерден өткізу барысында әндердің әуендік иірім желісінен, орындалу мәнерінен, домбыра сүйемелінде кездесетін қағыстық тәсілдерден жырдың әсері анық аңғарылады. Олардың ән болып ерекшеленуі шумақты-қайырмалы құрылымы (кейбір жандайда қайырмасыз), поэтикалық мәтіні 11-буынды кара өлең формасында жазылғаны және жырға тән сюжеттік уақиғалардан тұрмайтындығы дәлелдейді. Өнер халықпен бірге біте қайнасып өмір сүретіндігі анық. Осы тұрғыдан алғанда бір аймақта кең таралған ұлттық жанрлардың сабақтастықта дамуы заңды. Өйткені, оларды шығарған, орындаған және насихаттаған тұлғалар өздері болған.

Сал-серілердің өнер төңкерісіндегі бір кезеңде ғұмыр кешуі, сол уақыттағы тарихи оқиғалардың ортақ, өнерпазға халық беретін мәртебенің бір болуы, сезімталдық, суырып-салмалық қасиеттерге барлығының бірдей ие екендігі, өмір сүру салтының ұқсастығы олардың шығармашылықтарында тақырыптық-стильдік сабақтасулардың кездесуіне септігін тигізген деп тұжырымдаймыз.

Екі жанрлық нормалардың (опера мен айтыс) өзара әрекеттестігі мен өзін-өзі танытудың жеке кырлары, түсінік беру ерекшелігіндегі басты бағдар, тұсаукесерге таңдалып алынған шығармалардың осындай контексті талдау барысында табылған.

Музыка ғылымындағы қазіргі даму кезеңіне орай ұсынылған «айналым», өзекті тарихи және теориялық мәселелердің, зерттеу жұмыстарындағы практикалық нәтижелермен нақты байланысында ғана келешегі болатынын растайды.

Түйін сөздер: ән, күй, айтыс, эпикалық дәстүр, нотаға түсіру, сал, сері, аймақтық музыка, дәстүр, музыкатанушы, ғалым.

А.Ж. Қазтуғанова, Кузембай С.А., А.Қ. Омарова, Б.Н. Акимжанов, Е.Е. Жаманбалинов

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

ЖАНРОВЫЙ «ПОЛИЛОГ» В КАЗАХСКОЙ МУЗЫКЕ

Аннотация. Теоретические и исторические аспекты этномузыковедения были и остаются значимыми для исследователей разных поколений. Более того, в свете модернизации общественного сознания они приобретают особую актуальность: изучение глубинной содержательности и взаимосвязей между отдельными направлениями, видами, жанрами и формами традиционной казахской музыки, усложненных проявлениями типологической, хронологической, региональной специфики, предполагает обновление как фактологического материала, так и понятийно-категориального и в целом научного аппарата. В этой связи закономерна опора на проверенные временем методы изучения богатейшего наследия казахского народа. Предпринятое обращение к проблемам жанрово-стилевого взаимодействия в истории национальной культуры актуализирует несколько тематических блоков и аспектов их взаимопроникновения:

задачи нотной расшифровки традиционных песен с инструментальным сопровождением, представленные в контексте многочисленных и показательных «переплетений»;

вопросы преемственности жанров музыкального искусства, проэкспонированные на примере Сырдарьинской песенной традиции Казахстана;

причины стиливых «пересечений» в творчестве казахских устно-профессиональных певцов-композиторов, показанные на примере конкретных персоналий и отдельных произведений;

нормы и принципы состязательного искусства, охарактеризованные как репрезентирующие не только жанрово-стилевой «полилог», но и тенденции внутри-культурного развития.

При этом теоретические и практические вопросы музыкального анализа объединены в одном подходе, освещающем, прежде всего, содержание музыки, что открывает перспективу в расширении горизонта задействованных научных подходов в пользу «цельного знания». Показательны в этой связи проблемные ракурсы статьи, приобретающие «сквозной» характер: одноименные произведения в песенной и инструментальной традициях, поэтика свободной творческой индивидуальности, казахская традиционная музыка как культурно-исторический феномен и др.

В ряду основных положений статьи:

Духовное наследие казахов в соответствии со своим происхождением развивалось в тесной связи с другими жанрами этого региона. Так, в Западном Казахстане кюй повлиял на структуру песни, а в Восточно-Казахстанском и аркинском регионах, напротив, кюй берет свое начало в песнях. В Сыр-дарьинском регионе жыр гармонирует и с песней, и с кюйем.

Все эти песни в ходе всестороннего исследования и изучения при разрешении многочисленных проблем подтверждают воздействие традиций эпического искусства, которое проявляется в мелодической структуре,

исполнительской интерпретации, характере инструментального (домбрового) сопровождения. При этом они сохраняют свою куплетную форму, типичный для них размер стиха (одиннадцатисложник), присущий им объем «сюжетных» событий. С этой точки зрения преемственная связь в развитии разных национальных жанров, широко распространенных в одном регионе, предстает вполне закономерной, поскольку создавали и исполняли их одни и те же музыканты.

Функционирование искусства салов и серэ в одну эпоху предопределено тем, что общность исторических событий того времени, признанный народом привилегированный статус в обществе, склад тонкого и изысканного чувствования в силу идентичности особого образа жизни способствовали появлению тематических и стилевых «пересечений» в их творчестве.

Взаимодействие двух жанровых норм (к примеру, оперы и айтыса) и проявление черт индивидуального самовыражения – ключевые ориентиры в интерпретации особенностей, обнаруживаемых в ходе анализа избранных для презентации в таком контексте произведений.

Представленный «разворот» актуальной историко-теоретической проблематики в ее очевидной связи с практическими результатами исследовательской работы подтверждает свою перспективность для современного этапа развития музыкальной науки.

Ключевые слова: песня, куй, айтыс, эпическая традиция, нотная расшифровка, сал, серэ, импровизационность, стилевое взаимодействие, жанровые особенности, региональные черты.

Information about authors:

Kaztuganova Ainur Zhasaganbergenovna, Candidate of Art Sciences, M. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan; zhasaganbergen@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1248-2759>;

Kuzembay Sara Adilkereyovna, The main researcher of the Department "Musicology" doctor of arts, Professor, corresponding member of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan; sara.kuzembai@mail.ru;

Omarova Aklima Kaiyrdenovna, Candidate of Art Sciences, Associate Professor, M. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan; aklima_omarova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-8681-2207>;

Akimzhanov Bakhtiyar Nurzhanuly, Junior researcher of the Department "Musicology", M. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan; bakhtiyar.akimzhanov@bk.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0989-3955>;

Zhamanbalinov Ernat Erbolatuly, Junior researcher of the Department "Musicology", M. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan; ernat-knc@mail.ru

REFERENCES

[1] Baitursynov A. (1989) Works: Poems, translations, research. (Compiled by A.Sharipov, S. Dautov) Almaty: Zhazushy, 320 p. (in Kaz.).

[2] Bokeikhanov A. (1995) Selected works (selected) / Ed. R. Nurgaliyev. Almaty: Kazakh Encyclopediasy, PP. 330-331. (in Kaz.).

[3] Zhubanov K. (1999) The origin of kuy genre in Kazakh music studies, researches in the Kazakh language. Almaty: Gylym, PP. 273-287. (in Kaz.).

[4] Auezov M. (1962) Time and literature. - Almaty, Kazmemkorkemadbbas, 428 p. (in Kaz.).

[5] Amanov B.Zh., Mukhambetova A.I. (2002) Kazakh traditional music and the XX century. Almaty, Daik-Press, 544 p. ISBN: 5-7667-0045-8 (in Russ.).

[6] Utegalieva S. (2016) The sound world of the Turkic peoples (on the material of instrumental traditions of Central Asia). Autoabstract from the dissertation for a doctor of art criticism degree. Moscov. p. ISBN: 5-7667-0045-8 (in Russ.)

[7] Shegebaev P. (2017) Kazakh dombra music: issues of theory, history and methodology. Astana: "Master Po" LLP, 327 p. ISBN: 978-601-7458-70-6 (in Russ.).

[8] Nesipbay R.T. (2000) Kuy-tokpe in the system of traditional world relations of the Kazakhs (issues of the theme, form and composition). Almaty, Nauka. (in Russ.).

[9] Gafurbekov T.B., Omarova A.K., Kaztuganova A.Zh. (2019) Ancient saryns of the great steppe // Bulletin of national academy of sciences of the Republic of Kazakhstan ISSN 1991-3494 Volume 3, Number 379, PP. 121-127. <https://doi.org/10.32014/2019.2518-1467.77>

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

<https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.63>

Volume 3, Number 331 (2020), 42 – 48

УДК 81'373

ГРНТИ 16.21.47

М. Қожанұлы

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы
Ұлттық қорғаныс университеті, Нұр-Сұлтан.
E-mail: m_kozhanuly@mail.ru

**ҚАЗАҚ РУЛАРЫНА ТӘН КЕЙБІР
МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СТЕРЕОТИПТЕРІ ЖАЙЛЫ**

Аннотация. Автор мақалада қазақ руларына тән кейбір мінез-құлықтарында қалыптасқан қасиеттеріне берілген бағалауды стереотип проблемасы тұрғысында қарастырады. Сондай-ақ Қазақстанның батыс өңіріне тән рулары (этноним) негізінде өз ортасында ешкімге ұқсамайтын мінез-құлық қасиеттері және іс-әрекеттерімен бір атадан өрбіген ұрпақтар санасында сақталған өмірлік тәжірибесін, дүниетанымдық болмысын, т.б. факторларын этникалық стереотип тұрғысынан анықтауға болатынын алға тартады. Этникалық стереотип арқылы мінез-құлықтан ұлттық құндылықтары мен этномәдени дәстүрлерінің, сондай-ақ туыстас немесе туыстас емес этностарының элементтерін көруге болады. Автор сол заманда-ақ қазақ руларының, оның ішінде Кіші жүздің Әлімұлы, Байұлы руларынан тараған аталарының даралық мінез-құлқына берген бағаларын рудың бірігуінің тұтастық жүйесі ретінде бүгінгі ұрпақтардың бойында сақталған қасиеттерімен салғастыра отырып, мінез-құлық прагматизмі аясында жеке зерттеуді қажет ететін проблема ретінде қарауды ұсынады.

Түйін сөздер: стереотип, мінез-құлық, мінез-құлық прагматизмі, қазақ рулары, этноним, этникалық стереотип, Әлімұлы, Байұлы.

Кіріспе. Қоғамда ғылым дамыған сайын, оның салалары тармақталып, дамитыны сөзсіз. Соның бірі – соңғы кезде шетелдік және отандық ғылымдар аясында «стереотип» мәселесі жиі сөз етіліп келеді.

Жалпы, «стереотип» деп, сонау XVII ғасырдың аяғында француз баспагері Ф. Дидо кітапты қайта басып шығаруда уақытты, еңбекті және бағаны үнемдеу мақсатында ойлап тапқан құрылғыны атаған. Кейін американдық публицист У. Липпман «стереотип» ұғымын термин ретінде қоғамдағы, ғылымдағы мән-мағынасын кеңейтіп, жан-жақты тұрғыдан (туыстық, таныстық, мәдени т.б.) қарастыруды ұсынды [1]. Содан бері шетелдік және отандық ғалымдар «стереотип» ұғымын түрлі ғылымдар аясында қарастырып келеді. Мысалы, Ю.В. Бромлей этностық стереотип деп, сол ұлттың ерекшелігін, мінез-құлқына қатысты берген бағаны назарға алса, ал этнограф А.К. Байбурин қоғамдық сананың бөлінбейтін бөлігі деп қарайды. Сондай-ақ Б.С. Ерасова және И.С. Конаның еңбектерінде этностереотипті қоғамдық және жеке сананың проблемасы тұрғысынан зерттеуді ұсынып, оларды әр түрлі қырынан қарастырып, жіктеп келеді [2]. Мысалы, әлеуметтік стереотипі, ойлау стереотипі, этностық стереотипі, орыс, француз, американдық және ағылшын туралы стереотиптері, мәдени стереотипі, қарым-қатынас стереотипі және т.б. Бір сөзбен айтқанда, «стереотип» ұғымы адам өмірінің барлық салаларын қамтитынын ескерсек, соңғы кезде шетелдік білім беру жүйесінде оқытылып жүрген «Ұйымдық мінез-құлық негіздері» [3] пәнімен сабақтасып жатқанын байқаймыз.

Қазақ сияқты келешегі мол, жан-жақты кемелдену, жаңару, гүлдену үстіндегі халықтың ұлттық келбетін танытуда белгілі бір өңірлердегі қазақ этносының құрамдас бөлігі ру, тайпа атаулар туралы саясаткер, Қазақ елінің Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Рас, Алтай тауларының сілемін қоныс еткен қарапайым қазақ батыс қазақстандық қазақтардың ру-тайпасын

таратып бере алмауы мүмкін, алайда ол өңірде Кіші жүздің қазақтары өмір сүргенін жақсы білген. Сол арқылы әрбір қарапайым қазақ, рулық қарым-қатынас жүйесінің арқасында, байтақ қазақ даласын бір ғана қазақ халқының мекен-тұрағы ретінде ой көзімен шола алған. Сонымен бірге өзін сол байтақ әлемнің жеке тұлғасы ретінде сезініп-түйсінген» [4, 48 б.], – дегендей, қазақтың кез-келген ру, тайпалық қарым-қатынас жүйесін тұтастық құбылысы ретінде танып-түсінуде мінез-құлқы мен психологиялық ерекшеліктері де жетекші рөл атқарғанын көреміз.

Кез келген адамның (ұлт өкілі – астын сызған біз) қоғамда, жанұясында, тіпті, руында қалыптасқан түрлі ерекшеліктерді өз бойына жинақтап, меңгереді десек, ең алдымен, олардың мінез-құлықтарында байқалады. Осы орайда, ұлы Абайдың 7-ші сөзіндегі: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. ...Біреуі – білсем екен демекілік...» [5, 285-286 б.], – десе, ал Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «... әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы» [6], – деп жазғандай, этностық стереотипте, оның ішінде қазақ руларына тән стереотиптері басқа туыстас немесе туыс емес этностарымен өзара іс-әрекетін анықтауға көмектесетінін былай қойғанда, қазақтың өз ішіндегі руларының бір-бірінен ерекшелігі, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы, тұрмыс-тіршілігін және т.б. айқындауға ықпал ететіні сөзсіз.

Этникалық стереотипте, сол ұлттың мінез-құлқынан, ұлттың рухани-мәдени болмысынан, оның жан-жақты қыры мен сырынан, ерекшеліктерінен айқын көрінетінін ескерсек, зерттеуші ғалымдар этнос стереотипін іштей: автостереотип (өз ру-тайпасы, ұлты арасындағы) және гетеростереотип (басқа ұлт арасындағы) деп бөледі.

Зерттеу барысындағы әдістер. Жалпы этнонимдердің, оның ішінде қазақ ру-тайпалары хақында зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың (Ш. Уәлиханов, М. Тынышпаев, С. Аманжолов, Ә. Марғұлан, Т. Жанұзақов, А. Левшин, А. Харузин, Н. Аристов, В. Радлов, А. Кононов, т.б.) тарихи-тілдік теориялық және методологиялық пайымдауларына сүйендік. Сонымен қатар, этностереотипті ұлттың мінез-құлқы аясында қарастырған зерттеуші-ғалым Ю.В. Бромлейдің [7, 143-172 б.] көзқарасы басшылыққа алынды. Сондай-ақ қазақ руларының мінез-құлқына, психологиялық ерекшелігіне қатысты зерттеушілердің әдістемелік пайымдауларын тізіп жатпай, осы жол авторы «Қазақ этнонимдер жүйесі» атты монографиясынан қарауды ұсынады [8].

Осы тұрғыдан келгенде, жалпы ғылыми айналымда «этноним, этнос» сөзіне берілген анықтамалар белгілі болғандықтан, оларға тоқталмай, «стереотип» ұғымына берілген анықтамаларды жинақтап «қалыптасқан, тұрақты көрінісі» немесе «біреу (адам) туралы қалыптасқан ерекшелікке пікір айту» мағынасында қарап, қазақ руларына, оның ішінде Қазақстанның батыс өңірі қазақтарының руларына (одан әрі – өңір этнонимдері) тән кейбір мінез-құлқына, яғни автостереотипке (өз ру-тайпасы, ұлты арасындағы) қатысты ерекшеліктеріне тоқталуды жөн көрдік.

Осы жерде кез келген ұлттан «Сенің ұлтың кім?» – деп сұрасаң, ойланбастан: қазақ, орыс, қытай т.б., ал «сен қай рудансың?» – деп сұрасаң, тағы да ойланбастан: адай, албан, әлім, тама т.б. жауап береді. Бұл – этнос немесе ру адамдарының саналы түрде жауап беру құбылысы. Олай болса, ру (немесе этнос) – адамға тағылған атақ емес, шынайы (реалитивті) ұғым.

Бір сөзбен алғанда, этнос дегеніміз – адам (шартты түрде).

Этностың (адамның) бойында өзіндік жекелік (даралық) ерекшелігі (бет-бейнесі) бар, ұлттық мінез-құлқы, жан дүниесі, іс-әрекеті, дүниеге көзқарасы т.б. бір-бірімен байланысты, психологиялық тұрғыдан қайталанбайтын жақтарымен қатар, этностардың бір-бірімен ұқсас қасиеттерін белгілі бір халық, ұлттың этносқа айналу процестеріндегі тіл арқылы көрінетін мәдени құндылықтары тұрғысынан да бағамдауға болады. Бір сөзбен айтқанда, «мен» арқылы адам өзін белгілі бір этносқа (ататекке), «біз» арқылы өзін жалпыға (руға) қосылады. Сөйтіп, адам өзі өмір сүріп отырған ортасы арқылы қазақи ұлттық көңіл күйі, жан дүниесі, мінез-құлқымен де этностың (рудың) қалыптасуына әсер етеді. Олай болса, этнос бойындағы өзіне тән ұлттық менталитетті, сондай-ақ бірлестік құрамындағы ірі ру, тайпалардың не бір атадан өрбіген ұрпақтар санасында сақталған шындық болмысын, мінез-құлқы мен психологиялық ерекшеліктерін этникалық стереотип тұрғысынан анықтауға болады.

Материалдарды талдау және оның нәтижелері. Осы жерде Билер институтының түп атасы болған Майқы би туралы Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Ел аузындағы аңыздың айтуынша, халықтың санасына сәуле түсірген «нұртаңбасын» – қазақ үш жүзінің бас таңбаларын тасқа қашаған сол кісі екен дейді. Үйсіндердің нысаны – Ту, арғындардың нысаны – Көз, алшындардың нысаны – Найза

содан қалса керек» [4, 273 б.], – дегендей, Майқы би салған бас таңбалардан үш жүздің қоғамдағы ролі мен орнын байқауға болады. Осыған қарап, ешбір талқылауға жатпайтын, жазылмаған далалық құқық дәрежесіне дейін көтерілген көшпенділік менталитетке тән Дала заңының, яғни өңір этнонимдері құрамындағы әрбір рудың өзіне тән көңіл күйі, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, іс-әрекеті т.б. ерекшеліктері (бет-бейнесі) арқылы сол рудың бет-бейнесін стереотипінен көруге болады. Екінші сөзбен айтқанда, сол заманда өмір сүрген рудың мінез-құлық қасиеттеріне берген бағалаудың екі жағы: бірі – ортаға тигізетін пайдасын, екіншісі – зиянды (кемсіту) жақтарын көреміз. Бұл стереотиптеу көрінісі қазіргі қоғамда да кездеседі [3, 132 б.]. Сондықтан қазақ руларын автостереотиптік (өз ру-тайпасы, ұлты арасындағы) тұрғыдан сөз еткенде, сол заманда өзін қоршаған ортаға тигізетін пайдалы жақтарын назарға алдық. Демек, қоғамдық ортада қалыптасқан мінез-құлық негіздері – жеке адамның (рудың астын сызған – автор), топтың мінез-құлқының айырмашылықтарын, қарым-қатынастарын түсінуге көмектесетінін ескерсек, қазақта «Ата – балаға сыншы», – дегендей, Байұлының ішінде Сегіз арыс адайдың бір баласы Тобыштан тараған Әлмембет өз балаларын сынап отырып, былайша:

Табынайым – көк сүңгісі қолында,
Еліне қорғар ер болар.
Шоңайым – өнері өрісті,
Сөзі келісті,
Шешімі тақ-тақ би болар.
Зорбайым – түлігі біткен,
Төлі өскен,
Ошарылған бай болар.
Осындай туыстарының ортасында

Бәубегімнің де шаруасы жай болар [9, 632 б.], – десе, ал Әлімұлының Қабақ руынан тараған бес ұлының бойындағы мінез-құлқы туралы:

Қарабасты найза беріп жауға қой,
Қалдыбайды айқайлатып дауға қой,
Жарасты қырындатып қызға қой,
Өмірді таяқ беріп малға қой,
Сексенді пышылдатып асқа қой [9, 630 б.], –

дейді.

Жоғарыда өлең жолдарынан әке өз балаларының бойындағы қасиеттері мен іс-әрекетіне қарап, баға бергенін көреміз. Сондай-ақ, Адайдың Құдайберді, Келінберді руынан тараған ұрпақты жинақтап, «Сегіз арыс Адай» деп те атап, одан өрбіген аталар туралы:

Бірі – жырау, бірі – акын,
Бірі – самал, бірі – салқын,
Бірі – жаңбыр, бірі – қарқын,
Бірі – мырза, бірі – ер,
Бірі – ылди, бірі – өр,
Бірі – мақпал, бірі – зер [9, 632 б.], –

деп, әрбір теңеу ұғымдар арқылы Адайдан өрбіген аталардың өзіне тән қайталанбайтын даралық мінезі мен ой-өрісін, іс-әрекетін, психологиялық ерекшеліктерін меңзейді.

Қазақ руларына ортақ тән қасиеттердің бірі – ел ішіндегі түрлі мәселелерді шешуде жүгінетін ортаның болуы. Соның бірі, Кіші жүзде «Әлім - аға баласы» атанған елдің өз ішінде де топ бастайтын жақсысы мен жайсаңын жинақтап: «Әлім-шөменнің ішіндегі биі – төртқара, батыры – қарасақал, мырзасы – шөмекей» [9, 627 б.], – деп, елдің ішінде жиі болып тұратын дау-дамайда Әлімұлында кімдерге жүгінуге болатынын алға тартады.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан соңғы кезде шетелдік және отандық білім беру жүйесінде жиі айтылып жүрген ұйымдардағы (рулардағы – астын сызған автор) мінез-құлықтың 4 қадамы: проблеманы тұжырымдау, ақпарат жинау, идея тудыру, идеяны бағалау [3, 124 б.] сол заманның өзінде-ақ рулар бойында мойындалғанын көруге болады. Және рулар бойындағы мінез-құлық ерекшеліктері, себептері қазіргі тілмен айтқанда, креатив әлеует пен креатив орта [3, 123 б.] арқылы қалыптасады. Сондай-ақ рудың (жеке адамның) мінез-құлық қасиеттері қоршаған ортаның

әсерімен бірге, оны көру, қабылдау және оған деген сеніміне де негізделеді. Сөйтіп, сол замандағы ел ішінде болып тұратын даулы мәселелерді шешуде ру басының бойындағы мінез-құлқынан және кез келген жағдайда ортақ ымыраға келіп, бейімделіп отырғанын, сол заманында да қазіргі жаһандану заманындағы қалыптасқан менеджерлік қасиеттің болғанын аңғарамыз. Бұл Абайдың 39-шы сөзіндегі: «...бұл замандағылардан артық екі мінез бар екен. ...Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі, ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. ...Екіншісі, намысқор келеді екен» [5, 338-339 б.], – деген жолдарымен сабақтасып жатыр.

Жоғарыда келтірілген жолдардан «Сегіз арыс» атанған Адайдан және Әлімұлының Қабақтан тараған ұрпақтарының елін, жерін қорғайтын ұлын дәріптесе, ал ел ішінде болып тұратын дауды шешуде дуалы сөзімен дүйім жұртты тыңдата да, тоқтата да білетін ұлы бар екенін мақтан тұтады. Сонымен қатар, осындай жерін қорғайтын, ойлы да, ұтымды сөзімен елін тыңдата білетін балаларының арқасында төрт түлігі мыңғырған байлыққа кенелген және ағаларының арқасында жай, тыныштық күйде өмір кешіп жатқан ұлдары да бар екенін айтады.

Бұдан шығатын қорытынды: әрбір ру-тайпаның өкілі (адам) өзінен өрбіген ұрпақтардың туған жерге деген көзқарасын, сондай-ақ олардың бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттеріне өзінше бағамдай, бағалай, сынай отырып, жақсысын дәріптеу, жаман әдеттен сақтандыру, тек бір ғана Кіші жүз руына тән демей, жалпы қазақтың ру, тайпаларына ортақ қасиет деп қараған орынды. Сондай ортақ қасиетті анықтап, бағалауда ел аузында Алаша руының Бейсеу атасынан тарайтын Байтоқ ақын Байбақты руының Шолан атасынан тарайтын Сырым баласы Қазы биден: он екі ата Байұлының әр біреуіне сол кездегі әлеуметтік қоғамдағы ісіне қарай, алатын орнына қарай, сынап, баға берсек не деп айтар едік,- деп сұраса керек. Сонда Қазы би өз заманындағы Байұлына тән әрбір рудың бір-біріне ұқсамайтын іс-әрекеті төңірегіндегі даралық мінез-құлқына берген әділ бағасы туралы айтқан төмендегі өлең жолдарынан көруге болады. Сонымен:

Сұлтансыйықта – сыйлық, сыпайылық,
Шеркеште – билік,
Жаппаста – қорлық,
Адайда – зорлық,
Ысықта – ұрлық,
Беріште – ерлік,
Есентемірде – саудагерлік,
Тазда – азғын [9, 34 б.], –

деп сипаттайды. Біз бұдан «мінез-құлық» ұғымы (концепт) аясында әрбір рудың іс-әрекеті төңірегіндегі даралық мінезін, яғни концептілік өріс жүйесін көре аламыз.

Жоғарыдағы өлең жолдарындағы Таз руына берілген бағадан нағашылы-жиенді немесе ағайын арасындағы өкпе наздық белгіні байқасақ, жазушы Б. Аманшин Таз руының іс-әрекетін: «Кіші жүздің қақ ортасында Ойыл деген суды жайлаған байұлы таз деген ел екен. Малының көптігіне маз, бос белбеу, бейғам, саудаға кеше, ұрлыққа олақ, бар білгені – ауыл сайын зергер мен етікші ұстайтын, баласына дейін домбыра күйлейтін, сауықшыл ел екен» [10, 57 б.], – деп сипаттайды.

Жоғарыдағы Қазы бидің Адай руына берген бағасымен бірге, адай руының мінез-құлқына қатысты аңыз-әңгімелер, фразеологиялық оралымдар жеткілікті. Соның бірі Адай руының өзіне тән мінез-құлық ерекшелігін оқшаулап, даралап көрсетуде өз заманында Қашаған жырау өз руының ерекшелігін тарпаңға, яғни асау жылқыға теңесе, ел аузында адайды «аккөз Адай» деген тіркес те бар. Біздіңше, бұл тіркестен адай руы адамдарының бетің бар жүзің бар демей шындықты бетке айту, берген сертіне мәртікпен қарайтын, ретті жерінде сөзге тоқтамағанды ұрып та жіберетін (тентектік), кейде сөз мәнісін түсінбейтіндерге тізесін батырып өктем сөйлейтін (зорлықшыл), кейде нағашылы-жиенді қалжындап, шәлкес сөйлейтін (оспадарлық) мінез-құлқына қарап осылай атаса керек. Ал маңқыстаулық зерттеуші С. Қондыбай [11, 41 б.] ел ішінде Адайға қатысты анекдоттардың бірінде кездесетін «шешесінің ... теуіп оятатын Адай» деген жолдардан оның оқшаулау мінезін меңзейді.

Бұдан шығатын қорытынды: жоғарыдағы Кіші жүздің Әлімұлы, Байұлы руларынан тараған аталарының мінез-құлқына берген бағаларынан рудың бірігуі, ұлттың тұтастық жүйесі ретінде бүгінгі ұрпақтар бойында кездесетін мінез-құлықтарында сақталған осы бір қасиеттерінен ұлттық құндылықтар жүйесінің элементтерін, сабақтастықтарын аңғарамыз.

Сонымен бірге, автостереотиптік (өз ру-тайпасы арасында) тұрғыдан қазақтың кез келген руы өзіне тән ұстанған салт-дәстүрді құрметтеп, ерекше көңіл бөліп отырғаны белгілі. Қазіргі тілмен айтқанда, өз руының моделін құраған. Сондай модельдің бірі – таз руының сейсенбі күнді тергеуі. Таз руының сейсенбі күнін тергейтіні туралы ел ішіндегі аңыз-әңгімені кезінде бізге Атырау облысының құрметті азаматы, Қазақстанның оқу ісінің үздігі, дербес зейнеткер Құрымбай Нұрмағамбетов ақсақал: «Атақты сейсенбі күнді тергеу оқиғасына ертеде Таз руының атақты байы Келдібай мен сол рудың ұйтқысы болып отырған Қожаназар Жәлімбетұлы кездесіпті. Аулы аралас, қойы қоралас заманда байдың бір інісі жолаушылап келе жатқан жігітті өлтіріп, жігіттің күмістен жасаған ер-тұрманын көмуге қимай, тығып тастайды. Арада бірнеше жыл өткен соң жоғалып кеткен жігіттің ер-тұрманы Көкжардың базарында сатылып тұрған жерінен ұсталады. Сатып тұрған адам «бұл ер-тұрманды Қожаназар ағамнан алып едім» депті. Сол бойда Әлім руының адамдары Қожаназарға келіп, болған оқиғаны баяндайды. Ол інісінің бейшара халін көріп, «Иә, менікі еді» дей салыпты. Сонда Әлім руының адамдары одан «ант» беруін талап етсе керек, сонда бір ауыз сөзден тұтылып қалған бай жалған ант береді. Ант берілген күн – сейсенбі екен. Кейін уақыт өте келе, замандастары байға бұл күнге өте сақ болуын өтінсе керек. Бірақ та Қожаназар бұған «сенбеймін» деп, қарсы әрекеттер жасайды. Нәтижесінде: сол күні ақтаған малы қырылып, сүндетке отырғызған немерелері, қартайғанда әйелдері қайтыс болыпты. Кейін бай ара ағайындардың айтуымен жас қызға үйленіп, төрт балалы болған соң, бұл күнмен ерегесуін тоқтатыпты-мыс.

Қожаназар өлер шағында: «Мен сейсенбіден жеңілдім, жұртым. Енді құлағы естіген Таз баласына оны құрметтеуді, бұл күні жаңа істі бастамауды, сапарға шықпауды, «ағайын» деп, ардан аттамауды өсиет етемін» деген екен. Сонымен, артында қалған жұрты сейсенбі күнін – дүйсенбінің түс уағынан сейсенбінің түс уағына дейінгі уақытты құрметтеп келеді», - деп баяндаған болатын.

Сондай-ақ ысық руында «үш тоғыздан сақтан» деген жолдардан олардың «тоғыз» санына ерекше мән бергенін, бұдан «үш тоғыздан сақтану» моделін байқауға болады.

Осы жерде жапон еліне барған сапары туралы журналист Ө. Оралбаевтың: «...жапондар 9 санына ерекше мән береді. Бұл күні жаңа іс бастамайды, жолға шықпайды, қонақ шақырмайды. Әрине, қазіргі жапон жастары мұны толық сақтай да бермейді, бірақ аға буын бұған мән береді екен» [12, 5 б.], – деген жазбаларында келтірген мәліметтерден жапон мен қазақтар (Кіші жүз қазақтарындағы ысық руы) арасында бір табиғи байланыс болуы мүмкін-ау деп ойлаймыз. Бір сөзбен айтқанда, таз руының «сейсенбі күнін – тергеу», ысық руының «үш тоғыздан сақтану» сияқты моделінен, сондай-ақ тіліміздегі сан ұғымымен байланысты қазақтың түрлі әдет-ғұрып, салт-дәстүріне қатысты ырым-жоралар, этномифологиялық қасиетке ие болып, жеке адамның (рудың), топтың арасындағы қатынастары мен стрессстерінен сол оқиғаға оң және теріс баға беруінен психологиялық процесін көреміз.

Алғыс. Кезінде Қазақстанның батыс өңірі этнонимдерін зерттеу туралы ұсынысымды қолдап, үнемі ақыл-кеңес берген жетекшім, әрі кеңесшім Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Телқожа Жанұзақовқа, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясы Тіл білімі институтының ғалымдары: Рәбиға Сыздықова, Әбдуәлі Қайдаров, Өмірзақ Айтбаев, Көбей Құсайынов, Қыздархан Рысбергенова, Нүргелді Уәлиев, Ербол Жанпейісов, Әлімхан Жүнісбеков, Жамал Мәнкеева, Мырзаберген Малбақов және т.б. ғалымдарға, сондай-ақ осы тақырып аясында кеңес берген қазақтың ономаст-ғалымдары Т. Жанұзақов және Қ. Рысбергеноваға алғысымды білдіремін.

Қорытынды. Жалпы, қазақ руларының өзіне тән ерекшеліктері, өмірлік ұстанымдары мен қағидалары және мінез-құлқына тән құндылықтарды зерттеу – өзекті проблема болғанымен, бұл мәселеге отандық ғылымда зерделі зерттеу жүргізілмегені белгілі. Соңғы кезде шетелдік және отандық қоғамдық және гуманитарлық ғылымның жетістіктері негізінде ұйымдардағы мінез-құлықты кешенді түрде зерттеу жұмыстарының қолға алынуы (мысалы, әскери ортада мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру), кешегі ру-тайпалардың, оның ішінде қазақ руларының мінез-құлық қасиеттеріне берілген бағамен де сабақтасып жатыр. Олай болса, өңір этнонимдерінің іс-әрекетіне тән мінез-құлық мен ой-өрісін, мәдениетін, тұрмыс тіршілігімен қатар психологиялық ерекшеліктерін, сол рудың ешкімге ұқсамайтын ерекше бет-бейнесін «имиджі» «стереотип» аясында немесе «мінез-құлық прагматизмі» аясында жеке зерттеуді қажет ететін проблемалық мәселе екені сөзсіз.

М. Кожанулы

Национальный университет обороны имени Первого Президента
Республики Казахстан - Лидера Нации

НЕКОТОРЫЕ СТЕРЕОТИПЫ ПОВЕДЕНИЯ, ХАРАКТЕРНЫЕ ДЛЯ КАЗАХСКИХ РОДОВ

Аннотация. В данной статье автор рассмотрел сформированные качества, присущие казахскому роду с точки зрения проблемы стереотипа.

С развитием той или иной отрасли науки в обществе, безусловно, развиваются и разветвляются и его внутренние подотрасли. В последнее время в сфере общественно-гуманитарных наук часто обсуждается вопрос – проблема изучения понятия «стереотип».

Впервые в науке словом «стереотип» в конце XVII века французский издатель Ф. Дидо назвал устройство, разработанное в целях экономии времени, труда и цен на переиздание книги. После этого американский публицист У. Липпман предложил рассмотреть понятие «стереотип» как термин, расширяя его значение в обществе, науке и всесторонне (родственные, познавательные, культурные и др.). С тех пор ученые рассматривают понятие «стереотип» в рамках различных наук.

В статье изучены историко-языковые теоретические и методологические суждения отечественных и зарубежных ученых в отношении казахских родов (Ш. Валиханов, М. Тынышпаев, С. Аманжолов, А. Маргулан, Т. Жанузаков, А. Левшин, А. Харузин, Н. Аристов, В. Радлов, А. Кононов и др.), а также мнение ученого-этнографа Ю.В. Бромляя, который рассматривал в разных аспектах особенности поведения этностереотипной нации.

В статье раскрывается проблема стереотипа с точки зрения оценки свойств казахских родов, в том числе на основе родов (этнонимов), присущих западному региону Казахстана, определены, с точки зрения этнического стереотипа жизненного опыта, мировоззренческого бытия и прочих факторов, которые не похожи на другие и сохранены в сознании потомков от дедов и отцов, сложившихся в своей среде с поведенческими качествами и действиями. Через этнический стереотип можно увидеть в поведении родственников или неродственных этносов элементы национальных ценностей и этнокультурных традиций.

При анализе материалов в составе этнонимов региона проявляется стереотипом лица каждого рода через характерное настроение, поведение, выразительность речи и др. Одним словом, мы видим оценку поведенческих качеств рода, существовавших в то время: первая – выгода для среды, вторая – вредность (дискриминация). Этот стереотипический вид встречается и в современном обществе. В работе были приняты во внимание все полезные стороны, которые будут способствовать окружающей среде, с автостереотипным (между родом своего рода, по национальности) выступали роды Младшего жуза алимулы и байулы.

В последнее время на основе достижений мировой общественной и гуманитарной наук проводится комплексная исследовательская работа в коллективах, наряду с оценкой поведенческих качеств вчерашних родоплеменных племен, в том числе казахских родов. Автор рассматривает такие качества, как преемность и целостная система нации и объединения родов с ценностями, индивидуальное поведение казахских родов, в том числе родных от родов алимулы, байулы младшего жуза и др. В сочетании с сохранившимися у сегодняшних поколений качествами, предлагается изучить эту тему как проблему, требующую отдельного исследования в рамках прагматизма поведения.

Ключевые слова: стереотип, поведение, прагматизм поведения, казахские роды, этноним, этнический стереотип, алимулы, байулы.

M. Kozhanuly

National defense University named after the First President
of the Republic of Kazakhstan-Leader of the Nation

SOME OF THE BEHAVIOR STEREOTYPES TYPICAL FOR THE KAZAKH CLANS

Abstract. The author of the article considered the formed qualities inherent in the Kazakh family from the point of view of the stereotype problem.

Together with the development of some particular branch of science in society, there also improved and formed out its internal subbranches. Recently, the issue of studying the concept of the "stereotype" is often discussed in the sphere of social and humanitarian sciences.

For the first time in science, the word "stereotype" was used by the French publisher F. Dido who called a device designed to save time, labor and prices for reissuing a book at the end of the XVII century. Later, the American publicist W. Lippman proposed to consider the concept of "stereotype" as a term, expanding its meaning in society, science and comprehensively (related, cognitive, cultural, etc.). Since then, the scientists have considered the concept of "stereotype" within various sciences.

The article examines the historical and linguistic, theoretical and methodological judgments of domestic and foreign scientists in relation to the Kazakh genera (Sh. Valikhanov, M. Tynyshpayev, S. Amanzholov, A. Margulan, T. Zhanuzakov, A. Levshin, A. Haruzin, N. Aristov, V. Radlov, A. Kononov, etc.), and the opinion of the ethnographer Yu. V. Bromley, who considered the assessment of the features and behavior of the ethnostereotype nation in different aspects.

The article reveals the problem of the stereotype from the point of view of assessing the properties of Kazakh genera, including the basis of genera (ethnonyms) inherent in the Western region of Kazakhstan, defined from the point of view of the ethnic stereotype of life experience, world outlook and other factors which are not similar to others and are preserved in the minds of descendants from their grandfathers and fathers prevailing in their environment with behavioral qualities and actions. Through the ethnic stereotype, you can see the elements of national values and ethno-cultural traditions in the behavior of related or unrelated ethnic groups.

When analyzing the materials in the ethnonyms of the region, the stereotype of the person of each genus is manifested through the characteristic mood, behavior, expressiveness of speech, etc. In short, we see the assessment of the behavioral qualities of the genus which existed at that time: the first – benefit to the environment, the second – harm (discrimination). This stereotype is also found in our modern society. The work took into account all the useful aspects which will contribute to the environment with autostereotype (between their genus and by nationality) and they were the genera of the younger zhuz: alimula and bayula.

Recently, on the basis of the achievements of the world social and humanitarian sciences, the comprehensive research work is carried out in the collectives, along with the assessment of the behavioral qualities of yesterday's ethnic tribes, including Kazakh clans. The author points out such qualities as continuity and an integral system of the nation uniting genera with values, together with an individual behavior of Kazakh genera, including relatives from the genera of alimula, bayuly from the younger zhuz and others. In combination with the qualities preserved in today's generations, it is proposed to study that issue as a problem which requires a thorough research within the framework of behavior pragmatism.

Key words: stereotype, behavior, pragmatic behavior, Kazakh genera, ethnonym of the ethnic stereotype, alimuly, bayuly.

Information about author:

Kozhanuly M., National Defense University named after the First President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy, Nur-Sultan, candidate of philological Sciences, Professor, senior researcher, m_kozhanuly@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9935-0750>

REFERENCES

- [1] Stereotype // <https://ru.wikipedia.org/wiki/> (date of issue - 10.10.2019 year.) (In Russ.).
- [2] Ethnic stereotypes of behavior – report // [http://myuniversity.ru/ Psychology/Ethnic_ stereotypes _ behaviors / 2619_78562.html](http://myuniversity.ru/Psychology/Ethnic_stereotypes_behaviors/2619_78562.html) (date of issue - 10.10.2011 year.) (In Russ.).
- [3] Essentials of Organizational Behavior, Fourteenth edition. Steven R., Timati A. Fundamentals of organizational behavior, 14-ed. Almaty: public Fund «National Bureau of translation», 2019. 488 p (kaz. lang).
- [4] Nazarbayev N.A. In the history stream. A., 2003. 288 p (kaz. lang).
- [5] Kunanbayev A. Poems. A., 1995. 384 p (kaz. lang).
- [6] Nazarbayev N.A. The article «Looking to the future: modernization of public consciousness» // <https://www.zakon.kz/4853272-n1201rs1201tan-nazarbaev.html> (date of issue - 10.10.2019 year.) (kaz.lang.).
- [7] Bromley Y.V. Essays on the theory of ethnos. M., 1983. 412 p (In Russ.).
- [8] Kozhanuly M. System of Kazakh ethnonyms. Astana, 2011. 448 p (kaz.lang.).
- [9] Madanov H. Genealogy of the Junior zhuz. Almaty: Atamura – Kazakhstan, 1994. 168 p (kaz.lang.).
- [10] Amansin B. The fate of Makhambet. A., 1991. 400 p (kaz.lang.).
- [11] Kondybay S. Mangistau-nama. Study. A., 2006. 444 p (kaz.lang.).
- [12] Орапбаев Y. Purity. Discipline. Stabilities. Tolerance // «Egemen Qazaqstan» gaz. №141-143, 17.04.2010 year. 5 p (kaz.lang.).

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

<https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.64>

Volume 3, Number 331 (2020), 49 – 56

ӨОК 787.1/4(470+571).

FTAMP 18.41.91

М.С. Медеубек¹, С.Ы. Өтеғалиева¹ С.М. Медеубек²

¹Құрманғазы атындағы ҚҰК, Алматы, Қазақстан;²Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан.E-mail: mms_turan0186@mail.ru; sa_u@mail.ru; medeubek.s.agat@gmail.com

ЕДІЛ БОЙЫНДАҒЫ ТАТАР, НОҒАЙ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚЫЛ-КУБЫЗДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Орталық Азияны мекендейтін түркі халықтарының мәдениетінде қобыз тектес аспаптар көптеп кездеседі. Қазақ (қобыз), қырғыз (кыяк), қарақалпақ (қобуз) елдерінде бұл аспап жақсы сақталған. Аталған аспаптар Еділ бойын мекендеген татар, ноғай халықтарының мәдениетінде де болған. Бұл жұмыста тұңғыш рет Астрахань, Қырым татарлары мен Кубань ноғайларының қобыздары туралы сөз қозғалады.

Мақалада аталған елдердің қобыз тектес аспаптарын зерттей отырып, барлығына ортақ ұқсастықтар мен ерекшеліктер анықталып, бұл аспаптарды қайта жаңғырту мәселелері қарастырылады.

Жұмысты жазу барысында салыстырмалы-типологиялық, салыстырмалы-тарихи және жүйелі-этнофониялық (И. Мациевский) әдістер қолданылады.

Орталық Азия түркі халықтарының қобыз тектес аспаптары жайында біршама еңбектер жазылған. Олардың ішінде Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Н. Миронов, В. Беляев, В. Виноградов, А. Жұбанов, Б. Сарыбаев, Ф. Кароматов, Ә. Мұхамбетова, С. Субаналиев, С. Өтеғалиева, С. Күзембай, Г. Омарова және т.б. ғалымдардың еңбектерін айтуға болады. Еділ бойын мекендеген халықтарының қобыз аспаптары жайында жазылған еңбектер көп емес. Олардың ішінде Н. Исанбет, М. Нигмедзянов, Ш.Х. Монасыпов, Г.М. Макаров, Д. Булатова сынды ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Астрахань, Қырым татарлары мен Кубань ноғайларының қобыз тектес аспаптары салыстырмалы түрде зерттелмеген. Аталған халықтардың қобыздарын ғылыми айналымға енгізіп, салыстырмалы түрде зерттеп, ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау ғылыми тұрғыдан маңызды деп есептейміз.

Зерттеу нәтижелері аталған елдердегі қобыз тектес аспаптардың даму жолдары мен сол халықтардың мәдениетіндегі орнын айқындауға және аталған аспаптарды қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: ысқышты аспаптар, қобыз, нар-қобыз, қыл-қобыз, қобуз, қыл-қыяк, татар қыл-кубызы, ноғай қобызы.

Кіріспе. Орталық Азия – ысқышты музыкалық аспаптардың пайда болып, түркі халықтарына кеңінен тараған жері. Музыкалық аспаптарды ысқышпен тарту мәдениетінің пайда болуы бірінші мың жылдықтың екінші жартысына жатады [1, 57]. Сонымен қатар аталған аспаптар Еуразияға жақын орналасқан территорияларда кездеседі. Бұл аспаптардың оңтүстік славян халықтарында кездесуі түркі халықтарының Балқан өңіріне келуімен байланысты [2, 16]. Шығыс мәдениетінің Еуропаға таралуына Еділ бойын жайлаған Түркі халықтары себеп болған [3, 28]. Сол ысқышты аспаптардың бірі – қобыз. Қобыз – түркі халықтарына ортақ, екі қыл ішекті, ысқышты аспап. Бұл аспаптар қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек халықтарында ғана емес, Еділ бойын мекендейтін башқұрт, ноғай, татар халықтарында да болған. Қазіргі таңда өзбек, ноғай, татарларда аталған аспаптар қолданыстан шығып кеткен. Тек аспаптың атауы ғана сақталған.

Түркі халықтарының мәдениетінде қобыздардың көлемдері мен түрлері әртүрлі. Олар құрылымдық және орындаушылық әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Қазақ халқында қобыздардың белгілі бір көлемі, өлшемі болмағаны белгілі. Негізінен бұл аспаптар үлкен және кіші көлемді болып келеді. Аспаптар орындаушының дене бітіміне қарай [4, 114] және тұрғылықты мекенде

кездесетін ағаштың сипатына, жуан-жіңішкелігіне (шанақ діңнен біртұтас шабылатын болған) байланысты әртүрлі көлемде болған. Қазақ халқында үлкен пішінді қобыздарды «нар-қобыз» деп атайды. Қырғыз, өзбек, қарақалпақ елдерінде нар-қобыздар кездеспейді. Үлкен пішінді қобыздарды біз Еділ бойын мекендейтін ноғай, татар халықтарынан байқаймыз. Сонымен қатар қыраш татарларының музыка мәдениетінде *кубыз/кугыз, такта кубыз, сызгычты* (ысқышты) *кубыз* деп аталатын екі сым ішекті, тұтас тақтайдан құралып, бетіне ағаш қақпақ жабылып жасалатын аспап бар [5, 67].

Түркі халықтарына ортақ Махмұт Қашқаридің (XI ғ.) «Диван Лугат ат-Турк» атты сөздігінде «қобыз» атауы өзгеріссіз берілген [6, 347]. Бұл «қобыз» сөзінің өте көнеден келе жатқанынан және тек түркі халықтарына тиесілі екендігінен хабар береді. Жоғарыда аталған халықтарда аспаптардың атаулары бір-біріне өте ұқсас. Қазақ, ноғай халықтары «қобыз», «қыл-қобыз» десе, татарлар «кубыз», «кылкубыз» деп атайды.

Мақала Еділ бойын мекендейтін Астрахань, Кубань ноғайлары мен Қырым, Черемшан өзенінің бойын жайлаған татарлардың қобыздарына арналған. Аталған аспаптардың генезисін, таралуын, олардың эргологиялық ерекшеліктерін тану Еділ бойы мен Еуразияны мекендейтін түркі халықтарының типологиялық туыстас аспаптарын, аспапты музыкасын зерттеу қажеттілігін тудырады. Жоғарыда аталған татар, ноғай халықтарының қыл-қобыз тектес аспаптары осы уақытқа дейін зерттеу нысаны ретінде алынбаған. Бұл аспаптар қолданыстан шығып кеткен және аталған аспаптар туралы жазылған еңбектер де өте аз. Сонымен қатар қобыздардың құрылымдық ерекшеліктерін, мәдениеттегі қызметін анықтау арқылы қазақ, татар, ноғай халықтарының өзара байланысына, қобыздардың даму жолдарына көз жеткізе аламыз. Тарихи деректердің негізінде бұл халықтардың қобыздарын салыстырмалы түрде зерттеу арқылы олардың өзіндік айырмашылықтары мен ортақ ұқсастықтарын тауып, ғылыми айналымға енгізу өзекті. Сонымен қатар бұл зерттеу жұмыстары аспапты қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Бұл жұмыс аталған елдердің қобыздарының ерекшеліктері мен ортақ ұқсастықтарын айқындап, оларды қайта жаңғырту мәселелерін қарастыру мақсатында жазылған.

Мақаланы жазу барысында қобыздардың айырмашылықтары мен ортақ ұқсастықтарын анықтау және аспаптарды қайта жаңғырту міндеттерін қоямыз.

Тұңғыш рет аталған елдердің қобыздарына салыстырмалы-типологиялық талдау жасалады және салыстырмалы-тарихи, жүйелі-этнофониялық (И. Мациевский) әдістер қолданылады. Аспаптардың морфологиялық және эргологиялық қырлары қарастырылады.

Мақаланы жазу барысында әртүрлі материалдар пайдаланылды. 2017 жылдың Қараша айында Н.Г.Жиганов атындағы Қазан мемлекеттік консерваториясында өткізілген ғылыми іс-тәжірибе кезінде жиналған мағлұматтар қолданылды. Ш.Х. Монасыпов, Г.М. Макаров, Л.И. Сарварова сынды Татарстан ғалымдармен және консерватория студенттерімен сұхбат жүргізілді.

Татар қобызын зерттеуде С.Г. Гмелин, П.С. Паллас, Н. Исанбет, М. Нигмедзянов, Ш.Х. Монасыпов, Г.М. Макаров, З.Л. Гучев сияқты ғалымдардың ғылыми жұмыстарына сүйендік.

Татар, ноғай қобыздарының суреттері бірнеше ғылыми еңбектерде көрсетілген. XVIII ғ. С.Г. Гмелиннің кітабында Астрахань татарларының қобызының суреті бар [7, 138]. Академик П.С. Палластың 1793-1794 жылдары Ресей империясының оңтүстік провинциясына жасаған саяхаты жазылған кітабында Қырым татарларының қобызының суреті салынған (<https://aldusku.livejournal.com>). XIX ғ. Черемшан өзені бойындағы татар қобызының И. Георгидің сипаттамасы бойынша реконструкцияланған суреті Г.М. Макаровтың еңбектерінде жарық көрді. Кубань ноғайлары қобыздарының сипаттамалары мен суреттерін Адыгей Республикасының Еңбек сіңірген суретшісі, зерттеуші-шебер З.Л. Гучев бізге сыйға тартты. Кубань ноғайларының тағы бір суретімен өнерпаз, ноғай ақыны – Арсланбек Султанбеков қоғамдық ғаламтор желісі арқылы бөлісті.

Татар, ноғай халықтарының қобызы және олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтары.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан.

E-mail: Ata. turmagambet@mail.ru; aya1391@mail.ru

**МУҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ КҮНДЕЛІКТЕРІНДЕГІ
КӨҢІЛ-КҮЙ СЕЗІМДЕРІ**

Аннотация. Күнделік – қазақ әдебиеттану ғылымында аз зерттелген тақырыптың бірі. Белгілі өнер адамдары мен мемлекет, қоғам қайраткерлерінің күнделік жазуы бұрыннан бар үрдіс. Бірақ осындай тұлғалардың күнделік жазбалары әдебиеттану ғылымының аясында зерттеліп, оның жанрлық, стилдік ерекшеліктері талданып, әдеби жанр ретінде өз бағасын ала алмай келеді.

Мақалада ақындық талантымен танылған М. Мақатаевтың күнделіктері туралы сөз болады. Күнделік-жазбалар ақынның лирикалық өлеңдерімен біртұтас қарастырыла отырып, олардың арасындағы байланыс зерделенеді.

Сондай-ақ ақын күнделіктерінің жазылған уақыт кезеңі, күнделік-жазбадағы автордың көңіл-күйі, қоғамдық ортаға деген көзқарасы сараланған. Күнделік-жазбалар шартты түрде тақырыптарға жіктелген.

Түйін сөздер: күнделік, жанр, лирика, ой ағысы, тақырып, шығармашылық лаборатория, ішкі монолог, әдеби әдіс.

Өнер адамдары мен ғалымдардың, саяхатшылар мен мемлекет басқарған қоғам қайраткерлерінің күнделік жазуы – әдеби үдерісте бұрыннан бар үрдіс. Күнделік – өмірлік тәжірибе мен көзқарастың, таным мен көңіл-күй сезімдерінің нәтижесінде өмірге келетін жанр. Көбіне күнделікте автордың өз өмірі немесе өмір сүрген қоғамы, оның ойы мен қиялы, дүниетанымы мен философиясы баяндалады. Мемуарлық жанрдың бір түрі ретінде күнделік – жазушының, ғалым не саяхатшының өз көзімен көріп-білген жайларын есте сақтау үшін жазылатын шығарма. Күнделікке тән қасиет деректіліктің, шынайылықтың басым болуында. Әдебиеттанушы ғалымдардың күнделікті суреткердің шығармашылық лабораториясы аясында, тарих зерттеушілерінің күнделікті дереккөз ретінде қарастыруы да осыдан. «Күнделік автордың бүгінгі күнімен байланысты. Ал естелік өткен күнді еске түсіру арқылы жазылады. Яғни, естелікке қарағанда күнделікте нақтылық, шынайылық басым. Сонымен бірге автордың ішкі көңіл-күйі анық көрінеді. Күнделіктің естелікке қарағанда ерекшелігі де осында», – деген ғалым пікірі күнделіктің жанрлық ерекшелігімен қоса, оның автордың жандүниесімен, ішкі сезімімен, көңіл-күйімен байланысты екендігін көрсетеді [1, 137-143]. Өнер адамдарының, соның ішінде ақын-жазушылардың күнделік жазуы да күнделіктің осы қасиетіне байланысты болуы керек.

Әдеби үдерісте ақындық талантымен танылған М. Мақатаев тек өлең, поэмалар ғана жазып қоймай, прозаға да батыл қалам сілтеп, көркем аудармалар да жасаған. Ақынның 1991 жылы шыққан «Күнделік» атты еңбегі шығармашылығының қыр-сырын ашып, оларды оқырманның жан-жақты ұғынуына үлкен септігін тигізеді. Сондай-ақ, оның жары – Л. Әзімжанқызы мен О. Асқардың құрастырумен шыққан М. Мақатаев шығармаларының төрт томдық толық жинағына да күнделіктері енген.

«Әдебиеттануда өзіндік орны бар мәдени-психологиялық бағыттың басқалардан басты ерекшелігі – жазушының шығармашылық, әлеуметтік-тәжірибесінен гөрі оның жеке басының қасиеттеріне көбірек назар аударатындығында жатыр. Қаламгердің мінез-құлқы, өмірлік

тәжірибесі, білім-білігі, мәдени дәстүрге қатысы, қоршаған әдеби-мәдени ортасының ахуалы да мәтінде өзіндік көрініс табады...

Қазақ әдебиетінде көп сөз болмаған ақындық прозаны, яғни М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ж. Нәжімеденов, М. Мақатаев сияқты қаламгердің әңгіме, повестерін осы тұрғыдан талдау, олардың ерекшелігін тап басып көрсетуге себі тиетіндей [2.21]», – деген ғалым пікірі М. Мақатаев күнделіктері туралы зерттеудің бағыт-бағдарын айқындап беретіндей. Ендеше ақынның күнделік жазбаларын оның ішкі жан-дүниесімен, қоршаған ортаға деген көзқарасымен, ой-ағысымен байланыстыра зерттеу нәтижелі болмақ. Өйткені күнделік – суреткер сезімі мен ішкі дүниесінің көрінісі.

Бізге жеткен ақын күнделіктерін жан-жақты зерттеген ғалым С. Әбішованың еңбектеріне сүйенсек, оның күнделік жазуға деген әуестігі 1952 жылдың күзінен басталған [3]. Соңғы жазбасы ақынның қайтыс болуынан бір ай бұрын – 1976 жылдың 28 ақпанында жазылған. Өкінішке орай, жазбалары өте аз. Егер ақынның артында қалған қолжазбалары толық сақталып, құрастырушылар тарапынан қалып қоймаса 1952-1953 жылдары жазылған үш жазбадан кейін араға 20 жыл салып 1972 жылы жалғастырған сынайлы. Басында күнделік қазақ тілінде жүргізілген, кейін орыс тілінде жазуды әдетке айналдырған.

Ақынның 1952 жылғы қарашаның 3 пен 4-не қараған түні таңғы сағат алтыда жазған жазбасы көңіл аударуға тұрарлық. Өзі «Түс» деген ат қойып, жазған уақытын дәл көрсеткен: «*Баяғы менің тозған үйім.*

...Анам, Анам! Жеті қат жер астында жатсаң да біліп отырсың-ау! Кешір, ана, өмірде көрген жақсылық пен жамандығым ойымнан ұмыт болғанымен, дән теріп тамақтандырған сен ойымнан қалай ұмыт боларсың?

Апатайым, неткен айбынды, зор едің! Алқабынан алтынын ақтарып алып жатқан асқар тау де сенімен теңдесе алмайды! Сен әрқашан биіксің, зорсың! Олай болуға хақың да бар», – дейді [4, 358]. Үзіндіден ақынның жан күйзелісі, анасына деген сағынышы анық көрінеді. Жалпы күнделік жанрының ерекшелігі де осында. Есімізге ақынның «Шеше, сен бақыттысың» өлеңі еріксіз оралады:

Шеше, Сен бақыттысың, Жыламағын!
Жай түсіп жатқанда да құламадың
Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның
Сондықтан жыламағын, жыламағын!
Мен сенің қанықпын ғой көз жасыңа
Өзім кепіл тот басып, тозбасыма.
Екі жыр жазсам саған бірін арнап «Ана»

деп жаздым ылғи сөз басына [5, 114].

Ақынның көрген түсінің әсерінен туған өлең жолдары сияқты сезімде боласың. Тіптен, күнделік-жазбаның поэзиядағы көшірмесі іспетті. Қалай болғанда да, екі шығарманың үндестігі, ой ағысы көңіл аудартпай қоймайды. Екінші мәселе, «Түс» аттас өлеңнің жазылуы. Әрине, ақын шығармаларының арасында мұндай өлеңнің кездесуі кездейсоқтық деп қарауымызға да болар еді. Бірақ күнделіктегі «Оянсам түсім, таң атты» деген жолдардың аталған өлең жолдарында кездесуі осы күнгі жазылған күнделік жазбасы мен аталған өлеңнің өмірге келуінде бір байланыстың бар екендігіне көз жеткізеді.

Суреткердің көркем шығарма жазу үстінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы шығармашылық заңдылық. Кей қаламгерлер болашақ кітабына қажет болар деген оймен жүйелі түрде күнделік жазып жүреді. Мәселен, қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов жазушылық жұмысына қажетті материалдарды қойын дәптеріне түртіп, күнделік жазып отыратын болған. Жалпы ақын-жазушылардың шығармашылық лабораториясын зерделей қарағанда күнделіктің, естеліктің нәтижесінде жазылған көркем шығармаларды көп кездестіруімізге болады. Ө. Нұршайықовтың, Т. Әбдіктің бірнеше шығармасы алғашында күнделік күйінде жазылып, кейін көркем прозаға айналған. Сол сияқты А. Бақтыгерееваның кейбір лирикалық өлеңдерінің негізінде де ақын күнделігінің сырлары жатыр. Ендеше, М. Мақатаевтың «Түс» өлеңінің өмірге келуін ақын күнделігімен байланыстыра қарауымызға негіз жоқ емес.

Байқадым баяу қан ақты,
Жабырқау жылы жүректен,
Оянсам, түсім, таң атты,
Сейілдім сонда түнектен [6, 104].

Көріп отырғанымыздай, күнделік жазбасы мен өлең жолдарындағы лирикалық кейіпкердің ішкі сезімі, көңіл-күйі бір-біріне жақын. Тіптен егіз деп айтуымызға болады. «Күнделік автордың күнделікті өміріндегі оқиғалардан түйген ой-сезімдерінің нәтижесі, ой ағысы және қоршаған ортадан алған әсерінің көрінісі», – деген [7, 18] тұжырым биігінен қарар болсақ, ақынның жоғарыдағы күнделік жазбасы мен өлең жолдарындағы тұтастық күнделікті өмірден түйген ой-сезімдерінің әсері екендігін көруімізге болады.

Мұқағали «Мен үшін дүниенің қорлығы – адам айыбын бетіне басу, оның нашарлығын дәлелдеу...» дей келе, күнделік жазбаларында өзіміздік, мақтаншақтық, даңғойлық сияқты адамгершілік қағидасына жат мінез-құлықтарды сынап, өмірдегі келеңсіз жайларды қағаз бетіне ашына түсіріп отырған. Өзі барынша ашық, тікмінез, адалдық пен әділдікті ту етіп ұстаған ақынның өмірдегі, қоғамдағы, қоршаған ортасындағы мұндай жағдайларға төзбеуі де заңдылық. Автордың өмірдегі өз болмысы, қарапайым табиғаты, шындықты бүкпесіз айтатындығы күнделіктерінен анық көрінеді. «Бойында бір тамшы таланты жоқ бола тұра, талантты әдебиетшілердің қатарында тұрғысы келгендер ақымақ емес, өз шығармашылығын бүгінгі күнмен және өзінің ұранды патриотизмімен өлшейтін, сөйте тұрып, әдебиетте қалғысы келетіндер – ақымақ. Ұятсыздар, олар таланттың орнын баса қоюға дап-дайын және ойлап қараңызшы, «орнын басады да». Орынға отырады да, таланттардың үстінен бұйыра бастайды. О, қандай күйінішті! Одан өткен күйініш болмайды... » [4, 380-381].

Тағы бірде: «27 қаңтар 1974 ж. Ақындық тағдырым, қарғыс атсын сені. Мені қоршаған орта үш мәрте қарғыс атсын сені! Мен жаныммен, жүрегіммен берілген, сенген, жақсыдан үміттенген ортам. Өзімді төмендеткен, маған қайғы мен қиналыстан өзге ештеңе әкелмеген күндерді бастан өткерудемін. Жер бетінде менен өткен бақытсыз адам жоқ екендігіне енді ғана көзім жетті» [4, 370], – дейді.

Поэзиядағы лирикалық кейіпкерді – автор-ақынның көркем «егізі» деп танысақ, күнделікте автордың өзі. Д.М. Поляк пікірінше, авторлық рефлексия, шындыққа құрылу, психологиялық сенімділік сияқты факторлар күнделікте алға шығады [8]. Автор мен оқырман арасында делдалдың болмауы, олардың арасындағы қашықтықты қысқартады: оқырман күнделік авторының ашық жанына енеді, өткеннің қатысушысы және куәгері болып табылады. Осының айқын көрінісін Мұқағали күнделіктерінен көріп, сезіне аламыз. Оқырманын бей-жай қалдырмайтын күнделіктегі жазбалар ақынның психологиялық жай-күйінен хабар береді: «Дұшпандарым тоқтаусыз шабуылдауда. Олар мені құртып жіберуге дайын. Егер кімде кім біреуіне қару беріп «оны ат десе», – қолы қалтырамай сол мезетте мені өлтіруге дайын: мені – адамзатты сүйетін, ешкімге қастық жасамаған» [4, 379], – деген жолдар өз заманындағы ақынның күйзелісі мен күйінішін, мұны мен сырын анық көрсетеді.

Мұқағали тек мұң мен қайғының ақыны ғана емес, кейде кемерінен асып-тасып шалқиды, жігерленеді, тағдырымен, қоғаммен алыса түсуге дайын тұрады. Бұл оның адам ретіндегі мінезі ғана емес, ақындық шалқар шабыты, өнердің құдіреті. Ақын-философтың, ақын-патриоттың осындай сәттері оның жазбаларынан да көрініс тапқан. Туған жерге, өз халқына деген махаббаты шексіз ақын: «Ойлап отырсам, менде бір арман бар екен. Ол – қалайда халқыма жағыну, ұнау соған. Тек соған ғана жасырмай шынымды айтсам деп едім. Халқым, үнімді қалай жеткізем саған?... 22 февраль 1973 жыл» [4, 361], – деп тебіренеді. Ал осы бір жігерлі тебіреніс өлеңіне еш айнығысыз көшкен:

Өлең – менің бар тынысым,
Жақсы сөзім- жаны игі халқым үшін [9, 139-140].

Мақатаев күнделіктерінде болған оқиғаларды күнбе-күн беретін жазбалар кездеседі. В.В. Федотова «Қазіргі кезде автодеректік әдебиеттерді зерттеу жүйелі үрдіс алып келеді. Деректі әдебиетті зерттеудің әдіснамасындағы «шындық», «ойдан шығару», «дерек» және «көркем шығарма» ұғымдарын осы мәселе аясында қарастырып келеді» [10, 3] десе, А. Громова: «Қазіргі

әдебиеттану ғылымының алдындағы бірінші және ең басты мәселе әдеби материалдардың негізінде деректі көркем әдебиеттің жанрлық ерекшелігін зерделеу» [11], – дейді. Ғалымдар пікірі әдебиеттану ғылымы үшін естелік, күнделік, хат сияқты деректі әдеби жанрлардың құндылығын және оны зерттеу мен зерделеудің қажеттігін көрсетеді. Осы тұрғыдан қарасақ, Мұқағали күнделіктері сол кезеңдегі әдеби үдерістің, ақын-жазушылар арасындағы қарым-қатынастың, қоғамның өнерге, өнер иелеріне деген көзқарас-ұстанымының шынайы көрінісі дер едік.

Мақатаев күнделіктері ақын өмірінің әртүрлі қырларын, оның ойлары мен сезімдерін, ішкі дүниесіндегі психологиялық иірімдерін тап басып көрсетеді. Яғни, адами бітім-болмысының, өмірлік ұстанымы мен көзқарасының, ішкі сезім-күйінің шынайы көрінер тұсы күнделіктері. Өмірден өтер алдында жазған күнделік жазбалардың бірінде:

«Егер қайсыбір кезде, кейбіреуді менің өмірім, менің шығармашылығым қызықтырса, айтарым:

Менің қымбатты достарым! Егер сендер шынымен менің өмірбаянымды, шығармашылығымды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыңдар. 14 февраль 1976 ж.» [4, 393], – деп жазған екен. Бұл менің шыным да, сырым да, өмірім де, шығармашылығым да өз жазбаларымда дегені болса керек.

М. Мақатаевтың күнделіктегі жазбалары өмірдің өзінен ойып алған ақындық қиял мен азаматтық ұстанымның жемісі. Сондықтан да оларда салмақты ой, салиқалы пікірлер жатады. Тіптен қазір көптің аузында жүрген, шығармашылық үдерісте жиі қолданатын нақыл сөзге айналып кеткендері де бар. *«Поэзия махабаттан басталып, парасатпен аяқталуы тиісті ...»* [4, 360], *«Поэзия – ғылым. «...» Адам сезімін жан-жақты зерттейтін құдірет болса, ол тек – поэзия»* [4, 362], *«... поэзия журналистика емес, ал ақын дабыра туғызатын жағдайларға жүгіре беретін журналист емес, алтынмен киіндіріп қойған қаңқа сүйек табылғаны үшін ғана поэзия жазуға бола ма?!»* [4, 377], – деген ойлары әдебиеттің, соның ішінде поэзияның көтерер жүгін, айтар ойын салмақтайды. Өзі «мен әдебиет сыншысы емеспін», – дегенімен, жоғарыдағы ойлары сөз өнерінің қыры мен сырын анық көрсететін сыншылдық ойлар.

Ақынның шығармашылық лабораториясын зерттеуші үшін керекті құнды деректер де осында: *«Бүгін, 1974 жылғы 27 январьда, бір отырғанда, үзіліссіз, бірде-бір түзетусіз таңертеңгі 10-нан түнгі 12-ге дейін «Чили – шуағым менің!» атты поэма жазылды. 27 январь 1974 жыл.»* [4, 370], *«Адамдарды түсіне отырып, олардың да мені түсінгенін қалаймын. Менің бүкіл поэзиямның мәні, міне, осы. Поэзия – мен үшін жанымның шырылы. Басқа ештеңе де емес...»* [4, 387], *«Мен өлеңді үзіп-жұлқып, орайы келгенде, кезі келген жерде жазуға әдеттенбегем. Жоқ! Поэзия– жан бұлқынысы. Бұлқыныс пайда болғанда, қаламнан қол үзбей отыру керек. Кімнің қайтетінін қайдан білейін, мен өзім шабыттың бүкіл сөлін сығып алып, құр сүлдерін қалдырғаниша орнымнан тұрмаймын. Аурудың аты ауру, бірақ жұмыс өте жақсы істелді. Кейде ол (шығармашылық) мені бүкіл сырқатымнан сауықтырып жібереді»* [4, 392], – деген сөздері ақынның шығармашылық ғұмырынан сыр шертер құнды деректер екені сөзсіз.

Күнделік жазушы өзінің ішкі сезімін, ешкімге айтпас сырын ақ қағаз бетіне түсіреді. Осы жағынан келген күнделік-жазбаның ішкі монологпен табиғаты жақын екендігіне де назар аударуымыз қажет. Ішкі монолог – кейіпкердің ішкі ойы, өзіне өзі қарата айтылған арнауы. Көңіл-күй сырын білдіретін, эмоциялық әсерді байқататын көркемдік құралдардың бір түрі екенін ескерсек, осы көркемдік құралдың күнделікпен байланысы, жақындығы айқындала түседі.

Мақатаев поэзиясы Пушкин, Абай, Блок поэзиясы сияқты, мәңгі жаңа және кез келген ғасыр оқырманы үшін жаңашылдық десек, оның қаламынан туған күнделік жазбалары да оқырман үшін аса тартымды, айтары мол ақиқат сөздер. Ал ғылым үшін тың, өзекті тақырып.

А. Отегенова, Г. Туякбаев

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

ЧУВСТВА, ВЫРАЖЕННЫЕ М.МАКАТАЕВЫМ В ЕГО ДНЕВНИКОВЫХ ЗАПИСЯХ

Аннотация. Дневниковые записи – одна из малоизученных тем в казахской литературоведческой науке. Известно, что многие представители искусства, государственные, общественные деятели ведут дневниковые

записи. Однако эти произведения ещё не могут получить свою оценку как жанр литературы; необходимо анализировать их жанровые, стилистические особенности в рамках литературоведческой науки.

Объектом исследования в данной статье являются дневниковые записи талантливого поэта М. Макаатаева. Записи поэта изучаются в единстве с его лирическими стихами, устанавливается их взаимосвязь.

Также в статье анализируется период, в который велись записи, настроение автора, его отношение к явлениям в обществе того времени. Дневниковые записи поэта условно распределены по тематическим группам.

Основной причиной, по которой мы обратились к дневникам М. Макаатаева, является их теоретическая познавательность и практическая ценность. Записи в дневниках поэта отображают разные стороны его жизни, мысли, чувства, психологические водовороты его внутреннего мира. Дневниковые записи М. Макаатаева являются результатом его поэтической фантазии и гражданской позиции, основанной на самой жизни. Поэтому в них заложены глубокие мысли, серьезные выводы.

В статье приведены примеры часто используемых в творческом процессе афоризмов, слов-наставлений, которые сейчас знакомы многим.

В дневниках М. Макаатаева встречаются описания событий с указанием точных дат. Записи поэта изучаются во взаимосвязи с его внутренним миром, взглядами на окружающую среду, течением его мыслей.

Дневник – это отражение чувств и внутреннего мира поэта.

Еще раз отметим, что в дневниковых записях М. Макаатаева нас привлекли их теоретическая познавательность и практическая ценность. Они являются «источником, вспомогательным материалом в изучении биографии писателя и историко-литературных проблем».

Поэзия М. Макаатаева, так же как поэзия Пушкина, Абая, Блока, всегда актуальна, она представляется новаторской читателю любого века. И его дневниковые записи, в которых показана правда жизни, также привлекают читателей.

Для науки это малоизученная, актуальная тема. В дневниковых записях Макаатаева содержится богатый материал о его друзьях, коллегах. Он откровенно высказывает свое мнение о социальных, политических, исторических, общественных проблемах, имевших место в советский период.

Записи поэта отражают все существо поэта, простоту его натуры.

И именно эти качества влияют на достоверность записей, объективную позицию их автора.

Ключевые слова: дневник, жанр, лирика, течение мысли, тема, творческая лаборатория, внутренний монолог, литературный метод.

A. Otegenova, G. Tuyakbaev

Kyzylorda State University after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan

FEELINGS EXPRESSED BY M. MAKATAYEV IN HIS DIARY ENTRIES

Abstract. Diary entries are one of the understudied topics in the Kazakh literary science. It is known that many representatives of art, state and public figures make diary entries. However, these works can not be evaluated yet as a genre of literature; it is necessary to analyze their genre, stylistic features within the literary science.

In this article the target of research is the diary entries of the talented poet M. Makatayev. The entries of the poet are studied in conjunction with his lyrical poems, and their relationship is established.

Also in the article is analyzed the period in which the records were made, the author's mood, and his attitude to the phenomena in the society of that time. The diary entries of the poet are contingently distributed into the thematic groups.

The main matter, why we referred to the diaries of M. Makatayev, is their theoretical cognition and practical value. Entries in the diaries of poet reflect different parts of his life, thoughts, feelings, psychological vortex of his inward.

Diary entries of M. Makatayev is a results of his poetic fantasies and civic position based on life itself. Therefore, they contain deep thoughts and serious conclusions.

There are given illustrations of frequently used in creation aphorisms, guidance words, which are well known nowadays

In the diaries of Makatayev described events with indication of exact dates. Entries of poet are studied in conjunction with his inward, views of environment, flow of his thoughts.

Diary is mirror of poet's feelings and inward.

Once again, we note that in the diary entries of M. Makatayev, we were attracted by their theoretical cognition and practical value. They are "a source, auxiliary material in the study of the writer's biography and historical and literary problems".

The poetry of Makatayev as well as the poetry of Pushkin, Abai nad Block are always vital, and it comes innovative to the reader of any age. And his diary entries, which show the truth of life, also attract readers.

It is an understudied and vital topic for the science.

Diary entries of Makatayev contain a magnificent material about his friends and colleagues. He openheartedly expresses his mind about social, political, historical and social causes, which are taken place in the Soviet time.

Poet's entries repel the entire being of poet and simplicity of his nature.

And exactly these characters affect to faithfulness of entries, impartial take of their author.

Key words: diary, genre, lyrics, flow of ideas, topic, creative laboratory, internal monologue, literary method.

Information about the authors:

Tuyakbaev Gabit Aneshovich, candidate of Philology, doshent Kyzylorda State University after Korkyt Ata. turmagambet@mail.ru;

Otegenova Ayagoz Akyzbekkyzy, Doctoral student Kyzylorda State University after Korkyt Ata. aya1391@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5079-2849>

REFERENCES

- [1] Koznova N. N. Dnivniki, letters, memoirs: on the interaction of genres. Bulletin of the Moscow state regional University. Series "Russian Philology". Moscow, 2009. No. 1. Pp. 137-143.
- [2] Esembekov T. U. poetics of a literary text: a textbook. Almaty: Kazakh University. al-Farabi, 2012.
- [3] Abisheva S. D. Diary of M. Makataev as a structural and semantic complex. Bulletin of KazNPU named after Abaya-M.: Higher school, 2007. No. 2 (12), 2005, Pp. 48-54.
- [4] Collection of works by M. Makataev in 4 volumes. In 3 volumes. Composed By-L. Asimakis, A. Askar. – Almaty: Zhalyln baspasy LLP, 2002. page 432.
- [5] Collection of works by M. Makataev in 4 volumes. Volume 2. Composed By-L. Asimakis, A. Askar. Almaty: Zhalyln baspasy LLP, 2002. page 432.
- [6] Collection of works by M. Makataev in 4 volumes. Volume 1. Composed By-L. Asimakis, A. Askar. Almaty: Zhalyln baspasy LLP, 2002. page 432.
- [7] p. Viollet Diary in Russia at the end of the XVIII – first half of the XIX century. as an autobiographical space // K. Viollet, E. grechannaya//
- [8] Polyak D.M. Genre diaries and problems of its typology. Abstract...candidate of philological Almaty, 2004.
- [9] Collection of works by M. Makataev in 3 volumes. In 2 volumes. Almaty: Zhazushy baspasy, 1991. page 368.
- [10] Fedotova V.V. Poetics of I.A. Bunins diary prose. Abstract of dissertations for the degree of candidate of philological Sciences. Kazan. 2010. Kazan state University named after V.I. Ulyanov-Lenin. Page 18.
- [11] Gromova A. Literature and document theory and understanding of the topic (materials of the round table). Electronic resource. URL <http://lych.ru/online/index.php/oainmenu-65/40> – 2009/365.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

<https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.67>

Volume 3, Number 331 (2020), 70 – 76

С. Тлеубаев, Г. Халидуллаева, А. Шегебаев, А. Қырғызбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: khalidullaeva1995@mail.ru, Aibek.shegebaev@gmail.ru

Т. ӘБДІКӘКІМОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аннотация. Т. Әбдікәкімов – қазіргі қазақ әдебиетінде поэзиядағы өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленетін постмодернист ақын. Ақын өлеңдері танымдық жағынан ұлттық және көне түркілік, сондай-ақ жеке және жалпыадамзаттық білім тәжірибелерімен астасып жатқан ұғымдарды кең түрде берумен ерекшеленеді. Ол ұғымдарды танымдық категория ретінде анықтайтын болсақ, автор шығармашылығындағы концептілерге тоқталамыз. Поэзияға концептілік талдау жасау арқылы концептілердің мәтіндегі кодтық, таңбалық, символдық, архетиптік, сакральдық, эмоциялық мәнін аша отырып, сана ағымымен байланысты мәтінде көрініс табатын және мәтіннен тыс факторларды да интерпретациялаймыз. Сонда концепт дегеніміз – біздің түсінуімізше, сана ағымындағы күрделі мағыналардың қандай да бір тілдік бірлік арқылы кодталған формасы. «Концептіні белгілі бір мағына бере алатын, әлемді танытатын таңба ретінде қарастыруға болады». Осы ретте «әдеби теорияның түзілімін айқындайтын», Платоннан бастау алатын әдебиеттің негізгі өлшемдерінің бірі – «әдебиет туралы айтылатын ғаламдық шындықтар» концепт арқылы анықталады деуге толық негіз бар. Шығармаға концептілік талдау жасауда концепт болатын бір ғана сөзге қатысты көптеген мағыналар толық ашылады және ол сөздің шығарманың өмірге келуіндегі таңбалаушы рөлі мен автор танымында алатын орны айқындалады. Яғни тіл, соның ішінде бір ғана тілдік бірлік шығарма мәтіндегі өзіндік лексикалық мағынасынан тыс, анағұрлым кең түрдегі, өз қолданысының барлық уақыттары мен кеңістіктерін қамтитын мағыналық өрісімен, өзіндік дербес, тірі табиғатын сақтай отырып, одан ары автор қолданысы арқылы жаңаша бір мәнде толығымен отырып қолданылады. Бұдан келіп біз сөздердің өлеңге, яғни шығармашыл тұлғаға әсер етуін, сондай-ақ керісінше, шығармашыл тұлғаның да тілдегі сөзге әсері анықталады. Бұл жерде концептілердің символдық мәні үлкен маңызға ие. «...символ дегеніміздің өзі – сөздің энтелехияға (ішкі ниет, мақсатқа, қозғаушы күшке) айналуы». Поэзиядағы концепт өзінің контекстегі түрліше функциялары арқылы сөз қуаты мен адам жанының біртұтас құбылысындағы факторларды айқындайды. Гештальт, фрейм, скрипт, сценарий, ой-сурет сынды концепт типтері мен концепт түзуші әдістер шығармашыл тұлғаның тілді қолданудағы танымдық ерекшеліктері мен сана ағымы, ал концептінің мағыналық өрісінен көрініс табатын эмоциялық қабаттан автордың жан күйі көрінеді. Концептілік талдаудың маңызы да осында.

Түйін сөздер: концепт, концептілік талдау, гештальт, сана ағымы, таным, тілдік таңба.

Кіріспе. Т. Әбдікәкімов өлеңдері танымдық жағынан ұлттық және көне түркілік, сондай-ақ жеке және жалпыадамзаттық білім тәжірибелерімен астасып жатқан ұғымдарды кең түрде берумен ерекшеленеді. Ол ұғымдарды танымдық категория ретінде анықтайтын болсақ, автор шығармашылығындағы концептілерге тоқталамыз. Шығармаға концептілік талдау жасаудың маңызы концепт терминінің ерекшелігін айқындаумен көрінеді. Концептілерді анықтау шығарманы дәстүрлі құрылымнан тыс, танымдық тұрғыдан алып бөлшектеп, гештальттар теориясы негізінде сөз-таңбалардың сана ағымындағы рөліне байланысты өзгеше бір құрылымға қайта тұтастыру арқылы жүзеге асады. Сол арқылы өлең мәтіннің түрліше қабаттары концептосферада әлемнің тілдік бейнесін автор танымы тұрғысынан айқындайды.

Материалдар және әдістер. Поэзияға концептілік талдау жасау арқылы концептілердің мәтіндегі кодтық, таңбалық, символдық, архетиптік, сакральдық, эмоциялық мәнін аша отырып, сана ағымымен байланысты мәтінде көрініс табатын және мәтіннен тыс факторларды да интерпретациялаймыз. Сонда концепт дегеніміз – біздің түсінуімізше, сана ағымындағы күрделі

мағыналардың қандай да бір тілдік бірлік арқылы кодталған формасы. «Концептіні белгілі бір мағына бере алатын, әлемді танытатын таңба ретінде қарастыруға болады» [1, 37]. Осы ретте «әдеби теорияның түзілімін айқындайтын» [2, 13], Платоннан бастау алатын әдебиеттің негізгі өлшемдерінің бірі – «әдебиет туралы айтылатын ғаламдық шындықтар [2, 13]» концепт арқылы анықталады дегуге толық негіз бар. Шығармаға концептілік талдау жасауда концепт болатын бір ғана сөзге қатысты көптеген мағыналар толық ашылады және ол сөздің шығарманың өмірге келуіндегі таңбалаушы рөлі мен автор танымында алатын орны айқындалады. Яғни тіл, соның ішінде бір ғана тілдік бірлік шығарма мәтінінде өзінің лексикалық мағынасынан тыс, анағұрлым кең түрдегі, өз қолданысының барлық уақыттары мен кеңістіктерін қамтитын мағыналық өрісімен, өзінің дербес, тірі табиғатын сақтай отырып, одан ары автор қолданысы арқылы жаңаша бір мәнде толық отырып қолданылады. Бұдан келіп біз сөздердің өлеңге, яғни шығармашыл тұлғаға әсер етуін, сондай-ақ керісінше, шығармашыл тұлғаның да тілдегі сөзге әсері анықталады. Бұл жерде концептілердің символдық мәні үлкен маңызға ие. «...символ дегеніміздің өзі – сөздің энтелехияға (ішкі ниет, мақсатқа, қозғаушы күшке) айналуы» [3, 68]. Поэзиядағы концепт өзінің контекстегі түрліше функциялары арқылы сөз қуаты мен адам жанының біртұтасу құбылысындағы факторларды айқындайды. Гештальт, фрейм, скрипт, сценарий, ой-сурет сынды концепт типтері мен концепт түзуші әдістер шығармашыл тұлғаның тілді қолданудағы танымдық танымдық ерекшеліктері мен сана ағымы, ал концептінің мағыналық өрісінен көрініс табатын эмоциялық қабаттан автордың жан күйі көрінеді. Концептілік талдаудың маңызы да осында.

Т. Әбдікәкімов поэзиясында тақырыбы мен поэтикалық ерекшелігіне байланысты концептілердің көптеген түрі кездеседі. Мысалы, бір ғана «Ажал даласындағы тірі тас» [4, 29] өлеңінде дала, күн, топырақ сынды ұлттық концептілер; жан, мұң, тағдыр сынды метафизикалық концептілер, сондай-ақ табиғат, жер сынды макроконцептілер берілген. Дала – қазақ ұлты үшін еркіндіктің, кеңдіктің символы, сондай-ақ ұлттық мінездің баламасы, елдіктің, мемлекеттіктің нышаны. Автор дәл осы мағыналарды дайын күйде пайдалана отырып, оған өзінің көңіл күйі мен жан тебіренісін ұғымға жан бітіре отырып, өзіндік мінез-құлқын ашып, сырлы сипатта бейнелейді. Сонда біз концептілер арқылы, алдымен, концепт болатын тілдік бірлік арқылы кодталған білімдер жүйесін ашамыз, содан кейін контекстегі мәніне қарай авторлық көңіл-күй мен сана ағымын айқындаймыз.

Өлең – жанның күйі. Өлең – шығармашыл тұлғаның жан сарайынан төгілген сәуле сынды. Өлең – құбылыс. Кейде өлең ішіндегі кеңістікте автор мен оқырман қауышатын да сияқты, ал кейде автордың ақыл-парасат әлемі өлеңде өмірдің өзінен де биік болып, оқырманды асқақ ойларға жетелеп отырады. Өлеңдегі сафтық пен мөлдірлік арқылы оқырман өз болмысына, жанның түкпіріндегі ақыл мен сезім күйлеріне бойлайтыннан болар, өлең – мәңгі. Біз өлеңді ақынның өзі ғана кешкен сезімін «сөзге» айналдырып, оқырманының жан жүйесіне қозғау салар құдіретті ойларымен танымыз.

Автор өлеңдерінде Тағдыр, Уақыт, Шексіздік, Жан мен Тән ұғымдары ғарыштық деңгейде, ал Адам ұғымы ғаламдық деңгейде айтылады:

Шексіздіктен Сен де бірде оралдың,
Шексіздіктен Мен де бірде оралдым...
Жанарына құйып алып ғаламды,
Біздің ортақ Тағдырымыз жаралды!»

Мұнда ақын адамның жаратылысы, фани мен бақи жайлы айтады. «Шексіздіктен Сен де бірде оралдың», – деуінде қаламгердің өмір жайлы философиясы жатыр. Ақынның өлеңдері терең танымдық ой негіздеріне құралады. Онда халықтық білім тәжірибелері де көрініс тауып отырады. Ақын танымындағы шексіздіктен оралу деген ой адам баласының бір ғана өмірі емес, шексіздік аясында рухы жаралған уақыттан бастап бұл өмірге келгенге дейін де бар болатыны жайлы ұғындырады. Тағдыр ұғымы кең масштабта ғаламмен байланыстырылады: «Жанарына құйып алып ғаламды, Біздің ортақ Тағдырымыз жаралды! Мұнда таныммен байланысты құбылыстар тікелей адамның сезім қабілеттері арқылы жүзеге асатыны айтылады. Адамда бес түрлі сезім мүшесі болатын болса, соның бірі – көзбен көру. Расында көзбен көрген сырт құбылыстардың бәрін саналы және бейсана күйде адам қабылдайды. Табиғатта бәрі реттілікпен, үйлесіммен, әсемдікпен, көркемдікпен адам санасына құйылады. Адам табиғатты тағдырына айналдыратын тәрізді, себебі

адамның жан байлығы мен ой байлығы, арман-қиялы – табиғаттан. Автордың ғалам дегені – жер беті, табиғат. Автордың қай шығармасын алып қарасақ та, адам мен табиғат үйлесімі бірде адам ойының табиғатқа, бірде табиғат көріністерінің адамның ішкі әлеміне бағытталып отыруы арқылы суреттеледі.

Бішқындырып уақыттың сартабы,
Іздегенде Жан мен тәнге ортақ үн,
Биіктік боп көріндің ғой, ардағым,
Тереңдік боп, мен өзіңді тартамын!

Автор адамға тән барлық жан күйлерінің уақытпен байланысты, уақытқа қатысты, уақытқа тәуелді екенін айта келіп, Жан мен тәннің ара жігі мен бірлігі «үн» ұғымы арқылы айқындайды. Мұндағы «үн» ұғымы – абстрактілі ұғым. Жан мен тәнді біріктірудің ортақ бір нысаны сынды. Ал биіктік пен тереңдік оппозициясы өлеңде жырланатын екі адамның қашықтығы – қашықтығының қиялдағы өлшемі іспетті.

Мәңгіліктің тынысы едің Сен-дағы.
Мәңгіліктің тынысы едім Мен-дағы.
Мыйымызда шыңғырыс бар, аңдағын
және жылы жымыс бар қандағы...

Автордың адамды Мәңгіліктің тынысына теңеуі – адам жанын күллі жаратылыспен тұтастықта қарауы, тіпті өз ұғымындағы осы өмірден де тыс өзге бір кеңістікпен байланыстыруы. Өлеңде адам ұғымы кең арнада бейнеленген. Адамның осы өмірге дейінгі де жаратылыстың бір бөлшегі ретінде бар болатыны және күллі жаратылыспен мызғымас үйлесімде болатыны айтылады. Дәл сондайлық өлшемде адам мен оның жекелеген бөліктері: миы, қаны сынды негіздерінің арасындағы алмасып отыратын құбылыстарды үлкен бір кеңістік деңгейіне көтереді. Мидағы шыңғырыс, қандағы жылы жымыс – адамның мәңгіліктің тынысы екендігін аңдататын белгі ретінде беріледі. Адамның сырт әрекеті арқылы көрінетін қасиеттерін автор миға, қанға теліп суреттеу арқылы адам жаратылысының күрделі бейнесін көркем түрде, құбылыс ретінде алып суреттейді.

Шаттығымыздың нұры ойнаған көз жасын
сақтауы үшін маған сенген әз басың,
сақтауы үшін саған сенген өз басым,
жылынамыз бірімізге біріміз,
сыйынамыз бірімізге біріміз!
Аллатағала, Сіз де өзіңіз біліңіз,
еш құдаймен бөліспейміз мұны біз!

Автор шығармаларында көз концептісі ерекше орын алады. Өзге бір өлеңінде автор көз ұғымымен байланысты көз жасы ұғымы жайлы: «Көздің жасы – жан дүниенің сыртқа сыйлар бүршігі», – деп айтады. Көз – адам жанының айнасы болатын болса, автор көздің жасын жан әлемінің бүршігіне теңейді. Көздің жасы – жан құбылысы, ол жанның сұлу күйінен сыр шертеді. Табиғат құбылыстары адам жанының құбылыстарымен бірлікте: табиғат аясындағы әрбір талдың, гүлдің бүршігі болатын болса, адам жағнының да бүршік жаратын кезі болады, жанның да бүршігі болады. «Шаттығымыздың нұры ойнаған көз жасын сақтауы үшін маған сенген әз басың», – деуінде де жан күйлерін көзбен байланыстырады. Біз өлеңді танымдық тұрғыдан талдап отырғандықтан, өлеңді автор танымымен байланыстырып қарастырамыз. Яғни негізгі зерттеу нысанымыз – мәтін болғандықтан, мәтінде көрініс табатын ойлау жүйесін, тілдік таңбалар арқылы кодталып берілетін ақпараттарды ашуға тырысамыз. Сол арқылы автор танымында көрінетін білімдер мен тәжірибелер жүйесі жайлы сөз қозғаймыз.

Концептілер автор танымын жүйелеуде ерекше қызмет атқарады. Оны біз қаламгердің келесі өлеңіне көңіл бөле отырып анықтамақпыз:

Тектік өскін – сиқырлы жіп.
Анық ақ пен қарасы.
Жарқ-жүрк етіп жалғап жатыр Көк пен жердің арасын.
Қиялдай біл.
Сауап болар құмарды да шектеме.
Жұтым ауа аян болып оқылады өкпеңе.

Жазмышына – су да себеп.
 Аң мен құс та жебесер.
 Соғыс – өртең.
 Одан қаулап әділетті ел өсер.
 Хақ табиғат дін іздемес, зат секілді тұтарға.
 Қаңғып шыққан сұм ойды да ұлестіретін жұпарға.
 Сезімдерден ашытылған тірі шарап – көңілің.
 Ақылыңмен аялап іш.
 Әуен сыйлар не бір үн.
 Көздің жасы – жан дүниенің сыртқа сыйлар бүршігі.
 Сорлап қалған кезінде де жымыяды тіршілік.

Күнәлардың бәрі – өткінші, мәңгіліктің жолында.
 Дертті вирус.
 Тағдырына айтары бар оның да.
 Ажал – жәй сөз, керек болған жаназада жыларға.
 Тән де өлмейді.
 Айналады жасыл текті құнарға.

Мөлдір Тәңір маусымына көшсе-дағы келесі,
 Әр тал шаштың көзінен де мейірімді көресің.
 Бек жасампаз Құдай заңы бұлжымайды.
 Өте әділ.
 Сәби үні жұлдыздарға жаңғырығып жатады... [5]

Біз ақын өлеңін біртұтас күйінде ала отырып, оның әрбір жолына ерекше мән береміз. Себебі өлеңнің әрбір жолы, әрбір сөзі автордың жанынан өріліп, ішкі ой ағынының жарыққа шығарады. Ал ой мен сана ағымы әр сөзден де ерекше бір ырғақ негізінде көрініс тауып отырады. Және сол сөздердің ішінде кей сөздер автордың ойы мен санасының кодталған бірлігі ретінде дайын күйінде өлеңде беріледі. Ондай сөздер өзге сөздерден мағыналық аясының кеңдігімен және қаламгердің танымдық тәжірибесін жалпыадамзаттық не ұлттық кеңістіктегі білімдер тәжірибесімен ұштастырып жатуы арқылы да ерекшеленеді. Ондай сөздерді біз концепт деп атаймыз. Автордың біз келтірген өлеңінде *ауа, су, тағдыр, соғыс, табиғат, көз, күнә және өлім* концептілері көрініс табады. Бұл ұғымдарды толығымен концепт ретінде тани аламыз, өйткені дәл сол ұғымдар арқылы адамзат өзінің білімі мен өмірлік тәжірибесін, сондай-ақ көрген, білген құбылыстарын кодтап отырған. Әрі ол ұғымдардың эстетикалық мәні айқын, философиялық, психологиялық, діни танымдық сипаттары да кең және тілімізде формалық жағынан біршама тілдік бірліктерді қамтиды. Алдымен ауа концептісіне тоқталатын болсақ, ауа – тіршіліктің негізі. Біз ауамен тыныс аламыз, біз ауа кеңістігінде өмір сүреміз. Ауа – ол аспан, ол Көк. Адам рухы ауадан жаратылған делінеді. Сол себепті де, адам қатты қуанғанда, шаттанғанда, рухы көтерілгенде, өзін жеңіл сезінеді. Автордың: «Жұтым ауа аян болып оқылады өкпеңе» деуі ауаның текке жаратылмағанын, адамға ауаның өзі жаратылыстың қандай да бір сырын ұқтыруға негізделетінін айта отырып, оған жан бітіреді.

Ал су концептісіне тоқталатын болсақ, су – ол төрт стихияның бірі, адам жаратылысындағы төрт негіздің бірі. Діни таным-түсінік бойынша, адамның көңілі судан жаратылған делінеді. Мысалы, тілімізде «көңіл көңілден су ішеді» деген мақал сақталған. Ең алдымен, су – тіршілік көзі, онсыз өмір жоқ. «Жазмышына су да себеп» – мұнда автор суды адам тағдырымен байланыстырады. Мұнда тағдыр концептісі де бар. Өлеңде суға қатысты тікелей химиялық құбылыс айтылады. Адам ағзасының басым бөлігін су құрайтын болғандықтан, анығында судың адам өмірі үшін, адам тағдыры үшін маңызды болатыны анық. Автор су ұғымын сондай қасиет-сипаттары негізінде ассоциативтік мән-мағынасы қалыптасқан дайын сөз күйінде қолданып тұр. Концепт – өте кең, өз аясында адам танымы, қабылдауы, есте сақтауы сынды психологиялық қабілеттерін танытатын тілдік бірліктерді білдіреді. Мысалы, дәл осы су концептісі адамзаттың қаншама жылдық су жайлы ой-пікірлері мен ассоциациясының орталығы болып саналатын негізгі ұғымды білдіреді. Су жайлы аңыздар мен суға қатысты мифтер де жетерлік. Ал поэзиялық шығарманың өмірге келуі барысында автордың ойында соның бәрі де жаңғырып тұруы мүмкін,

немесе автор концепт болатын сөздерді қарапайым ғана ең негізгі мағынасында қолдануы мүмкін. Ал біз қарастырып отырған өлеңде концептіні қолдану барысында автор ұғымның барлық мағынасын толығымен жаңғыртып отырып қолданған. Ол жерде судың адам тағдырына тікелей ықпал ететіні физиологиялық тұрғыда ғана мәнді деп түсіне алмаймыз. Бәлкім одан да кең тұрғыдан түсінуге болатын шығар?! Судың адамзат тарихында да алатын орны үлкен ғой. Алланың адамды жаратқанда суды пайдаланғанынан бастап, жер бетінде күнәлі істер қаптағанда топан су басып, тіршіліктің қайта түлеуінде де тарихтан сумен байланысты аңыздар кең таралып жеткен. Ақын суды адам тағдырына бағыттай отырып, тура мағынасында ауаның өкпе арқылы адам бойына тарауын тек химиялық реакция ретінде ғана емес, күллі жаратылыс құбылыстарының бірі ретінде ол құбылысқа да терең сыр дарытады. Сондай-ақ соғыс концептісі, табиғат концептісі де күллі жаратылыстың бір бөлігі ретінде беріледі.

Көз концептісі – тұтас бейнелі ой-суреттер ішінде көрініс табады: «Көздің жасы – жан дүниенің сыртқа сыйлар бүршігі». Мұнда адамға тән психикалық құбылыс сыртқы ортаға, табиғатқа бағытталып тұр. Сол арқылы автор адам мен табиғат арасындағы айналымды шебер түрде береді. Ал «Жұтым ауа аян болып оқылады өкпеңе» деуінде керісінше, сырт құбылыстың адамға қарай бағытталуы беріледі де, одан әрі өлеңнің эстетикалық сипаты «Сорлап қалған кезінде де жымияды тіршілік» деген жолдар арқылы көркем түрде шарықтайды. «Көздің жасы – жан дүниенің сыртқа сыйлар бүршігі» – мұнда көз концептісі гештальт құрылым арқылы жаңаша сипатқа ие болып отыр. Автор ұғымында көз бен бүршік біртұтас ортақ сипаттарға ие болып, белгілі деңгейде бірігіп отыр. Концептілердің түзілуінде гештальт құрылым өлеңнің бірқатар жолдарында көрініс тауып отыр. Күнә концептісі де гештальт құрылым арқылы автор танымында жаңаша сипатта жаңғырып тұр. Автор күнәні дертті вирусқа теңейді. Қандай да сапа-қасиеттер, не ассоциативті түсініктер екі ұғымды біріктіріп тұр.

Автор танымында концептілер жаңаша мәнге ие болып, мағыналық жағынан толығып та отырады. Өлеңнің кейінгі жолдарында тағдыр концептісі жанама түрде, өзге концептілермен байланысты беріледі. Ал өлім концептісі ажал скрипті арқылы беріледі. Автор өлім концептісіне мүлде жаңаша мән үстейді: «Ажал – жәй сөз, керек болған жаназада жылдарға. Тән де өлмейді. Айналады жасыл текті құнарға». Автор өлімді жаңа бір өмірдің басы болатынын тәннің жасыл текті құнарға айналып кетуін айту арқылы білдіреді. Өлім – метафизикалық концепт. Автор өлімді бір күйден екінші бір күйге алмасудағы трансформациялық жол екенін айтады. Өлең соңындағы: Сәби үні жұлдыздарға жаңғырығып жатады...» – деуі аяқталған біртұтас ойлардан кейін берілген жаңа бір өлеңнің басы сынды, дәл сол ойларды өзге арнамен толықтыра отырып, аяқсыз қалдырады. Автордың соңғы жолы ерекше мәнге ие. Автор дәл осы жол арқылы алдыңғы айтқан бүкіл ойларын космостық деңгейге көтереді. Ең алғашқы жол мен соңғы жол бір мәнді білдіріп, арадағы ойлар қайталанып отыратын циклды құрайды. Дегенмен өлеңде қайталанып тұрған мағына жоқ, тек автордың ой ағыны бір арнамен шеңбер жасай отырып, сана ағымының шексіздігіне бет алады, сол негізде соңғы тармақты ашық жүйе ретінде қалдырады.

Қорытынды. Біз мәтінді когнитивті тұрғыдан талдаған кезде, мәтінмен байланысты барлық факторларды ескеріп отырамыз. Оның ішінде тілдік және тілдік емес факторлар да болуы мүмкін. Когнитивті талдаудың дәстүрлі-құрылымдық түрдегі талдаудан айырмашылығы мәтін өрісін тікелей таныммен байланыстыра талдаудан көрінеді. Біз дәстүрлі-құрылымдық бағыт бойынша шығарманы дайын өнім ретінде, өз алдына бөлек бір құрылым ретінде қарастырамыз. Ал когнитивті бағыттағы зерттеулер шығарманы автормен ірлікте қарастырады. Ондайда шығарма дайын өнім ретінде емес, жарыққа шығу барысындағы сыртқы және ішкі факторларымен қоса қаралады. Яғни шығарманы өмірге әкелуде автор танымында қандай құбылыстар орын алуы мүмкін? Автор шығарманы қалай өмірге алып келді? деген сұрақтар төңірегінде ізденеміз. Олардың бәрі де мәтіндегі тілдік бірліктерден көрінеді. Мысалы, біз гештальт негізінде концептінің концептосферада қандай мәнге ие болатынын анық аламыз. Гештальт құрылым автор танымында қандай да бір ұғымның кодталу процесін ой сурет арқылы береді. Өлеңде гештальттық құрылымдар жиі кездеседі. Бірнеше концептінің бір ғана өлеңде берілуі автор танымын қаншалық бай екенін ғана көрсетіп қоймайды. Концептілерді автор дайын күйінде қолданғандықтан, өлеңнің мәні автор танымымен ғана шектелмей, концептінің жиынтық мағынасымен де байланыса отырып кең тұрғыда ашылады.

С. Тлеубаев, Г. Халидуллаева, А. Шегебаев, А. Киргизбаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ КОНЦЕПТОВ В ПОЭЗИИ Т. АБДИКАКИМОВА

Аннотация. Т. Абдикакимов – поэт-постмодернист, отличающийся своим почерком в поэзии современной казахской литературы. Стихи поэта отличаются широким познавательным представлением понятий, сочетающихся с национальным и древнетюркским, а также собственным и общечеловеческим опытом образования. Если мы определим эти понятия как познавательную категорию, то остановимся на концептах в творчестве автора. С помощью концептуального анализа поэзии раскрываем кодовое, знаковое, символическое, архетипическое, сакральное, эмоциональное значение концептов в тексте, интерпретируем и внетекстовые факторы, связанные с течением сознания. Тогда концепт – это, по нашему пониманию, форма сложного смысла в течение сознания, закодированная через какое-либо языковое единство. «Концепт можно рассматривать как символ, представляющий мир, способный дать определенное значение». При этом есть основание полагать, что один из основных критериев литературы, начинающейся с Платона, – «глобальные истины, о которых говорится в литературе» определяется концептом «определяющий формирование литературной теории». В концептуальном анализе произведения подробно раскрывается множество значений, относящихся к одному и тому же слову, которое является концептом, и определяется роль маркировщика в жизни произведения и место его в познании автора. В концептуальном анализе произведения подробно раскрывается множество значений, относящихся к одному и тому же слову, которое является концептом, и определяется роль маркировщика в жизни произведения и его место в познании автора. То есть язык, в том числе одна языковая единица, используется в тексте произведения вне своего лексического значения, более широкого спектра смыслового поля, охватывающего все время и пространство своего использования, сохраняя свою самостоятельную, живую природу, в дальнейшем придавая новое значение авторскому использованию. От этого мы определяем влияние слов на стихотворение, т.е. на творческую личность, а также, наоборот, на словообразование творческой личности. Здесь большое значение имеет символическое значение концептов. «...сам символ – это превращение слова в энтелехию (внутреннее желание, цель, движущая сила)». Концепт в поэзии через различные функции своего контекста определяет факторы, происходящие в явлении единения человеческой души и мощности слова. Типы концептов и концептов, таких как гештальт, фрейм, скрипт, сценарий, мыслитель, концептуальные методы проявляются в познавательных особенностях и потоке сознания творческой личности в использовании языка, а в эмоциональном слое, отражающем смысловое поле концепта – состояние души автора. Здесь и значение концептуального анализа.

Ключевые слова: концепт, концептуальный анализ, гештальт, поток сознания, познание, символ языка.

S. Tleubaev, G. Khalidullayeva, A. Shegebaev, A. Kyrgyzbayeva

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

FEATURES OF CONCEPTS IN T. ABDIKAKIMOV'S POETRY

Abstract. T. Abdikakimov is a postmodern poet, distinguished by his signature in the poetry of modern Kazakh literature. Poems of the poet are distinguished by a wide cognitive representation of concepts combined with national and ancient Turkic, as well as their own and universal human experience of education. If we define these concepts as a cognitive category, then we will dwell on concepts in the work of the author. Using a conceptual analysis of poetry, we reveal the code, symbolic, symbolic, archetypal, sacred, emotional meaning of concepts in the text, and we interpret non-textual factors associated with the course of consciousness. Then the concept is, in our understanding, a form of complex meaning in the course of consciousness, encoded through some kind of linguistic unity. «A concept can be seen as a symbol representing the world, capable of giving a certain meaning». At the same time, there is reason to believe that one of the main criteria of literature starting with Plato is «global truths, which are mentioned in the literature» is determined by the concept «determining the formation of literary theory». In the conceptual analysis of a work, many meanings are revealed in detail, referring to the same word, which is a concept, and the role of the marker in the life of the work and its place in the knowledge of the author are determined. In the conceptual analysis of the work, many meanings are revealed in detail, referring to the same word, which is a concept, and the role of the marker in the life of the work and its place in the knowledge of the author are determined. That is, a language, including one linguistic unit, is used in the text of a work outside its lexical meaning, a wider range of semantic fields, covering all the time and space of its use, preserving its independent, living nature, further giving new meaning to author's use. From this we determine the influence of words on the poem, i.e., on the creative person,

and also, on the contrary, on the word-formation of the creative person. The symbolic meaning of the concepts is of great importance here. «... the symbol itself is the transformation of a word into entelechy (inner desire, goal, driving force)». A concept in poetry through various functions of its context determines the factors that occur in the phenomenon of the unity of the human soul and the power of the word. Types of concepts and concepts, such as gestalt, frame, script, script, thinker, conceptual methods are manifested in cognitive features and the stream of consciousness of the creative person in the use of language, and in the emotional layer, which reflects the semantic field of the concept, is the state of mind of the author. Here is the meaning of conceptual analysis.

Keywords: concept, conceptual analysis, gestalt, flow of consciousness, cognition, language symbol.

Information about authors:

Sovethan Tleubaev, Candidate of Philology, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, tleubaev63@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4854-2699>;

Gulzhamal Khalidullayeva, doctoral candidate phd, Al-Farabi Kazakh National University, khalidullaeva1995@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4533-8668>;

Aibek Shegebaev, doctoral candidate phd, Al-Farabi Kazakh National University, Aibek.shegebaev@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-8079-4303>;

Aigerim Kyrgyzbayeva, doctoral candidate phd, Al-Farabi Kazakh National University, a.qirgizbaeva@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-6977-9284>

REFERENCES

- [1] Əmirbekova A.B. Қазиргі қазақ тіл біліміндегі зһаһа барттар. Алматы: Eltanyм, 2011. 204 б.
- [2] Rajan M. Ədebiet teoriyasы: Kirispe. Алматы: «Ylтық audarma byurosy» қоғамдық қоры, 2019. 292 б.
- [3] Zhamanbaeva K.Ə. Тіл қолданьсынун когнитивтік негіздері: emociya, simvol, тildik sana. Алматы: Fylym, 1998. 137 б.
- [4] Əbdikəkimov T. Алқоньр дьние. Əлеңдер, balladalar, tolғаular. Astana: Foliant, 2014. 324 б.
- [5] https://m.facebook.com/profile.php?id=100009416123191&fref=nf&refid=52&_ft_=mf_story_key.2530390670618112%3Aatop_level_post_id.2530390670618112%3Atl_objid.2530390670618112%3Acontent_owner_id_new.100009416123191%3Athrowback_story_fbid.2530390670618112%3Astory_location.9&_tn_=C-R

NEWS**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

<https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.68>

Volume 3, Number 331 (2020), 77 – 85

UDC 78.03 (574)

МРНТИ 18.41.09

А. Р. Раимкулова

Министерство культуры и спорта Республики Казахстан, Нур-Султан, Казахстан.

E-mail: aqtoty.raimkulova@gmail.com**О РОЛИ ПРОФЕССИОНАЛИЗМА УСТНОЙ ТРАДИЦИИ
В СТАНОВЛЕНИИ И ТРАНСФОРМАЦИЯХ СТИЛЯ
НАЦИОНАЛЬНОЙ КОМПОЗИТОРСКОЙ ШКОЛЫ КАЗАХСТАНА**

Экономиканы реформалау жағдайында аймақтық экономиканы басқаруды өңірдің тыныс-тіршілігін болжайтын, теория мен тәжірибесі үйлескен және қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін басқарудың жаңа ғылымы ретінде қарау керек.

Қазақстандағы жергілікті басқару органдарының талдауы көрсеткендей, өкілді және атқаршы органдардың өкілеттіктерінің басқаруы нақты анықталып, бөлінген және аймақтардың әлеуметтік, экономикалық даму бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді [3].

Инновациялық қызметті жүзеге асырудың әртүрлі аймақтық бірліктерінің орналасуына байланысты және ғылыми – техникалық үрдіске икемделуіне қарай айқындауға болады. Қазіргі уақытта аймақтарда жаңашылдық үрдісін қолдану деңгейі ыңғайластырылмаған, бұл өз кезегінде олардың территориялық сәйкессіздігін көрсетеді. Инновациялық қызметті жүзеге асырудың аймақтық тұжырымдамалары креативті және инновациялық аймаққа бағытталады.

Нәтиже және талқылау. Қазақстанда жүргізіліп отырған экономикалық реформаның перспективалық элементтерінің бірі арнайы экономикалық аймақтарды дамыту болып табылады. Әдіснамалық мәселелерін реттеу және аймақтың экономикасын басқару қолда бар экономикалық әлеуеттің аймақтық саясатын жүзеге асуына және Қазақстанның ұзақмерзімді стратегиясын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл үшін республикалық және жергілікті басқару органдарының басқару әдістері мен басқару түрлерін жетілдіру қажет. Қазақстанның тиімді басқару экономикасы жекелеген өңірлердің, арнайы экономикалық аймақ мәртебесі бар өңірлердің құрылымдық талдауын мұқият жүргізуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының экономикалық даму тенденциясын тұтастай алғанда, жекелеген аймақтардың дамуымен сәйкес келмейді, белгілі болғандай, бір-бірінен экономикалық-қаржылық мүмкіндіктерімен және ресурстық қамтамасыз етумен айтарлықтай ерекшеленеді, дамуы бойынша индустриалды секторды, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдан ерекшеленеді. Бұл айырмашылықтар ұлттық шаруашылықты ұйымдастыруда теңсіздік салдарынан және ТМД елдерімен шаруашылық байланыстың үзілуімен күшейе түсті. Жүргізілген зерттеулер және есептеулер жалпы ішкі өнімнің халықтың жан басына шаққандағы деңгейі бойынша елеулі аймақтық саралауды көрсетті.

Кез келген мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын басты көрсеткіш – елдің экономикасы. Ал экономиканың бәсекеге қабілетті болуының басты бағыты – индустриалды-инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторды дамыта отырып, инновациялық процестерге бет бұру. Бұл ретте елімізде жүзеге асырылып жатқан Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының маңызы зор. Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясаты инновациялық үдерістерді жандандыруға, жаңа технологиялық құрылымдарды енгізуге, өнеркәсіптегі жаңа қайта бөліністерді игеруге, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті жандандыруға, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жоюға бағытталған. Ғылыми-техникалық салада кәсіпкерлік секторды қалыптастырмай, инновациялық қызметті дамыту мүмкін емес. Индустриалды-инновациялық саясат – мемлекет арқылы бәсекеге қабілетті тиімді ұлттық өнеркәсіпті және жоғары технологиялар индустриясын қалыптастыру үшін кәсіпкерлікке қолайлы жағдайлар жасау. Өнімнің, тауардың бәсекеге қабілеттілігі ең алдыңғы орынға шығып отырған бүгінгі жаһандану заманында инновациялық қызмет шешуші мәнге ие. Дамыған елдердің экономикасының үздіксіз алға басуы инновациялық қызметті үнемі қолдап, қуаттайтын және ынталандыру арқылы жүзеге асып отыр. Бұл саясат ел экономикасының бұзып-жарып алға шығуын қамтамасыз ететін озық технологияны, басқарудың жаңа түрлерін, ғалымдар мен өнертапқыштардың ойлап шығарған жаңа дүниелерін тез өндіріске енгізіп отыруға бағытталған. Қазақстанның әлемдік көшбасшылар қатарынан көрінуі мен ел экономикасының бәсекеге қабілеттілік деңгейінің артуы өнеркәсіптің инновациялық даму тиімділігімен анықталады. Бұл өз кезегінде озық білім мен жаңа технологияларды өмірге әкелетін ғылыммен және өндіріспен жүйелі байланыстағы жоғары техникалық білім саласын жаңғыртуға байланысты. Биылғы жылдың тоғыз айында өнеркәсіптік өндірістің көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 5,7 пайызға өсіп, 6,5 триллион теңгені құраған. Сондай-ақ, фармацевтикада, жеңіл өнеркәсіпте, металлургияда, машина жасауда, мұнай өңдеуде, азық-түлік өнімдерінің өндірісінде және химиялық өнеркәсіпте өсу байқалады. Индустриялық-инновациялық дамыту мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсатты индикаторлары бойынша оң қарқын байқалады. Биылғы сегіз айдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібінің экспорты өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 23,1 пайызға өсіп, 9,9 миллиард долларды құрады. Агрохимия, мұнай өңдеу және қара металлургия секторларында елеулі өсім байқалады. Бүгінде қазақстандық өңдеу өнеркәсібі өнімдері 115 елге экспортталады. Кейбір тауар түрлері бойынша

өткізудің жаңа нарықтары ашылды. Жыл сайын 380-нен астам экспортшылар қаржылық әрі сервистік қолдауға ие болады [4].

Заманауи экономика реформаларды, жобаларды, жоспарларды, бағдарламаларды жүзеге асыруда қызмет стратегиясының бас жоспары сияқты тұжырымдама мағынасын анықтайды. Осы анықтамаға сай өңірдің экономикалық басқару тұжырымдамасы ең алдымен әлеуметтік-экономикалық дамудың макроэкономикалық көрсеткіштерінің өзгеруі бойынша қызмет стратегиясын көздейтіндігі анықталды: өңірдегі басқарудың қазіргі деңгейін бағалау және басқарудың ең қолайлы түрін таңдау; экономиканы басқаруда негізгі басым бағыттарды таңдау; басқарудың мақсаттарын анықтау және басқарудың тиісті органдарын іріктеу; басқарудың іске асыру кезеңдерін және тиімділігін анықтау.

Әлеуметтік және экономикалық проблемаларды шешуге экономиканы мемлекеттік реттеу қажеттілігі анықталды, нарықтық экономика жағдайында бірқатар ерекшеліктері бар: біріншіден, мемлекеттік құрылымдардың басқа меншік нысанындағы субъектілерге артық қамқорлықсыз икемді болуы тиіс және экономикалық тұрақтылыққа, тиімді шаруашылық жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталуы тиіс; екіншіден, осы кезеңде мемлекеттің рөлі сапалы өзгереді және тиісінше механизмдердің, әдістердің, мемлекеттің осы функцияларын жүзеге асыру тәсілдері де өзгереді; үшіншіден, мемлекеттік экономикалық саясаттың белсенді жаңа бағыты бөлінеді, атап айтқанда, меншікке қатысты жаңа жүйе қалыптастыру, шағын және орта кәсіпкерлікті құру, қаржы нарығын құру, еңбек нарығын реттеу және жұмыспен қамту институттарын құру; төртіншіден, аймақта мемлекеттік реттеу механизмі өңірдің экономикалық әлеуетін тиімді пайдалануға, әр түрлі аймақтар үшін әлеуметтік-экономикалық дамуда тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етуге, адамдардың қолайлы өмір сүруін қалыптастыру және сақтауға бағытталуы тиіс; бесіншіден, экономиканы реттеуде өзін-өзі реттеу қағидаттары мен мақсаттарын ұштастыратын, мемлекеттің қызмет етуіне белсенді ықпал ететін құрал ретінде проблемалық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық кешенін қамтамасыз ететін икемді бағдарламалық-мақсатты тәсіл қажет, ағымдағы және стратегиялық тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді.

Еркін экономикалық аймақтарды ұйымдастырудың, олардың жұмыс істеуі мен дамуының әлемдік тәжірибесін қорыту нәтижесінде еркін экономикалық аймақтарды құру мақсатын, аймақтардың негізгі түрлерін, жеңілдіктер мен преференцияларды, кәсіпкерлік қызметтің бейіндерін мамандануын ескеретін жіктеу ұсынылды: еркін сауда аймақтары, экспорттық-өнеркәсіптік, технологиялық және кешенді аймақтар.

Аймақтардың экономикалық дамуын басқару нысандарының бірі бағдарламалық – мақсатты әдіс болып табылады, қазіргі уақытта экономиканы реттеудің бағдарламалық әдісі капиталистік және дамушы елдерде кеңінен таралған. Және оның мәні, ондағы ұлттық-шаруашылық артықшылықтар мен кешенділік қағидаттарының рөлі қоғамдық ілгерілеу ауқымымен бірге артады.

Қазіргі уақытта жаңа рөлді орындауға арналған мақсатты өңірлік бағдарламалар нарықтық экономиканы реттеудің, мемлекеттік, ұжымдық және жеке мүдделер мен қатынастарды ықпалдастырудың, өңірлік саясаттың ірі жобаларын жүзеге асыру үшін күш-жігерді жұмылдырудың неғұрлым белсенді әдісі ретінде қарастырылады.

Шаруашылық және аумақтық басқарудың бағдарламалық-мақсатты әдісі ағымдағы және стратегиялық міндеттерді табысты шешуге мүмкіндік бере отырып, мемлекеттің «мәселелі» өңірлердің – депрессивті, әлсіз дамыған, игерілетін, сондай-ақ өнеркәсіптік дамыған өңірлердің әлеуметтік-экономикалық кешеніне белсенді ықпалының маңызды құралдарының бірі ретінде қызмет атқарады.

Арнайы экономикалық аймағын дамыту бағдарламасын әзірлеу кезінде пайдаланылған бағдарламалық – мақсатты әдіс аймақ экономикасының дамуын басқаруды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Осы әдісті пайдалану кезіндегі қажетті талаптар: өңірді жеделдету бойынша міндеттерді шешуге бағытталған мақсаттарды нақты анықтау; нақты мерзімдер мен атқарушылар; өнеркәсіптік әлеуетті дамытудың басымдығы; басым бағыттар: болашақтағы даму кешені, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту кешені, қалалық коммуналдық шаруашылық кешені және ағымдағы бағдарламалар.

Қазақстанда шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау көрсететін белгілі бір жүйе қалыптасты. Нәтижесінде тіркелген және жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны бойынша нақты оң динамика байқалады. Алайда, шағын және орта бизнесті дамытудың қазіргі жағдайы жұмыс орындарын құруды, бюджеттің кіріс бөлігін орындауды, бәсекеге қабілетті өнім шығаруды толық көлемде қамтамасыз етпейді.

Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын басқару үшін, оның дамуына тиісті қолдау көрсететін арнайы мемлекеттік органдар қажет. Дамуды басқару шағын кәсіпкерлікті қаржылық-несиелік және инвестициялық, өндірістік және инновациялық қолдауды, оның қолдау инфрақұрылымын тиісті дамытуды, қорғауды, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруді, ғылыми-әдістемелік, ресурстық және кадрлық қамтамасыз етуді көздейтін шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Тиісті нормативтік актілерді қабылдау, шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік институттарын құру және шағын кәсіпкерлік жөніндегі арнайы өңірлік бағдарламаларды әзірлеу жолымен шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды басқару экономиканың осы басым секторын дамытуға ықпал етеді.

Белгілі болғандай, стратегиялық жоспарлау және басқару жүйесі экономиканы дамытудың ішкі және сыртқы факторларын талдауға, өткен жолды дұрыс бағалауға, қолайлы үрдістерді пайдалануға және елдің де, оның жекелеген өңірлерінің де даму артықшылықтарын, сондай-ақ қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдарын айқындай отырып, саяси және экономикалық реформалар жүргізуге мүмкіндік береді. Жергілікті басқару органдарына өңірлердің дамуын басқару мен жоспарлауда кең өкілеттікті беру үдерісінің басталуына байланысты стратегиялық аспектілерге назар аударуды күшейту тез өзгертін жағдайларда өңірлердің дамуын табысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [5].

Ішкі және сыртқы факторларды талдай отырып, өңірдің дамуын стратегиялық басқару болашақта аумақты дамытудың магистральдық желісінің белгілі бір ресурстарында өндіруді жүзеге асырады. Бұл ретте даму басымдықтарының іске асыру стратегиясы болуы тиіс және өңірдің барлық негізгі ресурстары негізгі басымдықтарды орындауға шоғырлануы тиіс.

Сәйкесінше, өңірдің стратегиялық дамуын басқарудың негізгі қағидаттары: мақсатты (миссияны) айқындау, стратегия тәсілдері және оларға қол жеткізу үшін негізгі құралдар болып табылады.

Арнайы экономикалық аймақтың бюджеті өңірдің экономикасын басқару құралы болып табылатынын, қалалық инфрақұрылымның, әлеуметтік-мәдени саланың, базалық коммуналдық кәсіпорындардың кепілдендірілген жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қаржы құралы болып табылатынын, өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамытуды жеделдету бойынша мәселелер мен міндеттерді барынша шешуге мүмкіндік беретінін көрсетеді. Арнайы экономикалық аймақ бюджетінде ақша ресурстары ағынын реттеудің ерекше сипаты АЭА-ның экономикалық және әлеуметтік даму қорына ақша қаражатын жіберу болып табылады [6].

Сонымен инновациялық инфрақұрылым – Қазақстан Республикасы инновациялық қызметінің бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайтын мамандандырылған субъектілерінің жүйесі. Инновациялық инфрақұрылым – ғылыми идеяның өндірісте қолдау тауып, нақты өнім, қызмет, жұмыс түрінде көрініс табуына дейінгі барлық кезеңдерді қамтитын іс-шаралардың жүруіне ыңғайлы жағдай жасайтын, қажетті жұмыстар мен қызметтерді орындайтын ұйымдар жиынтығынан тұрады. Инновациялық инфрақұрылымның негізгі міндеті инновациялық өнім өндірумен (қызмет көрсетумен, жұмыс орындаумен) айналысатын кәсіпорындарға қолдау көрсету деп топшыласақ, онда инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру мемлекеттің техникалық, технологиялық, экономикалық, қаржы, әлеуметтік жағдайын жақсартып қана қоймай, сонымен бірге оның әлемдік экономикадағы тұғырын көтеруге де, сыртқы нарықтарға шығып, ондағы өзінің орнын табуға немесе иеленуге де мүмкіндік жасайды деген байламға келуге болады.


Инновациялық инфрақұрылымның экономикалық маңызы елдің экономикалық даму стратегиясын айқындаумен, қосылған құны жоғары өнімдер өндірумен, шағын инновациялық кәсіпкерлікті жандандырумен және басқалармен анықталады [7].

Мемлекеттің инновациялық қызметінің негізгі көрсеткіштерінің бірі «инновация саласындағы белсенділік деңгейі» болып табылады. Осы көрсеткіш республика бойынша, облыстар бөлінісінде,

салалар бойынша кәсіпорындардың инновациялық қызметін зерттеу негізінде жылына бір рет қалыптастырылады [8].


Қазақстан аймақтарының инновациялық белсенділігі әр алуан болып отыр, өйткені ол қолда бар ғылымитехникалық, қаржылық, еңбек ресурстарға және оларды пайдалау мүмкіндіктеріне байланысты. Сондықтан, өңірлердің инновациялық белсенділігі олардың инновациялық әлеуетіне байланысты қалыптасуда және де әртүрлі деңгейді көрсетіп отыр. Қазақстанның инновациялық дамуы – аймақтардағы инновациялық әлеуетке тәуелді болғандықтан, мемлекет аймақтардағы инновациялық әлеуетті көтеру жолдарын іздестіріп, оны тиімді жүзеге асыруды ұйымдастырады [9].

Қазақстан экономикасының дамуы оның аймақтарының қазіргі инновациялық әлеуетіне байланысты. Қазақстан аймақтарының инновациялық белсенділігі де әр алуан болып отыр, өйткені ол қолдабар ғылыми-техникалық, қаржылық, еңбек ресурстарға және оларды пайдалау мүмкіндіктеріне байланысты.



1-сурет. Қазақстан Республикасы аймақтарының инновациялық белсенділік деңгейі, %

1-сурет мәліметтеріне сүйене отырып, еліміздегі аймақтарды инновациялық белсенділігі бойынша үш топқа бөліп қарауға болады:



2-сурет. Қазақстан Республикасы аймақтарының инновациялық әлеуеті және даму деңгейі бойынша топтастырылуы

Аймақтардың өте кең орналасуы, табиғат және шикізат ресурстарының біркелкі бөлінбеуі және де еңбек ресурстарымен қамтылу деңгейінің әрқелкілігі Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық дамуына бірталай кедергі туғызып отыр. Сондықтан да мемлекет индустриалдық – инновациялық саясатты пайдалана отырып, өңіраралық шаруашылық және ғылыми- техникалық байланыстар мен құрылымдарды дамытуға бет бұруда.

Инновациялық инфрақұрылымның институционалдық объектілерінің алғашқылары 2003-2004 жылдары, ал кейбір түрлері тек 2007-2008 жылдары ғана құрылған. Әлемдік тәжірибемен

салыстырып қарасақ, табысты және тұрақты инновациялық модельдер құру үшін кем дегенде 20 жыл уақыт керек. Сондықтан отандық технопарктер мен венчурлық қорлар, конструкторлық бюролар мен коммерцияландыру кеңселері сияқты инновациялық дамыту ұйымдарының болашағы әлі алда. Өткен жылдардың тәжірибесі көрсеткендей, инновациялық бағыттағы экономика құру үшін қажырлы еңбек, үлкен материалдық шығындар, жағымды экономикалық конъюнктура, білікті мамандар мен уақыт ресурсы керек. Ендігі мәселе, осы он жылға жуық уақыт ішіндегі мәліметтерді объективті түрде талдай отырып, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін тиімді шешімдер қабылдау қажет [10].

Бәсекеге қабілетті және инновациялық индустрияны құру жолымен минералды-ресурстық тәуелді экономиканы әртараптандыру арқылы қазақстандықтардың жоғары деңгейдегі сапалы өміріне қол жеткізу пайымы негізделеді:

1) отандық және шетелдік тұтынушылардың өнеркәсіптің өңдеуші салаларының қазақстандық өнімдеріне сұранысының едәуір ұлғаюымен сипатталатын экономиканы тиімді әртараптандыру;

2) өңдеуші өнеркәсіпке инвестициялар тарту есебінен елдің диверсификацияланған экономикасы;

3) бәсекеге қабілетті ғылымды көп қажет ететін жоғары техникалық өнім әзірлеуді және өндіруді қамтамасыз етуге қабілетті тиімді ұлттық инновациялық жүйе;

4) әлемдік стандарттарға сәйкес келетін және өлшем бірлігін қамтамасыз ететін техникалық реттеудің ұлттық жүйесі;

5) келешекті бағалау болжам ресурстарымен Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерттеуін күшейту және жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану;

6) экономика мен халықтың көлік қызметіне қажеттілігін толық қанағаттандыра алатын жоғары технологиялық бәсекеге қабілетті көлік-коммуникация кешені;

7) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында және тұрғын үй-коммуналдық саласындағы мемлекеттік реттеуді жетілдіру, қазіргі заманның жағдайларында құрылыс өнімдерінің сапасын жоғарылату және қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Индустриялық дамытудың инвестициялық қамтамасыз етуі елдің индустриялық-инновациялық дамуына елеулі әсер етеді [11].

Аймақтардың эндогендік даму модельдерінің арасында мынадай модельдер мен тұжырымдамаларды бөліп көрсетуге болады:

- жаһандану моделі, оған сәйкес нақты әлеуметтік-экономикалық кеңістік жаһанданумен өзгертіледі немесе қайта құрылымдалады;

- мәдени плюрализм моделі, аймақ жергілікті және әмбебап өлшемдерде бір мезгілде әрекет ететін модель;

- нақты және абстрактілі әлеуметтік-экономикалық кеңістік арасындағы өзара іс-қимылды ескеретін жергілікті жүйенің моделі;

- термодинамикадан алынған және күрделі жүйенің бір құрылымнан екіншісіне немесе бір тәртіптен екіншісіне өзгеру механизмін түсіндіретін өздігінен ұйымдастырылған кеңістіктің моделі [12].

Аймақтың тиімді дамуы аймақтың иелігіндегі ресурстарды ұтымды пайдалануға негізделеді, олар экономикада ресурстарды пайдалануға қатысты тұтастық санаты тұрғысынан қазіргі технологиялар мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларда іске асырылатын адамдарға материалдық және рухани игіліктер алу үшін кез келген көздер мен алғышарттар түсіндіріледі. Ресурстардың жиынтығы ресурстарды пайдалануға қатысты тұтастық тұрғысынан қарайтын аумақтың әлеуеті болып табылады, бұл Өндіргіш күштерді орналастырудың заңдылықтары мен факторларын, демек, аймақтағы қызмет түрлерінің құрамы мен құрылымын айқындайды [13].

Ресурстарды материалдық, еңбек және табиғи (табиғи) деп бөлу өңірдің табиғи-ресурстық, экономикалық, еңбек, инновациялық әлеуеттері сияқты ұғымдардың окшаулануын білдіреді. Өңірдің даму әлеуеті ұғымы дамудың тиісті факторларын орындау кезінде өңірлер алдына қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету серпінде өңірлік әлеуметтік-экономикалық жүйенің сандық және сапалық анықтайтын осындай интегралды нысанын сипаттайтын ұғымдық аппарат санатын білдіреді [14].

Экономикалық және әлеуметтік даму деңгейін арттыра отырып, кадр ресурстары аймақтық экономикалық дамуда неғұрлым маңызды рөл атқаратын болады. Нарықтық экономика

жағдайында ресурстар ағындарының өңіраралық ауысуы жеңілдесе де, өңірдегі білім беру деңгейі өңірлік дамуға үлкен әсер етеді [15].

Қорытынды. Экономикалық және әлеуметтік даму қорынан қаржыландырудың негізгі бағыттары мен әдістері әзірленді: қайтарымсыз негізде қаржыландыру, пайызсыз және қайтарымды негізде қаржыландыру, өнім берушілер арқылы шаруашылық жүргізуші субъектілерді қаржыландыру, мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық шарттарында бизнес-жобаларды қаржыландыру. Демек, экономикалық даму деңгейінің динамикалық сипаттамалары жүйесі, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың сандық көрсеткіштері және қаржылық нәтижелері арқылы арнайы экономикалық аймақ аймағындағы экономиканы басқарудың тиімділігін анықтайды. Экономикалық дамуын басқарудың бағдарламалық-нысаналы әдісін іс жүзінде енгізуді, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын, қаржыны басқаруды, кәсіпорындарды реформалауды, стратегиялық басқаруды, өңірдің экономикасын басқарудың ұсынылған әдістерінің тиімділігін көрсетті, мұның халық шаруашылығында маңызды мәні бар. Экономиканы тиімді басқару тетігін пайдалана отырып, арнайы экономикалық аймақтар Қазақстанда жүргізіліп жатқан экономикалық реформаның маңызды элементі болып табылатыны және арнайы экономикалық аймақ аймағының ғана емес, жалпы елдің де экономикалық дамуына ықпал ететіндігі анықталды.

К.М. Жумаксанова¹, Б.М. Беккулиева², Д.И. Разакова³

¹Казахский автомобильно-дорожный институт имени Л.Б. Гончарова Алматы, Қазақстан;

^{2,3}Университет Туран, Алматы, Қазақстан

РАЗВИТИЕ ИННОВАЦИОННОГО ПОТЕНЦИАЛА РЕГИОНОВ КАЗАХСТАНА

Анотация. В статье рассматривается комплекс теоретических и практических проблем экономики регионов, связанных с переносом из центра бремени реформ в экономике, обозначены особенности и важность создания основной методики управления экономикой региона, способствующей развитию малого и среднего предпринимательства, позволяющей найти необходимые средства, в частности, привлечь имеющиеся отечественные и иностранные инвестиции для подготовки имеющихся природных ресурсов, развития инфраструктуры, коммуникаций и информации. Перспективные элементы проводимой в Казахстане экономической реформы подробно описаны этапы развития специальных экономических зон и регулирование их методологических проблем и управление экономикой региона, что позволит существующему экономическому потенциалу реализовать региональную политику и развивать долгосрочную стратегию Казахстана. В рыночных условиях определен комплекс мероприятий, направленных на целенаправленное регулирование и управление экономическими и социальными процессами в интересах населения, процесс преобразования научных знаний в инновации и производственную деятельность, модернизацию всесторонней экономической системы. Главной целью стала необходимость усиления роли социальных критериев в развитии экономики, создания экономики, обеспечивающей высокие темпы экономического роста и другие качества. Современная экономика определяет значение концепции как генерального плана стратегии деятельности в реализации реформ, проектов, планов, программ. Разработка концепции экономического управления региона в соответствии с данным определением. Экономическая значимость инновационной инфраструктуры определяется определением стратегии экономического развития страны, производством продукции с высокой добавленной стоимостью, активизацией малого инновационного предпринимательства. Исследование экономических и социальных процессов в регионах, улучшение уровня применения новаторских тенденций в регионах, демонстрация значительной региональной дифференциации по уровню валового внутреннего продукта на душу населения.

Управление экономикой региона изучает экономические и социальные процессы в конкретных регионах. В работе использовались все виды управления экономикой на уровне управления экономикой региона и в процессе изучения мы разделили основные направления управления региональной экономикой на следующие группы: экономико - управление развитием региона (региона), управление малым и средним предпринимательством, управление стратегическим развитием региона, управление финансами, управление предпринимательством в регионе; управление социально-трудовыми ресурсами, управление социальными и демографическими процессами.

Инновационная активность регионов Казахстана разнообразна, так как она зависит от имеющихся научно-технических, финансовых, трудовых ресурсов и возможностей их использования. Поэтому инновационная активность регионов складывается в зависимости от их инновационного потенциала и

показывает различные уровни. Управление развитием осуществляется через программы развития малого и среднего предпринимательства, предусматривающие финансово-кредитную и инвестиционную, производственную и инновационную поддержку малого предпринимательства, соответствующее развитие инфраструктуры его поддержки, защиту, совершенствование нормативно-правовой базы, научно-методическое, ресурсное и кадровое обеспечение.

Современная экономика определяет значение концепции как генерального плана стратегии деятельности в реализации реформ, проектов, планов, программ. Согласно данному определению установлено, что концепция экономического управления региона предусматривает, прежде всего, стратегию деятельности по изменению макроэкономических показателей социально-экономического развития: оценку существующего уровня управления в регионе и выбор наиболее приемлемого вида управления; выбор основных приоритетных направлений управления экономикой; определение целей управления и отбор соответствующих органов управления; определение этапов реализации и эффективности управления. Индустриально – инновационная политика-создание благоприятных условий для предпринимательства для формирования эффективной национальной промышленности и индустрии высоких технологий, конкурентоспособной через государство. В эпоху глобализации, когда конкурентоспособность продукции, товара занимает лидирующие позиции, ключевое значение приобретает инновационная деятельность. Непрерывное продвижение экономики развитых стран осуществляется через постоянную поддержку, поддержку и стимулирование инновационной деятельности.

В заключении изложена значимость стратегии деятельности в реализации реформ, проектов, планов, программ современной экономики и видение достижения качественного уровня жизни казахстанцев путем диверсификации минерально-ресурсно-зависимой экономики путем создания конкурентоспособной и инновационной индустрии.

Ключевые слова: экономическая реформа, стратегия, инфраструктура, развитие малого и среднего предпринимательства, социальная политика, региональная экономика, инновация.

К.М. Zhumaxanova¹, В.М. Bekkuliyeva², D.I. Razakova³

¹Kazakh automobile and road Institute named after L.B. Goncharov, Almaty, Kazakhstan;

^{2,3}Turan University, Almaty, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF INNOVATIVE POTENTIAL OF KAZAKHSTAN REGIONS

Abstract. The article considers a complex of theoretical and practical problems of the regional economy related with the transfer of economic reforms from the center, identifies the features and the importance of creating the basic methodology for managing the regional economy that promotes the development of small and medium-sized businesses, allowing to find the necessary funds, in particular, to attract existing domestic ones and foreign investment for the preparation of available natural resources, infrastructure development, communications and information.

In the article the perspective elements of the economic reform carried out in Kazakhstan describe in detail the stages of development of special economic zones and the regulation of their methodological problems and the management of the region's economy, which will allow the existing economic potential to realize regional policy and develop a long-term strategy for Kazakhstan. In market conditions, a set of measures aimed at purposeful regulation and management of economic and social processes in the interests of the population, the process of converting scientific knowledge into innovation and production activities, and the modernization of the comprehensive economic system has been defined. The main goal was to strengthen the role of social criteria in the development of the economy, creating an economy that provides high rates of economic growth and other qualities. The modern economy defines the meaning of the concept as the master plan of the strategy of activity in the implementation of reforms, projects, plans, programs. Development of the concept of economic management of the region in accordance with this definition. The economic significance of innovation infrastructure is determined by the definition of the country's economic development strategy, the production of products with high added value, and the activation of small innovative businesses. Research of economic and social processes in the regions, improvement of the level of application of innovative trends in the regions, demonstration of significant regional differentiation in terms of gross domestic product per capita.

Regional economic management studies economic and social processes in specific regions. We used all types of economic management at the level of regional economic management and in the process of studying we divided the main directions of regional economic management into the following groups: economic management of regional development (region), management of small and medium – sized enterprises, management of strategic development of the region, financial management, management of entrepreneurship in the region; management of social and labor resources, management of social and demographic processes.

The innovative activity of Kazakhstan's regions is diverse, as it depends on the available scientific and technical, financial, labor resources and opportunities for their use. Therefore, the innovative activity of regions is formed depending on their innovative potential and shows different levels. Development is managed through programs for the development of small and medium-sized businesses that provide financial, credit, investment, production and innovation support for small businesses, appropriate development of infrastructure to support them, protection, improvement of the regulatory framework, scientific and methodological, resource and personnel support.

The modern economy defines the meaning of the concept as the master plan of the strategy of activity in the implementation of reforms, projects, plans, programs. According to this definition, it is determined that the concept of economic management of the region provides, first of all, a strategy for changing the macroeconomic indicators of socio-economic development: an assessment of the existing level of management in the region and the choice of the most acceptable type of management; the choice of the main priority areas of economic management; determination of management goals and selection of appropriate management bodies; determination of implementation stages and management effectiveness.

Industrial and innovation policy-creating favorable conditions for entrepreneurship to form an effective national industry and high-tech industry that is competitive through the state. In the era of globalization, when the competitiveness of products and goods occupies a leading position, innovation is of key importance. Continuous promotion of the economy of developed countries is carried out through constant support, support and promotion of innovation.

In conclusion sets out the significance of strategy in the implementation of reforms, projects, plans and programs of the modern economy and achieve the vision quality level of life of Kazakhstan through diversification of the mineral resource-dependent economy, by creating a competitive and innovative industry.

Using the mechanism of effective economic management, it is established that special economic zones are an important element of the economic reform being carried out in Kazakhstan and contribute to the economic development of not only the region of the special economic zone, but also the country as a whole.

Keywords: economic reform, strategy, infrastructure, development of small and medium enterprises, social policy, regional economy, innovation.

Information about authors:

Zhumaxanova Karlygash Muratovna, Candidate of Science in Economics, associate Professor, Kazakh Automobile and Road Institute named after L.B. Goncharov, kmuratovna2019@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8696-5027>;

Bekkuliyeva Bakhyt, Candidate of Technical Sciences, associate Professor, Turan University, Almaty, Kazakhstan, bekkuliyeva_b@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2628-8300>;

Razakova Dina, Candidate of Science in Economics, associate Professor, Turan University, Almaty, Kazakhstan, d.razakova@turan-edu.kz; <https://orcid.org/0000-0003-2595-8971>

ӘДЕБЕТ

- [1] Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазандағы жолдау.
- [2] М.С. Садырова, Қ.Е. Юсупов., Индустриялық-инновация, ҚазҰУ Хабаршысы, Алматы, 2013 жыл.
- [3] Туленбаев А.К. Инновация в науке Казахстан – Деловой мир Казахстана, 2008 г.
- [4] <https://turkystan.kz/article/44637-arnaju-ekonomikaly-ajma-tardy-leueti> сілтемесі.
- [5] Ким Ирина Леонидовна, Управление экономикой региона Казахстана, Москва 1999 г.
- [6] Артур У.Б. Теория сложности в экономической науке: иные основы экономического мышления // *Terra economicus*. – 2015. – №2.
- [7] Иембердиев Қ. Қазақстанның жарып шығатын жобалары // *Ақжол*, 2012 жыл, 15 желтоқсан.
- [8] Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі комитетінің ресми сайты <http://www.stat.gov.kz>
- [9] Статистический сборник «Регионы Казахстана в 2015 году». – Астана, 2016. – 400 с.
- [10] Ө.Қ. Шеденов, А.М. Елтай., Қазақстан республикасы аймақтарының инновациялық қызметінің мәселелері және оны жетілдіру жолдары, ҚазККА Хабаршысы № 1 (104), 2018ж.
- [11] Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2017 – 2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары.
- [12] Рожков Ю. В. Чёрная И. П. Новая парадигма конкуренции регионов // *Современная конкуренция*. – 2009. – № 3.
- [13] Иншаков О. В. «Ядро развития» в контексте новой теории факторов производства // *Экономическая наука современной России*. – 2003. – № 1. – С. 11-26.
- [14] Казаченко Л.Д. Регион как социально-экономическая система // *Вестник Забайкальского государственного университета*. – 2014. – № 1.
- [15] Liping Fu1,2, Jun Tu1, Zuting Zheng1Green University: the Important Influencing Factor of Regional Development http://www.regionalstudies.org/uploads/Liping_Fu1,2.pdf.
- [16] Abzhalelova S.R., Zhumaxanova K.M., Abdrakhmanova A.Zh. (2019) Management system of innovative activity development in the Republic of Kazakhstan. *News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social Sciences and Humanities*. ISSN 2224-5294,5(327) september-october. <https://orcid.org/0000-0002-8696-5027>

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

<https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.84>

Volume 3, Number 331 (2020), 201 – 209

ӨОЖ 338.26

М.Д. Исқалиев, Н.А. Кудайбергенов

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: Iskaliyev80@mail.ru kanur1312@mail.ru**ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ**

Аннотация. Бұл мақалада егеменді елімізді одан әрі дамытудың, биік табыстарға жеткізудің стратегиялық жоспары баяндалған. Бұл стратегиялық жоспарға сәйкес, әлеуметтік саланы жаңғырту арқылы экономикалық дамуға серпін беру көзделген. Басты мақсат – халқымыздың әл-ауқатын көтеру, бәсекелестікті күшейту мен экономикалық өсудің тұрақты қарқынын қамтамасыз ету. Ол үшін, ең алдымен, шикізатқа бағдарланған менталитеттен бас тартып, нақтылы экономикаға бағыт ұстап, экономиканы әртараптандыру және цифрландыру бойынша ауқымды міндеттерді жүзеге асыру қажет. Сонымен қатар, қазіргі кезде елімізде жалпы ішкі өнімнің 27 %-ын ғана құрайтын кәсіпкерлікті дамытудың ұйымдық-экономикалық, қаржылық, құқықтық негіздерін әрі қарай жетілдіру шаралары қарастырылған. Оның ішінде өнімділігі жоғары бизнеске қолдау көрсету, микробизнесті дамытудың маңыздылығына аса назар аударылған. Авторлар Қазақстан экономикасын әртараптандырудың маңыздылығы мен негізгі бағыттарын қарастырады.

Қазақстан әлемдік экономикаға терең еніп келеді. Ондағы динамикалық өзгерістер Қазақстанға да әсер етеді. Еліміз әлемдік экономиканың құбылыстарын мұқият қадағалап, уақытылы қажетті түзетулер енгізуі керек.

Әлемдегі ешбір ел экономикалық күйзелістер мен қаржылық күйзелістерге төтеп бере алмайды. Ең бастысы – бұл жағымсыз процестерден оңтайлы шығу, жинақталғанды жоғалтпау, қол жеткенді сақтау, ұлттық экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету, тиісті қорытындылар жасау және экономикалық өсуді қалпына келтіру.

Авторлар ауыл шаруашылығы өндірісін кешенді дамытудың қазіргі жайы мен негізгі проблемалары және оларды шешу жолдарына талдау жасайды. Индустрияландыру мен технологияларды енгізудің басым бағыты – инновацияны өндірісте пайдалану арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттыру. Бұл бағытта ғылым мен білімді мемлекет тарапынан белсенді қолдау қажет екендігі анық. Осы орайда кейбір мемлекеттердің тәжірибесі келтірілген.

Ел экономикасын дамыту мен жаңғырту және халықтың әлеуметтік проблемаларын шешумен байланысты, авторлар Ұлттық банктің орны мен жауапкершілігін көтеру, негізгі капиталға салынатын инвестицияның үлесін арттыру, сыртқы қарызды төмендету бойынша жұмыстарды әрі қарай жетілдіру үшін шараларды жүзеге асыру қажет деп есептейді.

Қорыта келе, авторлар Қазақстан Президентінің алғашқы Жолдауы – мемлекет дамуының Қазақстандық моделін одан әрі нығайтуға, әлеуметтік саланы толық қамтыған, жұртшылық сауалына жауап беретін саяси, әлеуметтік-экономикалық, стратегиялық дамуымызға жол салған жоба деп есептейді.

Түйін сөздер: табыс, тұрғын үй, шағын және орта бизнес, ауыл шаруашылығы, өңірлер, білім, ғылым, инновация, қаржы-несие, бәсеке, инвестиция, цифрландыру, әртараптандыру.

Кіріспе. Қазақстан Президенті Қасымжомарт Тоқаевтың халыққа арнап отырған алғашқы Жолдауы [1] – егемен елімізді одан әрі дамытудың, биік табыстарға жеткізудің стратегиялық жоспары. Онда, ең алдымен, әлеуметтік саланың барлық бағытын қолдаудың маңызды міндеттері, әсіресе, отбасы, тұрғын үй, шағын және орта бизнес, еңбекақы, жастар, ауыл шаруашылығы, жалпы елдің әлеуметтік-экономикалық жүйесін жаңғыртудың жолдары нақтылы көрсетілген. Ең бастысы – олардың орындалуы қажетті реформалар мен қамтылғаны және әрдайым Президент тарапынан қатаң бақылауда болатыны. Бұл жолдаудың үлкен ерекшелігінің бірі – әлеуметтік

жаңғыртумен қатар, экономикалық дамуға да серпін беруінде. Онда халқымыздың әл-ауқатын көтерудің, бәсекелестікті күшейту мен экономикалық өсудің тұрақты қарқынын қолдаудың жолдары көрсетілген.

Осыдан 28 жыл бұрын халқымыз өзінің Тәуелсіздігін жариялап [2], бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманын орындағанын әлем халқы біледі. Еліміздің осы жылдардағы даму жолын әлем мойындап, Қазақстандық даму моделі атанды. Өйткені Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, дамудың дара жолымен жүріп келеді. Қазақстан Республикасы осы уақыт аралығында саясат пен экономикада, «саясат дегеніміз экономиканың қосарланған (шоғырланған) көрінісі» деген стратегия аясында жетістіктерге жетті.

Зерттеу әдістері. Мақаланы жазуда авторлар отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен мақалаларына, әртүрлі деңгейдегі ресми ұйымдардың есептері, университеттің ресми сайты, БАҚ-та жарияланған материалдарға сүйенді.

Нәтижелер мен талқылаулар. Қазақстан Республикасында қолданылып отырған ұстанымды, ұтымды саясат нәтижесінде, Қазақстан экономикасы жаһандық сипаттағы қиындықтарға қарамастан, алға ілгерілеп келеді. Жыл басынан бері оның өсімі орташа әлемдік көрсеткіштен жоғары болғаны – осының дәлелі. Қажетті деген құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыратын жағдайда, 2025 жылға қарай ішкі жалпы өндірістің жыл сайынғы тұрақты өсімін 5 пайызға және одан да жоғары деңгейге жеткізу мүмкіндігі болады. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы Ұлт жоспарына сәйкес бірқатар құрылымдық саясатты жүзеге асырудың келелі міндеттемелері тұр [3]. Ол үшін, ең алдымен, шикізатқа бағдарланған менталитеттен бас тартып, нақтылы экономикаға бағыт ұстап, экономиканы әртараптандырудың ауқымды міндеттері көзделген. Атап айтқанда, «білім экономикасы», еңбек өнімділігін арттыру, инновацияны дамыту, т.б. Президент Қ. Тоқаев индустриаландырудың үшінші бесжылдықты жүзеге асыру барысында бұрын жіберілген қателіктер мен олқылықтарға ерекше тоқталды. Атап айтқанда, жемқорлықпен күрес, бөлінген күрделі қаржының игерілмеуі (өткен жылы 800 млрд. теңге), кейбір әлеуметтік бағдарламалардың ауытқуы (жұмыспен қамту, әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған жанұяларға байланысты және өңірлік проблемалар т.с.с.).

Жолдауда шағын, әсіресе, микробизнестің еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқаратыны ерекше көрсетілген. Бұл бағытта, ең алдымен, ауыл тұрғындарының тұрақты жұмыспен қамтылуы, нәтижесінде жұмыссыздардың азаятыны белгілі. Сондай-ақ жаппай кәсіпкерлікті дамытудың санаға сіңген патерналистік пиғыл мен масылдықтан арылуға мүмкіндік беретіні баса айтылды. Сондықтан проблеманың маңыздылығын ескере отырып, мемлекет алдағы уақытта да бизнеске қолдау көрсетіп, бұл мақсатқа Ұлттық қордан 100 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінетін болды. Экономика ілімінің тарихынан белгілі болғандай, өндірістің үш факторына (еңбек, капитал, жер) енді төртінші факторын кәсіпкерлікті қосуға болатын шығар. Қазақстан Президенті Қ. Тоқаев атап өткендей, «біз жоғары кәсіпкерлікті бүкіл қоғам болып қолдауымыз керек», өйткені шағын және орта бизнес экономикамыздың қозғаушы күшіне айналып, бүгінде еліміздің жалпы ішкі өнімінің 27 %-ын беретін дәрежеге жетті. Ал экономикасы дамыған елдерде бұл көрсеткіш 50-70 % дәрежесінде, «Қазақстан – 2050» Стратегиясына сай, ҚР-да бұл көрсеткішті 50 %-ға жеткізу көзделеді. Оған мемлекет тарапынан ұйымдық-экономикалық, қаржылық, құқықтық негіздер қаланып келеді. Президент Үкіметке мемлекеттік индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы аясында өнімділігі жоғары бизнеске қолдау көрсетудің кешенді шараларын әзірлеуді тапсырды. Соның ішінде салықтық, қаржылық, әлеуметтік ынталандыру мәселелерін көздеуді қадап айтты. Мемлекет жекеменшік әріптестік тетіктерді жетілдіруге ерекше мән береді. Сондай-ақ үкіметке микро және шағын бизнес саласындағы компанияларды табысқа салынатын салықтан үш жылға босату үшін заңнамалық база әзірленіп, заңнамаға енгізетін тиісті түзетулер 2020 жылдан бастап күшіне енетін болады. Міне, осындай заңнамалық күші бар ұйымдық-экономикалық, әріптестік шаралар кәсіпкерліктің қарқынды әрі тиімді дамуына серпін беретін болады. Тек осындай жағдайда бизнес адал әрі заңға сәйкес жүргізіліп, тиімділікке қол жеткізетін болады. «Бизнестің жаңа жол картасы» аясында осы мақсатқа сәйкес, алдағы үш жыл ішінде қосымша 250 млрд. теңге бөліну жоспарланады. Үкімет тарапынан микро және шағын бизнесті қолдаудың нақтылы шаралары деп осыларды айтуға болады.

Ілгеріде атап өткеніміздей, тәуелсіздік алған жылдарда Қазақстанның жалпы ішкі өнім көлемі (ЖІӨ) 1993 жылғы 11 млрд. доллардан 2018 жылы 170,5 млрд долларға дейін өсті. Қазақстанның халықаралық қоры 86 млрд. долларды құрап отыр және 300 млрд. доллар көлемінде тікелей шетелдік инвестиция тартылды.

Дүниежүзілік банктің (ДБ) «Бизнесті жүргізу (Введение бизнеса)» рейтингінде еліміз әлем бойынша 28-орынға ие болып отыр. Цифрландыру мен өнеркәсіпті технологиялық жарактандыру жұмыстары белсенді жүріп жатыр.

Жаһандық технологиялық өзгерістер, 2014-2016 жылдардағы әлемдік шикізат нарығында бағаның құлдырауы, жалпы жаһандық тұрақсыздықтың өсуі жаңа экономикалық ахуалға көшуді алға тартып отыр. Жалпы әлем төртінші индустриалды революцияны бастан кешіп отыр. Ал жаңа технологиялық революцияның негізі – экономиканы цифрлық жүйеге көшіруде жатыр. Осындай стратегиялық маңыздылығы, тиімділігі зор міндеттерді шешу мақсатымен 2017 жылдың желтоқсан айында ҚР үкіметі экономиканы технологиялық жаңарту мен әртараптандырудың «Цифрлы Қазақстан» атты мемлекеттік бағдарламасын бекітті (2018-2022 жылдарға арналған). Эксперттердің бағалауынша тиімділік көрсеткіші нақтылы негізделген. Атап айтқанда, цифрландыру өнімдерді жүзеге асыру тиімділігі ЖІӨ-нің (жалпы ішкі өнім) 30 %-дық өсімін қамтамасыз ететін болады. Осыдан басқа, 2018-2022 жылдарда бағдарлама негізінде 200 мың жаңа жұмыс орындарын ашу көзделеді.

Алдын ала есептеулерге қарағанда, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының тікелей тиімділігі 2025 жылға қарай 1,7-2,2 трлн. теңгенің қосымша құнын жасап, инвестиция қайтарымдылығын 4,8-6,4 есеге арттыратын болады (жеке инвестицияны ескеріп, жалпы инвестиция көлеміне шаққанда).

2021 жылға 19970 шақырым талшықты-оптикалық байланыс желілерін орнатып, 1249 елдімекенді жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Төртінші өнеркәсіптік революция шеңберінде «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының таяу жылдардағы көрінісі осындай [4].

Қалыптасқан осы жағдайларды еске ала отырып, алдағы жылдарда еліміздің бірнеше өнеркәсіптік кәсіпорындарына цифрландыру жөніндегі пилоттық жобаны іске асырып, инновациялық шешімдерді әзірлеушілердің өз эко жүйесін дамытып, бұл тәжірибені кеңінен таратуды міндеттеп отыр. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасына [5] сәйкес, цифрландыруды енгізу өндіруші өнеркәсіпте өнімнің өзіндік құнын төмендетіп, өндіріс көлемін ұлғайтуға қол жеткізеді. Осы жобаны жүзеге асыру есебінен тек кеден және салық жүйесінде мемлекет қазынасына 100 млрд. теңге көлемінде қаржы түседі деп күтіледі. Өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері елімізде толыққанды машина өндірісін қарқынды дамыту, сөйтіп экономиканы мұнайға тәуелділігін төмендетіп дамытудың жаңа жолына бет алатын болады. Оған мынаны айтудың өзі де жеткілікті: соңғы бес жылдықта бұл саладағы кәсіпорындар қатары біраз көбейді. Индустриаландыру картасы шеңберінде жүзден аса жоба іске асырылды. Мемлекеттің қолдауымен түпкі өнім шығаратын өндіріс жолға қойылды. Атап айтқанда, мобильді бұрғылау кешендері, электровоздар, жүк және адам тасымалдайтын вагондар, жеңіл және жүк машиналары, тікұшақтар шығаруға қол жетті. Тұтастай алғанда, машина өнеркәсібі өнімдерінің өңдеуші өнеркәсіптегі үлесі 10 %-ға жетті. Нәтижесінде Қазақстанның машина өндірісі өнімдерін Ресей, Қытай, ТМД мемлекеттеріне экспорттау мүмкіндігін берді.

Талдаулар көрсеткендей, бастамалар мен бағдарламалардың көп бағыттылығына қарамастан, инновациялық салада қарқынды даму байқалмай отыр. Цифрларға жүгінер болсақ, Қазақстанда тіркелген 31077 кәсіпорынның 1743-інде ғана (5,6 %) өнімдік инновация бар. Салыстырар болсақ, АҚШ-та инновацияны белсенді қолданатын кәсіпорындардың үлесі – 50 %, Венгрияда – 47 %, Эстонияда – 36 % [4]. Нақтылап айтқанда, «ақылды технологиялар» – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту, ал ол бұл салада еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға және өңделген өнімнің экспортын ұлғайтуға бағытталатын болады. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап, 2 мыңнан астам адам тұратын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар мен ауылдық округтерде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті мен коммуналды меншігін енгізу заң жүзінде белгіленген. Бұл – үлкен прогресс, селолық елдімекендер мен оның тұрғындарына деген зор қамқорлық. Жаңа дәуірдің

әлеуметтік-экономикалық прогресі осыдан көрінеді. Алайда осы салада өзекті проблемалар жеткілікті. Сонымен, төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктерінің бірі – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту болып отыр. Өйткені Қазақстанда өндірілген ауылшаруашылық өнімдерінің 80 %-ы өңделмей, шикізат күйінде сатылады. Осыдан да импорт бойынша мал өнімдерінің үлесі (ірімшіктің) – 51 %, шұжық өнімдері – 46 %, ет және ет консервілері – 40 %, сары май – 36,1 %. Егіс өнімдері бойынша ішкі нарық сыртқа тәуелді, мәселен қант – 42 %. Осыған қарамастан қант зауыттарының жұмыс бастылығы (загруженность) – 37,4 %. Ал жеміс-жидек өнімдері бойынша импорт үлесі – 84 %, «Алматы – алманың отаны», – деп мақтансақ та, жыл сайын 150 мың тонна алманы сырттан аламыз, картоп өнімдері бойынша да жағдай осылай.

Шын мәнінде ауыл шаруашылығы өндірісін кешенді дамытуға бөлінетін қаражат көлемі жылдан-жылға өсіп, осы жылдары 4 трлн. теңгеге жетті. Осыған қарамастан, ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикадағы үлесі 2018 жылы – 5 % жетпейді, еңбек өнімділігі озық елдермен салыстырғанда 15-17 есе төмен. Ақиқатында Қазақстанның табиғи факторлары (жер көлемі, егістік жер көлемі, мал басының саны), бөлінген инвестиция көлемі мен адами факторды ескерер болсақ, «Қазақстанда жасалған» азық-түлік брендин қалыптастырып, ілгерілеуге зор мүмкіндік береді [6].

2017-2021 жылдарға белгіленген АӨК дамыту бағдарламасы шеңберінде аграрлық өңдеу картасы бекітілді. Тұңғыш рет Тәуелсіздік жылдарында еліміздегі жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу кәсіпорындарына тексеру жүргізіліп, осындай өңдеу картасын жасауға қол жетті. Нәтижесінде 1300 өндіруші кәсіпорын базасы айқындалды. Өңдеу картасы арқылы біріншіден, жұмыс істеп тұрған 435 кәсіпорынның өндірістік қуаттылығын көтеру; екіншіден, жұмыс істеп тұрған 80 кәсіпорынды жаңарту, модернизациялау; үшіншіден, жаңадан 79 кәсіпорынды ұйымдастыру көзделіп отыр. Осы ұйымдық-экономикалық, инновациялық бағыттағы шараларды жүзеге асыру еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтып, 2021 жылға қарай импорттың үлесін 31,6 %-дан 25,1 %-ға дейін төмендету мүмкіндігін береді.


Ақиқатында мемлекет тарапынан қамқорлық жетерлік, әсіресе, қаржыға байланысты. Тек соңғы жылдары индустриаландырумен инновацияға 3,7 трлн. теңге жұмсалғаны да осыны айқындайды. Биылғы жолдау талаптарына сай, мемлекеттік бюджеттің көлемі, құрылымы, бөлінуі, кірісі мен шығыстарының бақылануы, реттелу амалдары жүргізілуі қажет. Өйткені бұл мәселелерді нарық өздігінен шеше алмайды. Бұл – нарық қатынасының ең әлсіз тұсы.

Халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, оны қаржыландырудың негізгі көзі – мемлекеттік бюджет екені белгілі. Ал осы бюджеттің құрылымы, қалыптасуы – өте күрделі мәселе. Өйткені соңғы жылдары бюджет тапшылығы тұрақты түрде көрініс тауып келеді. Оның объективті және субъективті себептері бар. Мемлекеттік бюджеттің кірісі мен шығысындағы мәселелерге қарамастан, жалпы экономиканы дамытудағы рөлі де күрделенуде. Өйткені екінші дәрежелі банктер өндірісті емес, тұтынуды несиелеп келеді. Мысалы, 2019 жылдың бюджетінде тұрғын үй коммуналдық шаруашылықты, энергетика, транспорт, өнеркәсіп және басқа да инфрақұрылымды қаржыландыруға 1,4 трлн теңге, оған қоса 335 млрд теңге көлемінде бюджеттік несие қарастырылған. Ал енді еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үш арнаулы қорлардың үлесі қандай екен? Олар қатысу тұрмақ, бюджет есебінен бизнеске 330 млрд теңгені алып отыр. Осы бір деректен шығар қорытынды: бюджеттің құрылымын (кірісі мен шығысы), оның Ұлттық банкпен, Ұлттық қормен, Ұлттық біртұтас зейнетақы қорымен арақатынастарын тиімділік тұрғысынан реттеуді қажет етеді.

